

Жұмабай ЕСЕКЕЕВ

ҒИБРАТ





Жұмабай ЕСЕКЕЕВ

ҒИБРАТ

(Деректі әңгімелер, эсселер, очерктер, жолжазбалар)

Көкшетау - 2012



«Ғибрат» атты бұл кітабымды шығаруға қаржылай көмек көрсетіп, демеушілік жасаған ішкі істер органдарының еңбек ардагері, ұлттық рухани, мәдени мұралар мен құндылықтарды қастерлеуші, көркем сөз бен өлең жырларды қадірлеуші, қазақ баспа-сөзінің қамқоршысы, зерделі де қайырымы мол мәрт азамат Сапар Жылқайдарұлы Оспановқа шексіз алғысымды білдіремін.

Автор.



АЛҒЫСӨЗ

Бірде Салеке, өнер адамдары жайлы әр жылдары жазған жазбаларымды жинақтап, шағын кітап етіп шығаруды ниет етіп жүрмін, соған қатардағы қарапайым оқырман ретінде пікір білдіріп, кітабымның бетін ашып берсеңіз екен деп көкшетаулық ақын-жыршы, журналист, жазушы Жұмабай Есекеев қолқа салғанда қуанып қалдым. Мұны мен сөз өнерін, рухани азық болатын әдеби мұраларды қастерлеп, қадірлейтініме, кітап, газет-журналдарды қалдырмай оқитындығыма, әділ де шынайы пікір білдіріп жүретіндігіме берілген баға мен көрсетілген сенім деп ұқтым да келістім. Енді оқырмандармен бөлісер сол ойларымды қысқа-қысқа қайырайын.

Қаламгерлік, шығармашылық жолда өзім ертеден білетін Жұмабай Қабділмәжитұлы Есекеев қазақ баспасөзінде жарты ғасырға жуық еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған талант иесі. Ол әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеген жазушы-журналист, жазба ақын, айтыскер ақын, әнші-жыршы ретінде де кең танылған. Жүмекең Мағжан, Сәкен, Ілияс сияқты ұлт ақындарының классикалық жыр-поэмаларын, Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай мұраларын жатқа айтатын әрі ірі өнер тұлғаларының өмірі мен шығармашылығын зерттеп, жазып жүрген әдебиетіміз бен мәдениетіміздің үлкен жанашыры десек қателеспейміз. Оның 2000 жылы жарық көрген «Айыртау арыстары» атты прозалық және «Кеудемнің көкала үйрегі» деген жыр кітаптары соның дәлеліндей.

Көкшетау, Қызылжар, Ақмола өңірлеріне белгілі қаламгер, айтыскер ақын, жыршы Жұмабай Есекеевтің алғашқы прозалық кітабы «Айыртау арыстарын» қалың оқырманның жылы қабылдағанын білетінбіз. Ол Көкше өңірінен, оның ішінде атақты Айыртаудан шыққан сал-серілер мен танымал өнер тұлғаларының, ақын-әншілердің өмірі мен шығармашылықтарын зерттеуге арналған құнды еңбек болатын.

Енді міне, оқушы қолына тиген «Ғибрат» атты екінші прозалық кітабы бізді тағы да қуанышқа бөлеп отыр. Жанрлық жағынан

да, тақырыптық болмысы жағынан да кітап автордың прозалық алғашқы жинағының жалғасы іспетті. «Гибратта» да өнерлерімен өрге шыққан ақын-сазгерлердің, әншілердің, айтыскерлердің, есімдері еңбекпен елге танылған ерлердің онеге боларлық өмір жолдары мен шығармашылық қырлары көркем әдеби тілмен жан-жақты баяндалады. «Гибратқа» топтастырылған деректі әңгімелер мен эсселер, новеллалар мен естеліктер, очерктер және жолжазбалар көш кейін қалған жылдардан, қилы-қилы тарихи кезеңдерден сыр ақтарады. Әсіресе, өнер адамдары, ақын-сазгерлер, айтыс ақындары жайлы жазылған деректі әңгімелер мен эсселер, естеліктер құнды-құнды деректермен қисынды өріліп, тарихи кезеңдік оқиғалармен байланыстырылып, қызықтыра оқылады.

Бұл кітаптың құмарта оқылуына себеп болатын екі ерекшелікті ескерте кетер едім. Біріншісі – баяндалып отырған кейіпкерлердің бәрі де тағымал өнер тұлғалары, белгілі еңбек адамдары. Екіншісі – бұлардың барлығын (Біржан сал мен Үкілі Ыбырай, М.Кәшімовтен басқасын) автордың көзбен көріп, жақын араласып, дидарласып, әңгімелесуі дер едік. Олай дейтінім, Жүмекең көпті көрген, көне көздердің көп сөздерін естіп, әңгіме-өсиеттерін, өлең-жырларын тыңдап қалған сыралғы қаламгерлер қатарынан. Әрі сол естіп-білгендерін жадына барынша сақтап, көкірегіне құйып алатын құйма құлақ, оларды ұмыттырмай айта жүретін ұлағатты ұғымтал жаңдар санатында.

Қазақта әлмисақтан келе жатқан «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көргендер өлмесін» деген астарлы сөз тіркесі бар. Бұл нақылдың мәні мынада. Көнелердің көзіндей болған, ақыллы мен парасаты мол, зиялы жақсыларымыздың қасында жүріп, олардан естіген-білгендерін, асыл сөздерін зердесіне құя білген, сондықтан, ел мен жер тарихын, өнер өрісін, өлең-жыр сарқытын сақтай білген адамдарымыздың амандығын тілеуден туған гибратты ұғымға еріксіз мойынұсынасың.

Кешегі жақсылардың жалғасы үзілмесін, алтындардың сыңығын тот баснасын деу сондықтан болар. Өткен мен бүгінгінің арасын қосуға ниет еткен кітап идеясы осыған сайса керек.

Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық демей ме. Қолдарыңыздағы «Ғибрат» кітабының маңыздылығы мен құндылығы сонда – қазіргі оқырман мен болашақ ұрпақ өздері көрмеген әйгілі өнер тұлғалары, есімдері мәшһүр болған еңбек аламдары, әйгілі әнші-сазгерлерді олардың көздерін көрген автордың әңгімелеуі арқылы танып бледі, өздері көргендей сезімге бөленеді, ләззат алады. Көріп жазу мен көрмей жазудың жер мен көктей айырмашылығы міне, осындай дәйекті де деректі әңгімелер, зерделі зерттеулер, нанымды тарихи мысалдар арқылы айқындала түспек.

Оқырман назарын «Ғибрат» кітабындағы «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері!», «Әр жерде қияқ тілі қылпылдаған», «Өркениеттің өр пыңы», «Арман жоқ Алаш үшін болсам қаза...» деп аталатын тарихи деректі әңгімелер ерекше аударары сөзсіз. Бұлардың бірінде әйгілі Біржан – Сара айтысының басталу хикаясы баяндалса, енді бірінде әнші-сазгер, ақын Үкілі Ыбырайдың беймәлім өмірі мен өлең деректері, соңғы әнінің мәтіні жария етіледі. Ал, Шоқан жайлы, Әлихан, Міржақып, Ахметтермен бірге жүріп, Алаш идеясы үшін белсене күрескен жерлесіміз, ақын, этнограф, тұңғыш журналист, ағартушы-демократ Мұхаметсәлім Әбдірахманұлы Кәшімов туралы тарихи деректерді тебіренбей оқу мүмкін емес.

Әрине, кітаптағы Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеев, ақындар Ахметжан Нұртазин, Еркеш Ибраһим, көрнекті композитор Шәмші Қалдаяқов, жазушы, айтыскер ақын, манасшы Баянғали Әлімжанов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Шолпан Дүкенбаева жайлы ғибратты сырлар кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Еңбек адамдары туралы көркем очерктер мен Түркістан сапарынан туған жолжазбалар да көңілден шығып, оқушыны өзіне тартары даусыз.

Қашанда сөз қадірі айшықты көркімен, әсерімен, ішкі иірім, мән-мағынасының кендігімен арта түседі. Бұл қасиеттерді тілі шұрайлы, оқуға жеңіл, қарапайым жазылған «Ғибрат» кітабынан айқын аңғарасыз. Тілге ұқыпты, тиянақты, аса сақ қарайтын қаламгер көркемдік ойға нұқсан келтірмеуді назарда ұстайтындай.

Міне, осынау кітап қаржы тапшылығынан екі жылға жуық уақыт бойы баспадан шықпады. Автордың ойға да, қырға да шапқылап, демеушілер іздегенін көріп те біліп те жүрдім. Ақыры халыққа қажетті рухани азық болатын әдеби мұраны өз оқырмандарына жеткізуге ат салысуға тура келді. Мұны ұлттық әдеби мұраға, ортақ қазына мен құндылыққа қосқан жеке үлесім, азаматтық паразым деп есептеймін. Сөйтіп, бұл кітап баспадан шығып, өз оқырмандарына жол тартты.

Сапар Жылқайдарұлы ОСПАНОВ,
зейнеткер,
ішкі істер органдарының бұрынғы қызметкері,
ұлттық өнер мен әдебиеттің жанашыры.

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері...

*Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.
Кісіге өзім деген бас имеймін,
Өзім әнші, өзім сал кімге зармын...*

Біржан.

*Қызы едім Тастамбектің атым Сара,
Бәйгеден күнде келген жалғыз қара.
Қолыма он үшімде домбыра алып,
Келемін бір сүрінбей жеке дара...*

Сара.

Орда бұзар отыздың ортасынан асып, үш мүшеліге келіп қалған Біржанның сал атанып, серілік құрғанына, ән шырқап, ауыл-аймақ арасындағы, ат тұяғы жетер жерлердегі етене таныс, бейтаныс ақындармен сөз қағыстырып, ой жарыстырып айтысқа түсіп, өз жанынан әдемі әндер шығара бастағанына біраз жылдар болып қалған. Бойы сырықтай, дембелше, ақсұба өңді, қалың қара қасты, қою мұртты, дөңгелек бет, жылы жүзді, нұры от нашып тұратын өткір көзді, ән айтуға жаралғандай иек астынан сәл шығыңқы, көріктей салбыр бұғақты, сұлу мүсінді, жайсаң мінезді жігіт ағасының бұл кезде асқақ үнін, қырық құбылта шырқайтын әсем әндерін Арқа атырабында естімегендер кемдекем. Қоңыр қаздай аспанда қалқитын Біржан дауысы аққу сұңқылына қосылып, Қожағұл бұлағының басынан да, Жөкей көлінің жанабынан да әрі өрлеп, алты қырдың басынан асып жатты. Бурабай баурайынан шалқып шыққан сұлу әндер Көкшетау биігіне байыздамай, Арқа белдерінен аттап, әрісі Алағау, Алтай, Атырау асып, Жетісу жеріне де жеткен. Өзі де домбыра тартып, ән салып, естігенін үйреніп, өз жанынан өлең, ән шығаруға, оларын жұрт жүрегіне жеткізуге, тәңірім берген

табиғи талантымен дарынын ұптап, жетілдіре беруге машықтанып қалған кезі еді. Ол Арқаның ғана емес, Сібір Татар, Башқұрт, Қарақалпақ, Қырғыз елдеріне де ат ізін салып, талайды өлеңімен, айтулы өнерімен саусындатты. Бертіс әулетінің ішінде халқынан Біржандай бедел жинағаны болған емес.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының орта тұсында осылайша ел қыдырып, сауық-сайранмен ән шырқап, ел көңілін көтеріп жүрген Біржан өміріне ойда жоқта кілт өзгеріс әкелген мынадай бір оқиғалар болды.

Көкорай шалғын толысып, жердің мәйегі шығып, көк-жасыл реңі құлпырып, көз жауын алған жаздың орта тұсы болатын. Біржан осынның алдында ғана Қырғыз еліне барып, қыдырып оралған-ды. Ағалары Ержан мен Нұржан қажылыққа барған сапарында қырғыздың Шабдан атты манабымен достасып қайтқан екен. Ержан қажы сол жолы Мұхаметжан деген ұлына Шабдан манаптың қызын айттырып келген-ді. Кейін екі жақ құда түсіп, Мұхаметжан қырғыз қызына үйленеді. Сол құдалары атышулы Біржан салды қонақ болып қайтуға шақырады. Біржан бір топ нөкерлерімен қырғыз елінде аптадан аса мейман боп, өнерін тамашалатып, көп мал, мол сыйлық алып қайтқан. Сол сапардың ыстық-суығы, әсері басымай жатып әлгі содырлы іс ен даланы еркін аралап жүрген Біржанның тауын шағып, көңіл-күйіне күрсініс пен қапа салған еді. Әнімен сауық-сайран құрып, ел аралап, абырой арқалап жүрген әнші-ақын жүрегіне бұл шөмен-шер зорлық пен қорлыққа, асып бара жатқанға ор қазатын, тасып бара жатқанға тор құратын құйтырқы заманға қарсы айтылған семсердей тіліп түсер ақын сөздеріне байланысты шегеленген-ді.

Бурабай мен Жөкей көлі төңірегіндегі Ақсары болыстың ел-жұрты Көкшетау приказына келген Омбы генерал-губернаторын күтіп аламыз деп дүрліккені қашан. Жоңышқасы ұйысқан, бетегесі белуардан келетін кең жазыққа сәнді бұйымдармен, қалы кілем, әшекейлі жиһаз, түрлі ою-өрнектермен безендірілген ақ шаңқан киіз үйлер шоғыр-шоғыр орналасты. Қадірлі меймандарды күтуге әзірлік барынша ұқыпты жасалған. Ақсары

болысы Жанбота мен Қоңырқожаның Азнабай болысы да қатарласа, тақаса келіп үйлерін тіккен. Бұлардың меймандарды күтіп алатын сегіз қанат киіз үйлерінің жасаулары көз жауын шандай бірінен-бірі асқан. Сәнді киінген қыз-келіншектер, жігіт-желендер әдәмі әзіл-қалжың жарыстырып, бір-бірімен ойнап-күліседі. Әншілер мен күйшілер де жиналған. Әрине, мұндай жиын тойлардың, мерекелі, салтанатты рәуіштердің, құрметті меймандар қабылдаудың қызықтары Біржан салсыз өткен бе. Міне, ол екі күн бойы Жанбота болыстың бас ордасын асқақ әнге бөлеп, бұл манды көңілді сауыққа айналдырып жіберген. Аса зор асқақ дауыстан Жанбота киіз үйінің түндігі желкілдеп, уығы шайқалып, керегесі керіле түскендей. Бұл жайды қанаттаса қонған Азнабай болыс көре алмай «ұлықтың менен гөрі Жанботаға көңілі ауыш, оның мерейі үстем боп кетеді-ау» деген ойдан ішінде қыжыл пайда бола кетті. Содан өзінің поштабайын жұмсап, Жанбота үйінде ән салып отырған Біржанды өз жағына қарағып алудың қамына кіріседі. «Сыйақыны Азнабай көп береді, біздің үйде отырып ән сал» деген поштабай уәжіне Біржан болса көнбейді. Есер поштабай өзінің азғыруын қабыл алмаған Біржанды қолындағы дырау қамшымен басынан осып-осып, қолындағы домбырасын тартып алмақ болады. Өжет те қайсар Біржан домбырасын бермей, дөкір поштабайға тұра ұмтылғанда Азнабай жігіттері оны жан-жағынан жабыла жібермей қояды.

Әбден ашынып, қор болған Біржан сал мына зорлыққа қалай басындырып қоясың деп Жанбота болысқа барып қолма-қол шығарған әнмен шағынған екен. Ән ең биік дыбыс өлшемімен ашына шырқалады. Кейін «Жанбота» деп аталып жат іске, сол кездегі заман болмысына, күншілдік пен мансапқорлыққа, ел ішін жайлаған әділетсіздіктерге қарсы барынша өктем айтылған ащы айқайға Көкшетау мен Бурабай баурайының, Жөкей маңының ғана емес, бүкіл Жетісу, Алтай, Ібір-Сібірдің қалың жұрты қанық болды.

Алайда, Жанбота болыс та қанына тартып, қарсырлық жасады. Ол өз мүддесі Азнабаймен үлкен ұлық келер алдында алақоз болғысы келмей Біржанның қолын қағып, аузын жапты.

«Еліміздің естісі, айбары Һәм ақылшысы болып отырған Азнабай секілді азулы атқамінерімізге айбат шегудің орны жоқ, «бас жарылса—бөрік ішінде» деген, өз ағайынымыздың базынасын көтере салуымыз керек» деп. Біржанға басу айтып, ішкі ойлары ортақ, ауыз жаласқан Азнабай болысты өсек-аяннан арашалап қалды.

Бір беткей, оның үстіне әбден налып, қара жер болған Біржан «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп «Жанбота» әнінің әуенін де, сөздерін де өзгеше қалыпқа түсіріп, шабыт буған сол арада домбырасының шанағынан жаңа бір әннің бұрмаларын шалқытпа шығарған. Алдыңғысындай емес, бұл ән жай ғана сабырлы, байсалды, қоңыржай, майда леппен жүрек қылын шерте қалықтайды. Мұнда ақындық ақыл, терең астарлы сыр жатқандай әсердің адам сезімін әлдилеп кететіні бар. Былайша айтқанда Біржан өз заманының мынадай ауанында ешқандай әділдіктің болмайтындығын, оның ауылы алыс екендігін мұңая отырып, халқына майдалай жеткізгендей болды. Біржанның кәдімгі «Адасқаю» әні еді ол.

Біржанды Жанбота арашалай алмаса оны сүйген халқы арашалады. Ақынын, асқақ әншісін әлпештей әспеттеген елі оның сауырына жел жеткізбеді, сүйегіне сөз өткізбеді, тәніне таяқ тигізбеді. Біржан бәрібір сал атанды, оны қалың елі қазағы жақтап, көргендер де, көрмегендер де төбесіне көтерді. Әйтпесе мұндай біртуар өнер адамына араша сұраған ақындары еліне қарата:

Араша бер, ей ағайын, сұрарым,
Қайғы жұтып қапаланды пырағың.
Поштабайдың күнде мыңын туғанмен,
Болмас бірақ Біржанды екі туарың.

Ән нөсері асып жатса сан қырдан,
Түлерің хақ ада болып зар-мұннан.
Қолын қақшы жетесіздің желіккен,
Бар қазақта біреу-ақ қой сал Біржан,— деп жыр
шығарар ма еді...

Ойда жокта жүрегіне мұз қатырып алған Біржан одан кейінгі бірер жылдар көңілі пәс тартып, еңсесі езілгендей күй кешкенді. Бірақ қайсарлығы жеңіп, өмір көшіндегі қызықтармен қуаныштар, әңгімешіл, сауықшыл, өр көңілді замандас күрбыларымен кездесулер, ән салып, ел-жер көруі, жақсылармен бас қосулары, ескі жыр-қиссаларды естіп, жүрегіне тоқуы, халық әндерінің сезім шертер әуендеріне көңіл бұруы оның бұдан былайғы да салдық құрудағы сайранды күндерін мазмұнды да мәнді, сәнді ете түсті.

1871 жылдың көктемі сәл-пәл кешігіңкіреп көрінді. Қысқы қаның қардың сірескен ақ іөрпесі күн көзі биіктей бастасымен тес жиырылып, етек-жеңі көлеңкелі орман қойнауларына қарай түріле берген. Бірте-бірте көктем күшіне еніп, бусанған қара жерге қылтыш көк те қаулай бастады. Төрт түлік те өріске шықты. Жөкейдің шығысындағы Айсары, Атансорға, түстігіндегі Мамай, Ереймен мен Қараөткелге, батыс беткейіндегі Ақкөл мен Атбасарға қарай ұшы-қиырсыз созылып жатқан кең жайлау төсі көктем лебінен рахаттана тыныстап жатыр.

Қожағұл бұлағының басында отырған Біржан ауылының тұрмыс-тіршілігі, шаруасы да бұл көктемнен қуат алып, елжіреген күн көзі адамдарына көтеріңке көңіл-күй лебія шашқан. Біржан да сондай күйде. Шонжарлар қанша жолын кессе де сүйекпен біткен салдық мінезінен айныған жоқ. Қайта кейінгі кездері сауық құрып, ән салып, ел қыдыруды жиілете түскен. Жақсылармен кездесуді ойынан шығармайды. Түсінде ылғи жолға шығып, шапарлап жүргені. Түс те адамға жай кірмейді, өңіндегі шытырман ойлардың санадағы сәулелері болар. Оның себептері де өзіне мәлім.

Ана жылы қордайлатып қырғыз еліндегі құдаларына барғанда түп елі Қордайға шапарлап барған жалайырлық ақын Төребайдан Жетісудағы өнерпаздар, әншілер, ақындар жайлы көп-көп әңгіме естіген. Сол елде тұратын Төребай ақын Ешкіөлмес тауының етегіндегі қалың найман ішіндегі Сақай елінде он екіде бір гүлі шашымаған Сара атты ақын қыз бар екенін қызықтыра баян қылған. Орда бұзар отыздың өріндегі Біржанға бұл құлаққағыс

гажайып бір сырлы ертегідей естілген-ді. Енді міне сол ақын қызды көрсем, әндерін тыңдап, сөздерін естісем деген қиял құсы осы көктемде көңіл аспанына қайта қанат қаққан еді. Бұл ойын өнеріне өріс ашуға үнемі бәйек болып жүретін сүйікті жары Әпіштен жасырған жоқ. Қарсылық білдірмеген Әпіш екеуі салт аттыға арада айлық жол жатқан Жетісуға сапардың жайын ойластырып, жол қамын жасады. Жанына өңкей сері жігіттерден нөккерлер тобын іріктеп, жайлы жаздың басында Біржан сал көкшалғынды Ерейменді, жасыл нулы Баянтау мен Қарқаралыны, Бұғылы-Тағылыны, Қызыларай, Бегазы жоталарын басып, Нияздың Аюлы мен Қара көлдерін жағалап, Балқаштың терістік шығыс беткейі арқылы ақын сара қызды іздеп, жер жұмағы Жетісуға аттанып кетті.

Бір аптадай жол жүріп қарағайлы Қарқаралы қойнауларына ат тұяғын іліктірген Біржан сал тобы – немере ағасының ұлы Мұхаметжан, өзінің бас шәкірті Әмірхан Сүйінұлы, немерелес інілері Әлжан мен Айғожа, әнші Оспан мен жорға Жақып атанған сері жігіт өзара уағдаласып Қарқаралы түбіндегі атағы дүркірей бастаған қан базар ордасы – Қоянды жәрмеңкесіне аялдап, онда жиналатын әйгілі әншілермен, ақындармен, күйшілермен, балуандармен, өзге де жеті қырлы, бір сырлы өнерпаздармен жүздесіп, танысуды жөн санады. Біржан да, оның тобындағылар да қара жаяу ма екен, өздерінің әндерін, өлеңдерін, өзге де өнерлерін жұртқа жаймақ.

Осыдан екі жыл бұрын ғана Батыс Сібір Бас басқармасының Кеңесі бұл қан базар сауда орнына ресми түрде (1869 жылы) Қоянды жәрмеңкесі деген атақ берген болатын. Содан кейін оралдық саудагер көпес Варнав Ботовтың шағын сауда-саттық орны дүбірлі жәрмеңкеге айналып, Сарыарқа төсінде жаңа мазмұндағы сипатқа ие болған. Жыл-жыл сайын көктем шыға мұнда жүздеген киіз үйлер тігіліп, сансыз дүкендер мен дүңгіршектер, сауда сөрелері, барактар бой түзеді. Бектер мен болыстардың, байлар мен көпестердің әдейі салғызған сәнді үйлері қаншама. Жәрмеңкедегі далалық ашық сахнада ән-күй шалқып, ақындар айтысы, кілем үстінде балуандар күресі қызып

жатты. Қазақ даласының небір айтулы ақындары, әншілері, дәулескер күйшілері, жауырыны жерге тимес балуандары осы жерде кездесіп, өнерлерін көрсетіп, өздерін таныстырып кететін.

Біржандар Қарқаралыдан әрі асқан соң да көк-жасылды көркем табиғаттың далалық кейпіне, сәнді реңіне тағы да көз қарықтырған. Жәрмеңке қоныс тепкен атыраптың көз жетер жерлерінің бәрі де қыз жасауындай құлпырып кеткен. Кешегі есбездеген көктемнің жылы жаңбыры жер құйқасын баябыратып, қаулай көтерілген түрлі шөптер мен гүл-бәйшешектен жұпар аңқытады. Жанды жадыратар жайлардың Токпан тауы жағғындағы қыратты беткейлерді қызғалдақ жапқан. Көктемгі дала уыз қалпынан жазғы мольға, толығар шағына ауысқандай. Қайда қарап, қай жаққа көз тастасаң да көк өртең, жас-жасыл барқынды телегей төскей, көгалды сайлар, бетегелі бөктер, үшқаты мен қарағаны қалың қырат-қолаттар. Талды өзенінен әрі қарай Саржан, Қарасор, Жасыбай аталатын аласа көңір адырлар көз ұшына шалынады. Күн ұзақ ат үстінде шайқалып, шаршаған сері жігіттердің осы көріністерден соң-ақ көңілдері көтеріліп, Қояндыға әндетіп енді.

Біржандар екі-үш күн аялдаған Қояндыда көп қызыққа кенелді. Жер-жерден жиналған әншілермен, ақындармен, күйші, билушылармен, атбегі, саятшылармен танысып, білісті. Біржан да енді әнмен сусындатты. Біржанның «Айтпай», «Жонып алды», «Нәйлім шырақ», «Адасқак», «Жайма шуак» әндері Қоянды аспанында бірінен соң бірі қалықтады.

Жәрмеңкеде аялдаған Біржан сал жалайыр арасында қоныстанған Арғын ішіндегі Сүйіндік елінің сол кезде танылыш қалған ақыны Жәмшібаймен көп әңгімелескен. Ол жалайырдың аңға сапып жүрген атышулы ақыны Бақтыбайдан бата алған Сара Тастамбекқызы жайлы ана жылғы Төребайдан естігеннен басқа да сырлар түйіп алды Біржан. Елі мен жері, ағалары Есімбек пен Гүрысбек туралы, Найман ішіндегі Сақай елінің жер дауы, жесір луы, қалың мал, құда түсу, қыз айттыру, жас қыздардың еріксіз ұшығылуы сияқты дау-жанжалдар жайлы әңгіме де болған. Ақын Сара қыздың көркіне ақылы сай, бала жастан өлең мен әнге

құмар, тілі мірдің оғындай, ойлары да салмақты екендігін еске салған-ды.

– Сақайда Сараға жетер ақын жоқ. Он сегізге биыл шыққан ақын қыздың толықсып тұрған кезі. Мен де айтыстым онымен. Сөзден шалдырмай, шалт кетері бар, жасынан солай. Әзірше айтыса кеткендерге алдырып көрген емес. Бірақ жат жұртқа жаратылған қыз балалардың ойлағаны бола бермейді ғой бұл заманда. Сараға да айттырып қойған жері, болашақ кол ұстасар қосағы ұнамай жүр. Еркіндік аңсаған Сара ақынның басындағы қазіргі қайғы мен мұң осы, – деп тоқтаған Сара туралы сыр тартқан Жәмшібай ақын. Бұл жайлар Жетісудағы Сара қызды бір көруге, өнерін тамашалауға әдейі іздеп шыққан сал Біржанды одан сайын құмарландырып, ынтықтыра түсті. Қояндыда тұтанған іңкәрлік сезім бұл арада енді көп аялдатпай Жетісуға қарай жедел жетектей жөнелген еді.

Әлқисса, Балқаштың арғы түстік бетіндегі Найман-Сақай еліндегі Сараның ауылы Ешкіөлместің етегінде деп естіген Біржан сал нөкер жігіттерімен жолай қонақтап, ат-шалдыра, түстене жүріп, білмейтін жердің ой-шұқырын аралай аттап, апта дегенде Балқаш көлінің шығыс мүйісіне аяқ басты. Жол-жөнекей сол қанатта Шұбартау қалды шұбалып, оң жақта Ақшатау қалды мұнартып. Бұлар Қоңырат-Саяқтың қоңыр қыраттарынан Лепсінің Балқашқа құяр тұсынан басталған сайын даланың бірде кең жазыққа, бірде таулы жоталарға, бірде көк талды өзекшелерге, сайлы аңғарларға ұласып жатқанын тамсана тамашалап келеді. Әсіресе Балқашқа сонау түстіктен бастау алып, андағайлап ағындайтын Жетісудың алты өзені қатарындағы Лепсі мен Ақсу арасындағы жазғы жайлау көріністері тіптен ғажап, гүлдері жайқалып, жұпар шашқан саф ауа жолаушылар көкрегін аша түскендей.

Сал-серілер тобы атына сырттай қанық Жетісудың ну тоғайлы, қоғалы көлді, қоңыр құмды, бетегелі, шұрайлы өңірін тағы да үш-төрт күндей өрлей жүріп жете танысты. Бұларды жол-жөнекей аса құрметпен қарсы алып, қонақжайлықпен шығарып салып отырған қалың Найман, Албан, Жалайыр

жұрты Жетісу елі мен жері туралы талай-талай сыр тартып жатты. – Жетісудың жері, әсем, тұрқы бөлек екен. Кеудесі асқар, иығы көл бұл өлке неге өлендетпесін, – деп жігіттер назарын өзіне аударып алған Біржан сал кеше қоналқыда естіген, жолай өз көзімен көрген тау мен жер, жайлау аттарын Әлжан, Мұхамметжан, Әмірхан, Оспандарға қарата ұмытпасын деп кәйталап айтты. – Анау өр Алтай мен Тарбағатай сілемдері, ақсақалдың арғы атасы Хантәңірі, Ешкіөлмес, Бақай мен Жөңке-тауы, Аршалы, Амантекше, Қаражырақ, Салқынбел, Сыйымбөлек, Баянжүрек, Байсауырын, Тайсауырын, Қарқара, Үшмеркі, Шатыртас қазақтың тау жайлаулары, жер жайлаулары емес пе. Арқадағы сұлу суреттер мына алдымыздан шығып тұрған жоқ па. Бұлар әркілы ән салып, жыр төгіп тұр. Бұл жердің емшектегі баласы жыр еміп түлейді екен-ау. Сара қалай ән салмасын, Сара қалай ақын болмасын. Көрмесем де сырттай естуімше бұлбұл көмей, ақын таңдай Сара қызды айтыста жеңу оңай болмас, сірә, – деп қалды Біржан Ешкіөлмеске жақындаған сайын бір сәт ойынан кетпей қойған ақын Сараны көз алдына елестетіп.

Пәлі, Біржекеңнің қыз ауылына жақындаған сайын жүрегі дірілдеп, көңілі қобалжуды шығарды, – деген Әлжанның әзіл сөзін жол астырған Әмірхан: – Жо-жоқ жас перінің мысын біздің тіс қалқан салдың сайтаны басарына күмәнім жоқ. Кім біледі тоқал танып алып та қайтармыз әлі, – деп әзілге-әзіл қоса, әрі Біржан көңілін көтере тіл қатты.

Біржан болса бұларға ләм-мим демей үнсіз жымыып, ал қане жігіттер мені қуып жетіндер деп астындағы кертөбелінің тізгінін басып, алға қарай құйғыта шаба жөнелді. Біраз шауып, бой жынып алған соң бұлар жатаған тау бөктерінде жайлауда отырған бес-алпыс түндікті киіз үйлі шағын ауылға ат басын тіреді. Мұнда да жылы жүзді қарсы алулар болды.

Осылайша Біржан сал тобы тау аралап, өзен-көлдерді сипылап, жазғы жайлау төрінде малдарын бағып, емін-еркін мөсайрап отырған Ешкіөлмес етегіндегі ел арасында бір аптадай жүріп қалды. Жетісу жерінің әр ауылында Біржандар ән салып,

сайран құрды. Ел Біржанды, Біржан өзін әспеттей көтерген, әнін сүйіп тындаған елді таныды. Сөйтіп ол Сараны іздеп бара жатып жол-жөнекей Жетісу еліне де Біржан өз әндерін қонаққаде ретінде сыйлап кеткен еді.

Сонымен Біржандар Ешкіөлместің айналасында Сараның ауылын іздеп таба алмай бірер күн жүріп қалады. Өйткені Сараның ауылы жұрт білетін бұрынғы Қосағаштағы қонысынан Ешкіөлместің етегіндегі (Қапал) Қарашпоқыға көшіп кеткен еді. Оның үстіне Сарамен айтысуға Көкшетаудан Біржан келе жатыр деген сыбысты естіген ел ауылға дұрыс жол сілтемей, Біржандардың бағыттарын бұра берген екен. Оның мәнісі де әріде болатын.

Бәрі құдалық, қыз дауы, қалың беру, айттыру дауынан шыққан. Найман-Сақай еліндегі шонжарлардың бірі – болыс Сарбас пен Сараның әкесі Тастамбектің арасында келіспеген бір кикілжің болыпты. Ол Тастамбектің «Бөрте ат» дейтін бәйге аты мен шаңырақ киесі «Қызыл нарға» байланысты болса керек. Оларға қызыққан болыс екеуін де зорлықпен алғысы келген ғой. Сөйтіп жүргенде Тастамбек қайтыс болады да Сара әкесінен жастай жетім қалады. Тастамбектің інісі Тастанқұл да байлардың ұмытпай жүрген қолқаларына қарсы шығып, араларында көп дау-жанжал туады. Ақыры қудалай берген соң Сараның ауылы Аксудағы Қосағаштан Ешкіөлмес етегіне көшіп кетеді. Маман атты бай «Бөрте атты» әдейі ұрлатқызып алады. Онымен қоймай менің 30 өгізшемді ұрлады деп Сараның ағасы Жайсаңбекке жала жабады. Оны қаматады да айыбына «Қызыл нарды» алып, Сараны Жиенқұлға атастырады. Сөйтіп Сара борышқа кете баратын бір тоқтының күйін кешеді. Біржандар келе жатқанда ел ішінен еміс-еміс естілген жайлар осындай еді.

Күн ұзақ жөн сұрап Сараның жайлаудағы көп ауылдар арасынан нақты қонысын таба алмай әбден шаршаған, шөлдеген, ыстық соққан Біржандар Ешкіөлместің түстік еңісінде қой бағып жүрген егделеу қойшыға жолығып, жол сұрайды. –Шырақтарым, алыс жолдан екенсіңдер, кімдер екендеріңді де білем. Мен айтты демендер, іздеген ақын Сара қыздың ауылы анау,–деп дұрыс жолға түсіріп жіберген екен.

Айға жуық жол жүріп әбден шаршаған Біржан да, оның әкесі де көз ұшында ақын Сара ауылының қарасын көргенде н-сәтте сергіп сала берді. Ұзақ жолға әбден үйреніп алған аттары бір желіспен ә дегенше Ешкіөлмес етегінде отырған ақ шаңқан ұялдың ортасындағы сегіз қанат аппақ киіз үйдің есік алдына кетіп тоқтады. Маңайда бір-саран ойын балалары болмаса кісі-сауат ешкім көрінбейді. Киіз үйдің ішінде өзара дуылдасып тұрған адамдар дауысы естіледі. Ол Сараны атастырудың, құда үйінің әуелден даулы мәселесін ақылдасуға келген ағайындар екенін білді. Біржандар сол сәтке тап келіпті.

Ақбоз үйден ешкім шыға қоймаған соң Біржан өзінің салдық иесіне басып, ат үстінен түспей, қоржындағы ораулы өмбірасын қолына жылдам ала салып:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай қыранына жүрген шығар,
Алынбай қалмас бүгін ащы тері.

Бұл үйде Сара бар ма отыр нағып,
Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып.
Жел қобыз, жез тағалы тұлпарыңмын,
Қара тер шыққан сайын кетем ағыш,—деп асқақ
дұстмен өлеңдетіп қоя берді. Осы кезде есіктің киіз жаппасын
сіңіп қайыра, басына ақ шалма ораған, кең ақ көйлекті, омырау,
тек-жеңін оюмен өрнектеген, қалсырмалы көкшіл барқыт қамзол
мен егделеу, көрікті бәйбіше шыға келіп, батыс жаққа еңкейсе
де әлі шақырайып тұрған күн көзіне қолын көлегейлей бере
біржан өлеңіне бірден:

Кімсің сен неғыласың Сара жанды,
Кеш қылдың тыста тұрып атқан таңды.
Іздесең айтысуға қарағымды,
Өзіндей сөзбен бұған сан адамды.

Саражан жастайынан өнер қуған,
Өзіндей сан адамды сөзбен бұған.

Алдымен мәніменен айтысын қор,

Мені де осал демс Сара туган,—деп жауап қатты.

Бұл Сараның анасы Жаншөке еді. Біржанның зор дауысы ауыл арасындағы тыныштықты ойда жоқта бұзып, Сара үйінің алды абыр-дабырға, жиылған бала-шаға, үлкенді-кішілі адамдарға, көрші-қоландарға толып кетті. Әлгі бәйбішенің Сараның шешесі екенін сөзінең сезе қойған Біржан оған іркілместен тағы да өлеңмен тіл қатты. Екеуара өлеңмен қағысу осылайша басталды да кетті.

Біржан:

Жеңеше, көзің өткір, сөзің аттық,

Елінді іздеп жүріп жаңа таптық.

Көзіңе мен өнерсіз көрінем бе,

Талайдың сен секілді бетін жаптық.

Ақын болып Арғыннан шықтым орғыш,

Тау-тасты, бел-белесті бұздым жол ғып.

Қауыны жарылмаған қыз болмаса,

Қатынмен айтыспаймын сөзді қор ғып.

Сараның шешесі:

Шырағым, олай деме аш көзіңді,

Мақтадың, дәріптедің бір өзіңді.

Салдықпен сайтан қуған немесің гой,

Жүйрікке ұқсатпадым мінезіңді.

Біржан:

Жеңеше бөгеменіз сөзіңменен,

Жүйрігіңді көрейін көзімменен.

Бәс тігіп өзіңменен айтысайын,

Некелес қыламысың қызыңменен.

Сараның шешесі:

Қандай жан мына сөзге қайғырмасын,

Құдайым сендей жанды бай қылмасын.

Жастығым еске түсіп айтқаным ғой,
Әйтпесе өлең менің қай құрдасым.

Біржан:

Жеңеше осылай деп жөніңе көш,
Біз қылдық азын-аулақ сөзбен егес.
Мен дағы сөз келген соң айтқаным ғой,

Тағы айтам қатын менің теңім емес,—деп тоқтай
Бергенде бәйбішенің жанында бұл қағысуды қалт жібермей
тындап тұрған топ баланың ортасынан 10-11-лер шамасында
ғалдырмаш, тұлымшағы жалбыраған, тік жағалы, өзіне
жарасымды ұзынша ақ көйлек киген ақсары қыз атып шығып,
Сараның шешесі мен Біржанның арасына киліге кетті де балалық
жіңішке даусымен өлеңдетіп қоя береді. Бұл ақын Сара қыздың
сіңілісі еді. Анасының басынан сөз асыра бастаған Біржанға сол
жерде былай деп тіл қатты.

Сараның сіңілісі:

Ағеке, қымыз қойдық алдыңызға,
Өлеңге келмей жатып салдыңыз ба.
Алдымен қонақ кәде жасамастан,
Пәлеге арылмастай қалдыңыз ба.

Біржан:

Әркімге жастайынан өнер керек,
Туыпсың қаракөктен өңкей зерек.
Алдыңда анаң тұрып сенікі не,
Балақай, саған әлі тым ертерек.

Сараның сіңілісі:

Ағеке, бір өзінді ақын дейсін,
Жөптейсін, өз сөзінді мақұл дейсін.
Айтысайын деп едің енді кіммен,
Мені жас, анамызды қатын дейсін.

Біржан:

Айналайын сөзіңе жаңа қандым,
Айта түсші болса егер тағы дәмдің.
Алдында үлкендерің тұрғаннан соң,
Баламен айтысуға мен ұялдым.

Сараның сіңілісі:

Ағеке, жүрген жерің күнде жиып,
Салуға шығып па едің елге тыйым.
Сөз іздеп қаңғып келген өзіңсің ғой,
Болды ма жаңағы айтқан сөзім қиын,—деп ол

Біржанға тағы да жауап берді.

Қарсы алдында қаймықпай, тіптен тіл тартпай өзіне салмақты сөз айта бастаған жас балаға Біржан не дерін білмей сәл бөгеліңкіреп қалғанда ақбоз үйдің ішінде бәрін тыңдап отырған, аппақ бетіне қызыл шырай кірген, сәукелесінен төмен түскен қап-қара қос бұрымы толықсыған тал шыбықтай бойына еркше бір сән берген Сара қыз мына қағысулар одан әрі ушығып кетер, Біржан анайы сөзбен жас сіңілімнің бетін қайтарып тастар деген күдікпен үйден пыға келіп, Біржан мен сіңілісінің арасына тұра ғап ат үстіндегі сәнді сал жігітке маңғаз қарап, олеңмен сыпайы сәлем берді.

Сүйкімді аппақ дөңгелек жүзінен нұр төгіліп, жүрегі дірілдеп, көңілі алабұртыш, толқып тұрған Сараның мұң шалған мойылдай қара көздері Біржан салдың өткір көздерімен түйісіп қалғанда ол қазақы ибалықпен жанарын тез бұрып жетті. Сол сәтте-ақ сұлулық пен пәктікті, адамгершілік пен тазалықты тани білетін жанарлардан бір-біріне жалынды бір от шашылғандай еді. Ол ақыннан ақынға, жүректен-жүрекке қонған кіршіксіз таза сезім ұшқындары болатын. Біржан салдың келген беттен күміс сыңғырлатқандай қалықтаған сүйкімді үні мен сөз саптаулары Сара қыздың көңілін баурап, жанын жаулап алған-ды. Бір-біріне ынтыға, құмарлана қараған көздері соны ұқтырған-ды.

Сонымен Сара салған беттен айтыспай, алыстан арып-шаршап келген құдайы меймандармен сыпайы сәлемдесіп алды да, алдымен ата дәстүрімен меймандостық салтынан аттамауға,

торге озып, дәм татуға шақырды. Біржан тобы да Сақай елінің ежелгі салтын ризашылықпен қабыл алды. Сөйтіп, Біржандар Ешкіөлместегі Тастамбек әулетінің ауылында екі-үш күндей жата-жастанып, құрметті мейман болды. Арқадан келген меймандарды Сараның ағасы Жайсаңбек, інілері Сахара мен Захаралар, жайлау төріндегі өзге де ағайындары мал сойып, қымыз сапырып, жапа-тармағай күтіп, төбелеріне көтерді. Сара нуылы да, көрші-көлем де қызық пен сауық-сайранға бөленді де қалды.

Үш күн өткен соң Жетісудағы осынау жайлау төрінде әдейілеп сонау алыстағы Арқадан, жер шоқтығы Көкшетаудан інісіп келген Біржан салдың Сара қызбен айтысы да отетін болды. Ешкіөлмес төңірегіндегі аяқ жетер жерге хабарланған айтыс уағдалы уақытында басталып та кеткен. Біржан мен Сара айтысын тамашалауға жиналғандар көп-ақ еді.

Бұл 1871 жылдың жайма шуақ жазында, жер жәннаты Жетісудың көк майсалы жайлауында өткен, ел есінде қалған ерекше айтыс болатын. Ақындар тілдің майын тамызса, хас жүйріктердей көсіле, аршындай ағындады. Біржан да, Сара да үшқыр ойларымен, ұтымды жыр шумақтарымен тындағандардың айызын қандырды. Ел де, заман тынысы да, екі жақтың танымал тұлғалары да, билері мен батырлары да, ақындары мен әншілері де мадақталып, ауызға алынды, ең бастысы ерлік пен намыс, адамгершілік, әділетсіздік, еркіндік, сол заманның ішкі қайшылықтары—әлеуметтік теңсіздіктер, зорлық-зомбылық, жер мен жесір даулары, барымта, күш көрсету мәселелері ақындар аузынан жыр боп төгіліп, сыр боп ағытылды. Біржан да, Сара да айтыстарын жаңа қырынан танытты. Жыр сайысы аса бір сыпайылықпен, жоғары мәдениеттілікпен, бірін-бірі құрметтеумен, түсіністікпен, сыйластықпен өрбіді.

Небір айшықты, алуан өрнекті сөз кестелерінен өрілген, ойлы тіркестермен тағаланған өлең шумақтары жұрт жадында қалған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Біржан мен Сараның бұл айтысын Біржанмен бірге барған нөкері, әнші, ақын, сері жігіт Әмірхан Сүйінұлы хатқа түсіріп, жазып отырған екен. Қалай

дегенмен де Біржан-Сара айтысындағы «Мойпылым сұңғағындай жүзген қудың, лебізім шәрбатындай кәусар судың», «Ақиық мұзбалақпын жерге түспес, жер тарпыр тұлпарыңмын алқымы іспес», «Ауызың жез сырнайдың көмейіндсей, үнінің көз жетпейді бұрмасына», «Бұл салдың өзі өлеңші аты Біржан, сандалтып Орта жүзді әнмен қырған», «Қыр мұрын, қызыл жүзім, мандайым кең, Арғынның маған қане, қай қызы тең» деген өлең жолдары халық арасында әлі күнге дейін ұмытылмай есте жүр.

Негізі Біржанның өзімен ақындығы да, әншілігі де тең Сара қызды жеңіп кетуі Сараның сүймеген жігіті Жиенқұлға еріксіз атастырылуына байланысты болса керек. Сара өз басындағы мұң-зарды айтыс соңына таман Біржанның «Обалың Есімбек пен Тұрысбекке, күйеуің жаман екен, ей бейшара» деген астарлы ащы уәжінен кейін ашып айтады. Оның жауап қайтарғанда «Біржанды бір қаққаннан шығармас ем, құдайым мені қайдан қосты бұған» деп налуы тегін емес-ті.

Тақсыр-ай, күні құрсын ұрғашының,

Билігі болмаған соң бір басышын.

Берген соң тері-терсек ит те алады,

Пұлындай берекесіз арбашының,—деген айтыс үстіндегі Сараның мұңы сол замандағы қазақ қыздарының басындағы теңсіздікті, ауыр халді, тағдыр тезін айғақтаса керек.

Айтыстан кейін екеуінде де тұтанған інкәрлік сезім, құмарлық көңіл, ақын жүректер бір-біріне сыр ақтарып, онаша әңгімелесуді қалады. Жайлау кешінде оның да сәті түсті. Қыр асып, сейілдеп келе жатқан Біржан мен Сара өзара риясыз көңілдерін ашық білдірді.

—Жалған, жалған деп атайды екен адам баласы қамшының сабындай келте өмірін. Жүрек шіркін соның жалғандығына сыздайды. Сонау алыстан сағымдай қылаңдаған арманыңның орындала бермейтіндігіне налиды екенсің. Қарақан басыңа бұйырған бақытыңның бал дәмін тата алмауың өкінішті емес пе, Біржан аға. Мені де қинайтыны, мазалайтыны сол кеп,—деді жүзі сәл солғын тартқан Сара. Біржан мұңға толы оның қос қарашығына ұзақ қарады.—Мұңаймашы, мұңайма, Сара калқам,

түсінем, жарасы бар жаныңды, естіп тұрмын нәзік жүрегіңнің дүрсілін. Сен сезімнің пәк ақынсың. Махаббаттың еркін сымалындай ескен, майда желпіген жайлы шуағын шашқан, арман арқалаған жалынды жырларың ғарып та, ғайып та болмайды, Сара, оған кәміл сенем, уайымдама,—деді Біржан оның жұмсақ алақанын алақанына басып, шапшынан сипап.

Құлазыған қам көңілімді көтеріп, жүдеген жүрегімді, ошарылған ойымды желпіндіріп, селкем сезімімді серпілтіп, жаныма жұбаныш нәрін құйғаныңыз үшін мың алғыс, сал аға! Сіз болмасаңыз мына қобыздай аңыраған, сыбызғыдай сарнаған сардалада әнім естілмей, үнім шықпай, кеудемді жарып шыққан қайран-жауһар жырларым жалған дүниенің жай ғана жаңғырығы боп қалып қояр ма еді, қайтер еді,—деп Сара сәл саябыр тартты.

Ақын Сараның әлем-жәлем жан сарайының ішкі бұлықынысын, намысы мен шерін Біржан ақын танығандай болды. Екі ақынның бір жерден шыққан ой-армандары бір арна тапқандай айрықша ағыспен екеуінің де өне бойларын ыстық шөктай қарпыш өтті.

—Олай деме, Сара, сен еліңнің есінде қаласың, жұртың ұмытпайды жырларыңды. Келер ұрпақ, өлең сүйер өнерлі пілдерің мен сіңілілерің, балаларың жаттап өседі сөздеріңді. Сен менің де шабытымды шайқадың, жырларыма жаңаша тыныс бердің. Біздің кездесуіміз, жыр сайысымыз заман жайларына, мына шырмауықтай шырмал алған тіршілік-болмысымызға менің де көзімді аша түсті. Біз әлі де талай кездесеміз, сені сағынарым сөзсіз, мен тағы келем,—деп Біржан Сараны аймалай құшақтап, маңдайынан, көздерінен құшырлана сүйді.

Ешкіөлмес етегіндегі тарихи айтыстан кейінгі рәуішті кездесулер, жүздесулер, ойын-сауық, думанды сәттер тағы да бірер күнге ұзарып, Біржан бастаған сал-серілер тобы Жетісудағы меймандос елмен қимай қоштасып, Сара ауылынан Арқаға аттанып кетті.

* * *

Біз бұл хикаятта Біржан мен Сара айтысын түгелдей талдап

жатууды мақсат етпедік. Бұл жазба сол айтыстың болғанын, Біржанның ақын Сара қызды Жетісуға әдейі іздеп барғанын, жұрт жадында, ел есінде қалған ғажайып бұл айтыстың әуелі қалай басталғанын ескі әңгімелер, естеліктер, тарихи деректер арқылы көзге елестетіп, жүректерге жеткізуден туындаған-ды.

Бұдан кейін де өмір көші тоқталмай, талай жылдар жылжып жатты. Жалындаған жастық шақтарында жолығысып, бір-біріне жол тапқан сезімтал ақын жүректері елдері алыс, жерлері шалғай болса да кіршіксіз махаббаттан, адал көңілден, сүйіспеншіліктен, ыстық ықылас пен сарғайған сағыныштан арылған жоқ. Алайда, тағдыр екеуіне бөлек-бөлек өмір ағысымен өріс ашты.

Қыз жолының жіңішкелігімен Сара теңін тауып, елдерінде Бекбай деген жігітпен отасты. Айтыстан кейін Біржан сал Омбы генерал-губернаторы Дюгомельге барып, Жетісудағы жергілікті ояздар арқылы Сараның басына еркіндік алып берді деген деректер де бар. Бекбаймен Қосылған Сараның 15 құрсақ көтергенін біреу біліп, біреу білмес. Біржан сал жүрегіне шоқ салған, талантына, ақындық қуатына бас иген дарынды Сара 1907 жылы дүниеден озады. Ол Жетісудың Қапал өңіріндегі Қарашоқыда жерленген. 1993 жылы қазақ өнерінің тарихында айрықша орны бар, артына өлең-жырдан өлмес мол мұра қалдырып кеткен дарынды да талантты айтыскер ақын Сара Тастамбекқызына ата салтымен ас берілді. Оның басына кесене тұрғызылып, мұражай ашылды.

Ал қазақ даласының ұлы әншісі, ақиық ақыны, дарынды композиторы Біржан сал өмірінің соңғы жылдары трагедияға толы болды. Заман тәлкегі, ол көзімен көрген қиянаттар, әділсіздіктер, бас араздық, рушылдық, күншілдік жайлар оны қатты толқынысқа, мұң мен шерлі ойға тұншықтырды. Сонымен бірге ол өзіне ерекше әсер қалдырған ақын Сараны тағы бір көруді, әні мен жырын тыңдауды зарыға сағынды. Осындай жүйкеге әсер ететін себептерден Біржанның басы ауырып қалатын сәттері болады екен. Мұны ағайындары да, дүмше молдалар да «Біржанға шалық тиген, жын соққан» деп қол-аяғын байлап, үйден шығармай қояды. Сондай кездердің өзінде де Біржан ән

айтып, өлең, ән шығарып, домбыра тартады екен. Оған «Теміртас» әні дәлел.

Біржан өзінің ең сүйікті жары, көркіне ақылы сай, парасаттылығы мол, Біржан өнерін қатты бағалаған, оның өнер сипарларына бөгет жасамай, шығарып салып, қуана қарсы алып отыратын Әпішке дейін Балқаш сұлу (атақты Зілғараның ортаншы қызы) Лйтнай сұлу, Ләйла атты үш әйел алып, олардан жеті бала сүйген. Олар жас кездерінде шетінеп кеткен. Ал соңғы жұбайы Әпіштен Теміртас, Қалкен, Асыл, Ақық есімді ұл-қыздары болған. Осы төрт баласының ортасында атақты Біржан сал мергіне дауа таба алмай 1897 жылдың көктемінде көз жұмған.

Арқаның асқақ әншісі, дарынды композиторы Біржан сал кейінгі ұрпаққа өміршең өлеңдер, тот баспайтын жауһар жырлар, әсем әндер қалдырды. Олар біздің өмірімізде, жанымызда, қанымызда. Солардың бірі—қазақ ауыз әдебиетінің, айтыс жанрының классикалық үлгісі болып табылатын «Біржан-Сара» айтысы.

* * *

Біржан сал Қожағұлұлы әнге қосып, абырой-атағын асқақтатқан Арқа төсінде, оның кербез сұлу Көкпесінің қалалары мен ауылдарында ардақты ақын құрметіне қойылған атаулар мен белгілер көп-ақ.

Біржан сал есімі берілген оқу орындары, шаруашылықтар, ауылдар, ғимараттар мен көше аттары қаншама. Солардың бірі—Көкпештау мәдениет сарайы алдында тұрғызылған ескерткіш. Осы ескерткіш тұғырының қоңыр мраморлы қабырғасында Біржан салдың мынадай өлең шумағы ойып жазылған:

Жігітке сайран құрып жүрген артық,

Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып.

Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше,

Жан-тәнің бірдей жанып, күйген артық...

Бұл сөздерді оқыған сайын сал Біржанның өмірге деген құштарлығын, өлеңге деген құмарлығын, жастық шақтың жалынды, қызық пен думанға толы күндерін

аңсайтындығын, пешенеге бір-ақ рет берілетін сол қысқа өмірді босқа өткізбей, мәнді студі армандайтынын сезіне түсесің. Біржанның өнердегі сол өмірі өзгелерге өнеге боларлық, ғибрат аларлық мазмұнды ғұмыр. Оның өнердегі өмірі мен әндері талантты композитор Мұқан Төлебаев жазған «Біржан-сара» операсына өзек болды. Қазақтың ұлттық музыка өнерінің басында тұрған бұл классикалық ғажайып туындыдағы Біржан мен Сараның ариялары ұлан-ғайыр даламыздай қазақ әндерінің асқақтығын айнытпай танытады. Иә, Біржан мен Сара мұралары бүгінгі ұрпақ жадында жатталып, мәңгі жасай беретіндігі күмәнсіз.



Шоқан – адамзат өркениетінің өр шыңы

Көрікті Көкпетаудың әсем қойнауларының бірі – айшықты Абыртау аясындағы Сырымбеттен түлеп ұшқан Шоқан Шыңғысұлымен туған топырағы ғана емес, барша қасиетті қазақ өмірі мен жері тегістей орынды мақтана алады. Шоқантану ісімен жүз жылдан астам уақыт бойы айналысып келе жатқандар ғұлама ғалым жайлы талай-талай зерттеулер жүргізіп, том-том кітаптар жазды, фильмдер түсіріп, сахналық туындыларды дүниеге келтірді. Алайда Шығыс аспанының үстінен бейне бір күйрықты жұлдыздай ағып өткен Шоқанды әлі де толықтай танып білдік деу әбестік болар еді. Ол шып мәнісіндегі адамзат ақыл-ойының парасаттылығы мен көрегендігінің биік шыңы еді. Шоқан Уәлиханов араласпаған ғылым мен мәдениеттің, тарих пен қоғамдық құрылыстың, әдебиеттің, әлеуметтік жүйенің, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, өнерінің бірде-бір сәтшесі жоқ.

Отызға толар-толмас ғұмыр кешкен жерлесіміздің халқына жасаған баға жетпес еңбегіне өткен ғасырдың небір зиялы адамдары, орыс халқының алдыңғы қатарлы озық ойшылдары қатты тәнті болған. Енді оған ХХ ғасыр ұрпақтарының, оның ішінде ұлы орыс халқы өкілдерінің берген бағасын бір мысал ретінде келтіре кетейін.

Мәскеуде «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен бір жүйе кітаптар шығарылғаны есімізде. 1983 жылы орыс жазушысы И Стрелкованың осы сериясымен «Шоқан Уәлиханов» деген кітабы жарық көрді. Бұл кітапты жазу мақсаты жайлы ол былай дейді: «Қазақ халқының Шоқаны болмағанын жүрегіңізді сәл тоқтатып, бір сәтке болса да елестетіп көріңізші. ХІХ ғасырдың орта шені орны толмастай ойсырап қалар еді. Россия, Сібір, Қазақстан мәдениеті жүдеп сала берер еді. Бірақ ол болған. Ол сонау түнектен, алыстан, мұнарға бөленген қарлы шындар присынан көзге ерекше көрінеді. Уақыт кемесі бізді олардан шығарып, алыстан сайын сеңгірлер бір-біріне жақындай, нықтаса

түскендей». Міне, біздің Шоқанға берілер баға бүгін осылай болса керек.

Шоқан бар саналы ғұмырын ел өмірімен, оның бай тарихымен, халқының тағдыр-талайымен, арман-мүддесімен, мәдени-өнер өрімдерімен біте қайнасып, сабақтасып жатыр. Ол тарих жағынан, даму жағынан қазақ елі мен Орта Азия халықтарының тарихи тұтастығын бір-бірінен бөле жармай зерттеген адам. Қазақтың кемел жазушысы, дара тұлғаларының бірі Ғабит Мүсірепов: «Шоқанның ұлылығы соншама, біз оны енді ғана толық түсіне бастағандаймыз... Шоқаны бар ел – шоктығы биік ел» деп жазған екен.

Шоқан өскен Сырымбет төңірегіндегі елдердің бірінде туғандықтан жерлес ғалым атамызға деген шынайы сүйіспеншілік, оның есімімен мақтану, пір тұту бала кезімізден бойымызға қалыптасқан. Есейіп, ержеткен соң Шоқан бабамыз болған, жүрген жерлердің бәрін көзбен көріп, көңілге түюді мақсат еткенбіз. Ол ойымыздың кейбіреулері орындалды да. Ол оқыған Омбыдағы кадет корпусында, Семейдегі Талдықорғанның Кербұлақ ауданындағы тарихи орындарда Шоқан жерленген Майтөбеде, Құсмұрында болып, Шоқан іздерін бастық. Төмендегі жазбалар соның айғағы.

Қарт Ертіс бойындағы тоғыз жолдың торабына орналасқан Семейде Шоқан Уәлиханов өміріне байланысты тарихи сырт шертетін ескі орындар жеткілікті. Солардың бірі – Семейдегі Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалдық мұражайы. Мұнда қазақ ғалымы мен орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевскийдің гibrаты мен тарихи кездесулері, екі ұлы адамның бір-бірімен айнымас достасулары болған.

Осында маған ерекше әсер еткені Шоқан мен Достоевскийдің қатар отырып түскен суреті. Онда екеуі де әскери формада Шоқан қолына қанжар, ал Достоевский темекі ұстап отыр. Бұл сурет шамасы Шоқанның Қашқар сапарынан оралған кезінде түсірілген болуы керек. Семейде көрген бұл суреттен біз Шоқанның ауыр да азапты сапардан енді ғана оралғаннан кейінгі жүдеу кейпін байқадық.

Міне, осы 1859 жылдың мамыр айының орта шенінде түкен суреттің негізінде Семейдегі Достоевский мұражайының жанында «Шоқан мен Достоевский ескерткіші» орнатылыпты. 1977 жылы орнатылған бұл тарихи ескерткіштің авторы мүсінші Д. Әбібақидіе. Семейдегі осынау рәуішті достық кездесулер жанындағы жазба деректерде былай баяндалған.

1854 жылдың қыс ызғары әлі қайта қоймаған шағы. Омбыдан Семейге бет алған шаналы жүк керуенімен бірге өңінде жақында ташықтан келірген азалтың табы, қалжырап, шаршаудың белгісі бар жолаушы келе жатты. Қарт Ертістің оң қабағын бойлай орталанған бекет жолымен ақырын қозғалған шаналардың біріне жабынсақ ол қасындағы серіктерімен де сөйлесе қоймайды. Үн-түнісі күйде аппақ қар басқан шетсіз-шексіз далаға ойлана көзінші, еліте қараумен отыр. Оқта-текте кеудесін кере дем алып, көктем лебін шаша бастаған қыр ауасын құмарта жұтады.

Бұл Омбы абақтысының тар қапасында өткен төрт жыл қамау мерімі аяқталып, енді Семей қалашығындағы солдат қызметіне келе жатқан, жер аударылған петрашевшіл жазушы Федор Михайлович Достоевский болатын. Иә, кәдімгі жұмыр жер жүніне белгілі, ұлы жазушы Федор Достоевский еді ол.

Ұшы-қиыры көрінбейтін ұзақ дала жолы үстінде ойланып отырған адамның басына көп ойлар келеді екен. Ол үшін кеше ташы абақтыдан шығып бір айдай ес жиып, өзді-өзіне келуге мүмкіндік әперген Омбыдағы Ивановтардың үйінде өткізген күндер тым-тым ыстық.

Дәл осы үйде ұлы жазушы қайта түлеп, қайта жаңарғандай болып еді. Осы бір үйде Достоевский бірнеше жылдар бойы докторынан айырылғандай, көрмей кеткен кітап-журналдарға бас қойып, олармен қайта қауышты. Олардағы соңғы әдеби жаңалықтармен танысып, ел өмірінен біраз хабардар болды. Осы үйде аса бір зерек те ақылды жас, европаша терең білімге ие дала перзенті, Батыс-Сібір генерал-губернаторының адъютанты Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановпен танысты. Тап қазір мына шексіз далада жол жүріп, шана үстінде келе жатып, сол бір Ивановтардың үйіндегі кездесудерде бұған аса ықылас қоя

тыңдап, кең пейілді әңгімелесулер құрған сол бір науша жігіттің келбеті еске түскенде Федор Михайловичтің ойлы жанарынан нұр төгіліп, кең маңдайлы жүзінен жылылық есіп қоя берді. Жүрек түкпірінде «Есімдерін әрдайым еске алатын тамаша адамдар әр жерде, әр халықта да бар-ау» деген толқынды сезім жүгіріп өткендей болды.

Қайда жүрсе де күнделік жазып жүретін Достоевский қазақ даласынан келген беттен көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіріп отырған. Ол өзімен кездескен адамдардың ой-пікірін, халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жазып ала берген.

«Мені Семейге, Қырғыз даласына алып келді... Қала кәдімгідей үлкен, тұрғындары да баршылық. Маңайы байтақ сахара. Жазы ұзақ, әрі ыстық... Өсімдігі шамалы, ағашы аз...» Семейге келіп, өзінің солдаттық қызметіне кіріскеннен кейін ағасы Михаил Михайловичке жазған хатында Достоевский Семейді осылай сипаттайды.

Қазақ арасында жүріп, көшпенділер тіршілігімен танысу барысында олардың дарқан көңілін, қонақжай пейілін көре отырып, Достоевский өзінің ауық-ауық Омбыда танысқан жас досы Шоқан Уәлихановты еске алар еді. Іштей Шоқан секілді қабілетті де талапты ұл өсірген дарынды халықтың оқуға, білім алуға қолы жетпей отырғанына қатты қапаланып, қынжылатынды.

Шоқан Семейге генерал-губернатор Гасфорттың нөкерлерінің құрамында келген-ді. Бұл осыдан бір жарым жыл бұрын Омбыда Ивановтың үйінде өткен таныстықтың әрі қарай жалғасуы, үлкен достыққа ұласуының басы еді. Олар сонда талайдан араласып жүрген жандардай қызу да ықыласты әңгімелер өрбіткен.

Сонымен арада бір жыл өткенде 1856 жылдың көкек айында Шоқан ұлы жазушыға тағы да соқты. Осыдан бір ай бұрын ғана поручик шенін алған Уәлиханов бұл жолы әскери-ғылыми экспедиция құрамында Ыстықкөл сапарына аттанып бара жатқан. Әрі бұл кезде Достоевскийдің басында да біраз өзгерістер өткен-ді. Ең алдымен сол жылдың басында ол солдаттықтағы унтер-офицерлікке көтерілді. Алайда ғұлама жазушының

жаны ыстырап жүрген жайы да жоқ емес-ті. Оған әрқашан ыстық отынап көрсетіп, қолынан келгенше көмек көрсетіп, аса қамқор болып жүрген Врангель де Семейден басқа жаққа жұмысқа ауыстып кетіп еді. Дегенмен қиыншылығы мол солдат өмірінен шығатын әдәуір уақыттар бойы қол үзіп, тастап кеткен жазушылық жұмысына қайта оралғандай болды. Тап осы қазақ даласында, Семей жерінде бұдан төрт айдай бұрын атакты «Ағайдың түсі» атты тамаша повесін бастаған болатын. Әзірше бет алысы жаман емес, біраз ойларын қағаз бетіне түсіріп, біраз жұмыстың басын кайтарып тастаған сыңайлы.

Достоевский Шоқанның келгеніне қатты қуанады. Олардың бірі бірі пым жақсы көріп қалғаны, әңгімелерінің жарастылығы үшін уақыт түскен сайын айқындала береді. Кадет корпусында жүрген кездің өзінде географиялық әртүрлі саяхаттарға қатысты еңбектерден басқа талай кітаптарды, сол кезеңнің ең үздік жұришлары «Отечественные записки» мен «Современникті» оқыған, өзінің досы Достоевскийдің алғашқы туындысы «Анна Каренинаға» тәңгі болған жас Шоқанға сол жазушының өзімен піделісіп, сойлесу ерекше әсер қалдырғаны айдан анық. Сондай-ақ Достоевскийдің де өз қатарлары арасынан ақылымен, талантымен, алғыр да сергек ойларымен ерекше байқалатын дара перзентіне ықыласы ауған еді. Шоқанның алыс сапарлар, ашылмаған қияндар туралы армандайтын романтикалық түңінісі, ұлы жазушының көкейінен дөп табылғандай еді.

Шоқан сол 1856 жылдың күзінде Ыстықкөл мен Құлжа шаирынап қайтып келе жатқан кезінде де Семейге аялдап, жазушы досымен тағы да әлденеше күндер бойы рәуішті уақыттар өткізген.

Сол жолы Омбыға қайтып келгесін Шоқан Семейде қалған досына хат жазады. Сол тарихи хатта мынадай жолдар бар: «Көптен-көп құрметті Федор Михайлович, өзіңізбен бірге Семейде өткізген көп күндер қандай тәуір болды, – деп жазады ол. – Енді міне тағы да сондай күндер қашан туар екен. Сіздің қасыңызда тағы да болармын ба екем деп армандап та кетемін. Мен сезім жайында, біреуге деген ықылас хақында жазуға онша

шебер емеспін, мүмкін оның осы арада нақ қажеті де жоқ шығар. Сіз, әрине, түсінесіз, менің Сізге ықыласым қатты түсті. Және мен Сізді соншалық сүйемін...»

Аз күннен кейін Шоқан бұл хатына жауап та алған. Достоевский оған өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздерімен жауап қайтарыпты. Сол жауап хаттағы мына ақ пейілді, ақтара сөйлеген жүрек сөздерін қалай ғана тебіренбей оқи аларсың. Ұлы жазушы досы Шоқанға былай дейді: «Мейірбан достым, менің. Сіздің хатыңызды маған Александр Николаевич табыс етті. Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал енді мен Сізге қысылмай-ақ тура айтайын, мен Сізге ғашық болып қалдым. Мен ешуақытта да, ешкімге де, тіпті бірге туган бауырыма да тап Сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін. Бұған талай дәлел келтіруге болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай беремін. Ал енді Сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін пығарсыз деймін қымбатты Уәлиханов, және бұл тақырыпқа тең он кітап жазсаң да бәрібір түк жаза алмайсың».

Қандай пынайы көңіл, ақтарылған пәк пейіл десеңізші! Бұл жолдардан екі халықтың екі ұлы ардагерінің рухани жақындығының, рухани ұғынысуының үлгі боларлықтай тамаша бір белгісін көргендей боламыз. Әрі осы хатта Достоевскийдің үлкен жүрегі, ұлы психологтың болашақты бағдарлай білетін ғажайып данышпандығы мен ойшылдық бітімі айқын аңғарылады.

Ұлы жазушы Шоқанға жазған ұзақ хатының орта тұсында тағы да былай дейді: «Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз, Сіздің метариалыңыз өте көп. Дала туралы мақала жазыңыз... Сіз өзі тағдырыңызды Отанымызға ерекше пайдалы болғандай етіп соның игілігіне бағыптауыңызға болар еді. Мысалы, Даланың не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екенін Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат қасиетті іс емес пе... Сіз өзіңіздің европаша терең білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге алыңыз. Оның үстіне тағдыр Сізге ұлы жүрек, асыл қасиеттер беріп, тамаша адам етіп жаратқан...»

Уәлиханов пен орыстың ұлы жазушысы Достоевскийдің

достық қарым-қатынастары бұдан кейінгі жылдары да хат арқылы, бетпе-бет жүздесу арқылы да жалғасып жатты. Шоқан Семейдегі осынау тарихи кездесулерден соң Омбыға аттанады. Арда екі айдай уақыт өткен соң екі дос Омбыда тағы да кездеседі. Федор Михайлович бұл жолы өзіне бостандық алып, қазақ жермен, елімен, ондағы көптеген достарымен қоштасып Ресейге, Іверьге кетіп бара жатқан еді.

1863 жылы штабс-ротмистр Шоқан Уәлиханов науқастануына байланысты Петербургтен елге қайтады. Шұрайлы Сырымбет баурайында ол біраз емделіп, тынығады. Ал Достоевский екеуінің арасындағы байланыс сырттай хат алысулар арқылы болғанмен, екі ұлы адамның қайтып көрісуіне талдыр жазбады, арада аз уақыт өткеннен кейін Шоқан жасы отанна толар-толмаста дүниеден өтті.

О, тағдыр-ай десеңші, Айыртау мен Сырымбет тал бесік боп өрбестекен бала Шоқанға, бүкіл қазақ жұрты аспанға көтеріп ардақтаған, барша шет жұрт құрметтеп, бүкіл әлем таныған, дүние жүзіне әйгілі дарынды да ұлы жазушы Ф.М.Достоевский өмішак болған дана Шоқанға топырақ елден шалғай, түстіктегі Жоңғар Алатауының баурайындағы Алтынемелден бұйырады деп кім ойлаған. Шоқан зираты дәлірек айтсақ Талдықорған өңірінің Алтынемел баурайындағы Майтөбеде жатыр. Ол қазіргі Кербұлақ ауданының бұрынғы Шоқан атындағы колхозының жері.

1981 жылдың мамыр айында жол түсіп Талдықорғанның Кербұлақ ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы колхозда болдым. Мақсат – бүгінгі алты алаштың алға салар мақтанышы, өміміздің біртуар ұлы, қазақтың тұңғыш ғалымы, өзіміздің Көкшетауда туып, Сырымбетте өскен жерлесіміздің сол топырақтағы сүйегіне зират етіп, дәл сол колхозда біз барардың алдында ғана салынып бітті деген, бірақ әлі ресми ашылмаған Шоқан ескерткішін, осындағы шағын клубтың бірер бөлмесін алып, жаңадан ғана құрала бастаған Шоқан мұражайымен танысу болатын.

Алдымен осы колхоздан бес-алты шақырым шамасындағы

Майтөбе басындағы Шоқан бабамыздың зиратына бірінші бардық. Мұсылман рәсімі бойынша осында арнайы келген сол кешегі Алматы жоғары партия мектебінің бір топ тыңдаушылары Шоқан зиратына құран оқып, бет сипадық, біздер сол жылы Сарыөзекте қысқа мерзімді офицерлік дайындық курсынан өтіп жатқанбыз. Солардың арасындағы біздер, көкшетаулық жігіттер осы сапарды ұйымдастыруға мұрындық болған едік.

Тезек және Көшен төрелермен қатар жатқан Шоқан зиратының басындағы ақ мраморлы құлпытас зәулім-ақ. Оны 1958 жылы Қазақстан үкіметі орнатқан екен. Д.А.Қонаевтың қолдауымен орнатылған осынау құлпытаспен бірге оның жанында Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның құзыры бойынша генерал-лейтенант Колпаковский орнатқан ескі құлпытас та сақталған екен. Көненің көзіндей болған бұл белгі сол замандағы ресми өкімет орындарының да ұлыларды тануының, Шоқанның ғылыми жұмыстарына үлкен баға беруінің, әйгілі ғалымға ерекше құрмет көрсетілуінің куәсіндей әсер етті. 1881 жылы орнатылған осынау ескі құлпытаста славян әрпімен жазылған мынадай жазулар бар: «Бұл жерде 1865 жылы қайтыс болған штабс-ротмистр Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың мүрдесі жатыр. Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адъютант Кауфманның құзыры бойынша Уәлихановтың ғалымдық еңбегін ескере отырып оған осы ескерткіш белгіні қоюшы генерал-лейтенант Колпаковский. 1881 жыл».

Майтөбе үстіндегі зират аумағы жасыл желекке бөленген. Хош иісті гүлдерден көз қарығады. Зират қоршаулары, кіре беріс алды, ішіндегі жолдар жинақы, таза, сәулетті ұсталған. Төбе үстіндегі келгендер отыратын күнқағары бар, дөңгеленте салынған жайма дөңгелек столы, орындықтары бар арнаулы орында бізге бауырсақ төгіліп, қымыз құйылып, ас ауыз тигізілді.

Майтөбедегі айналаның бәрі алақандағыдай көрінеді. Көз ұшында Түлкілі, Сатылы, Матай таулары бұлдырап шалынады. Сол жерден 30-35 шақырымдай ғана әрірек әйгілі Ұлы Жібек жолы өтіп, атақты Алтынемел асуынан асады екен. Сол тұстан Қытай шекарасы қол созым жерде.

Шоқан ескерткіші ауылдың қақ алдындағы ғажайып табиғи жотаға тұрғызылыпты. Біздіңше мүсінші мен сәулетшінің тандаулары өте сәтті шыққан. Ескерткіш алды өрме баспалдақтар, гранитті, мраморлы қабырғалар, төнірек түтел жасыл желек, бау мен бақшаға малынған. Колхоздағы осы биік ескерткіш, оның алдындағы Шоқан мұражайы, Майтөбедегі ақшаңқан обелискілі зират бір-бірімен қосылып танымдық үшбұрыш кешен жасайды.

Біз Шоқан мұражайына барып біраз құнды-құнды жәдігерлермен таныстық. Біз болған кезде мұражай үйі мәдениет үйінің бір бөлмесіне ғана орналасқан еді. Қазір оған жеке үй салынған. Мұражайды алғаш ұйымдастырушы Игібай Базарбаев иқсақалмен көп әңгімелескен едік. Ол кісі Шоқан колхозын 1979 жылға дейін он бес жыл бойы басқарған. Игібай Базарбаев Шоқан тағлымын насихаттаушы, оның осындағы мұражайы мен ескерткішін ашуға барынша қамқор болушы адам екен. Сол кездегі өкімет наградаларының түтел иегері атанған ардагер аға өз ойларын орындатып тынған. Ол ұрпақ алдындағы парызын өтеген адам, әрі Шоқан аруағы оған әбден риза. Біз болғанда колхозға Тоқтарбай Кәрібаев деген азамат төрағалық етеді екен. Ал Шоқан зиратын, ескерткіші мен мұражайын көрсетіп, жолсерік болған колхоздың бас зоотехнигі Сейіт Атабаевты әлі күнге дейін ұмытқан жоқпын.

Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановқа жасалған осы колхоздағы үлкен құрметке аса разы болған шынайы көңілімізді мұражайдың жаңадан ғана басталған алғыс-тілек кітапшасының ең алғашқы беттерінде жазып қалдырған едік. Осыдан жиырма жылға жуық бұрын 56 мың қойы бар, 7 мың тектардай дәнді дақыл себетін, көкөніс, бау-бақша өсіретін Галдықорғандағы Шоқан атындағы шаруашылықтың қазіргідей тәуелсіздік алған егемен еліміздің ортасында бұрынғыдан да көркейіп, өркен жайып отырғанына еш күмәніміз жоқ.

Бүгінгі Шоқан ұрпақтары болса ғұлама ғалым рухын биіктерге көтеріп келеді. Шоқан Уәлиханов есімі ел есінде мәңгі сақталады, сақталуда, сақтала да бермек. Оның атындағы аудандар, оқу орындары мен мәдениет ошақтары, шаруашылықтар мен

кәсіпорындар, алаңдар мен көшелер жеткілікті. Мен 1959 жылы Алматыда, 1971 жылы Көкшетауда ашылған Шоқан ескерткіштерінің куәсі болдым. Әлі есімде, 1971 жылы Көкшетау қаласында жерлес сәулетші Т.Досмағанбетовтың авторлығымен Шоқан ескерткіші орнатылды.

Оның ашылу салтанатында С.Мұқанов сөз сөйледі. Оның орнатылуына сол кезде Көкшетауда нешеме сәулетті әкімшілік және мәдени ғимараттар салғызып жерлестер алғысына бөленген, қазір де тұрғындар рахмет айтып отыратын Е.Әуелбеков сынды ел азаматының қамқоршы болғанын жақсы білеміз. Шоқанға орнатылған Алатаудағы, Алтынемелдегі, Көкшетаудағы ескерткіштер Іле және Жоңғар Алатауларындағы, Көкшетау мен Сырымбеттегі шыңдардан әлдеқайда биік те асқақ көрінеді. Өйткені Шоқан шыңы – адамзат өркениетінің өр шыңы. Шоқан пыңдарына бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өршіл жастары талмай өрлей бермек.

Әр жерде қияқ тілі қылпылдаған

*Кең алқым, кең көмейлі, даусы керней,
Ақырмай ән салмайды көкірек кермей.
Астынан алты қырдың естіледі,
Шырқаса екіленіп құлаш сермей.*

Сәкен Сейфуллин

1925 жылдың жайма шуақ жазында көрнекті қоғам қайраткері, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көркемсөз классигі, сұңғыла ақын Сәкен Сейфуллин жер бөлісі мәселелерімен Көкшетауға келеді. Сол жолы сырбаз Сәкенді бір көріп қалуды армандап жүрген Үкілі Ыбырай Бурабайда жатқан оны әдейі іздеп барады. Үкілі Ыбырайдың ардақты Сәкенмен Бурабайдың Оқжетпес етегіндегі сәтті де рәуішті бұл кездесу тарихи көп сырларға қанықтыра түседі. Қазақтың мандайына біткен екі дарын иесінің Арқаның бір кербез сұлу жер шоктығында

жолы мен, бір-бірімен ұзақ-ұзақ әңгіме-дүкен құруы екеуінің өміріне де өшпес із қалдырған ұмытылмас сәттер еді. Сонда өнер мен өмістің қос жұлдызы бір-біріне деген сүйіспеншілік, інкәрлік сезіммен сыр шертіскен. Өнер адамдарын жанындай жақсы көретін кербез Сәкен қаршығадай қағылез қалыпта шабыттанып кеткен Үкілі Ыбырайға ән салдырып, оның сирек те аса биік даусын, тамылжыған үнін тапжылмай отырып тыңдаған. Ожестің шыңынан әрі өрлей шығып, Бурабай аспанына көтеріліп кеткен Үкілі Ыбырай әндеріне қатты қайран қалған Сәкен ұшып тұра келіп аса бір ризашылықпен, оған деген риясыз көңілімен, құрметпен басын иіп, сақалын сүйген екен. Жоғарыдағы эпиграф – Ыбырай әндерін тыңдағанда, көзін жұмып таң қалған Сәкен Сейфуллиннің жүрегін жарып шыққан шыршумақтарының бірі. Кейін С. Сейфуллин өзінің «Көкшетау» романында да Арқа әншілерінің қайталанбас қас өнерлеріне нағыз баға берді. Оның классикалық туындысындағы:

Туса егер өнерлі елдің бақтарына,
Білім ап жүрсе бәрі баптарында,
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар,
Алмас ед Шаляпинді қапталына, - деген шумақ

Арқа әншілерінің дара дарындарын айқын көрсетсе керек.

Ұлғымыздың мақтанышына, халқымыздың ардақтысына айналған ажарма ақын, асқақ әнші, дарынды композитор Үкілі Ыбырайдың артына қалдырған мол мұраларынан кешегі және бүгінгі ұрпақ, міне, бір жарым ғасырға жуық нәр алып, ән мен өнердегі оның баға жетпес жауһар туындыларын ортақ қазынаға айналдырып келеді. Дәулескер әнші болған Үкілі атамызды ағалыңы толқындар – Орынбай, Біржан сал, Ақан сері салған соқпақты өнер жолы алға жетелеп, өнердегі асыл мұратын әншіліктен ақындыққа, ақындықтан композиторлыққа жалғастырып жеткен.

Олшай болса, сирек кездесетін танымал талант иесі Үкілі Ыбырайдай қайталанбас асылымызды қастерлеп, қадірлеп, аялай біну, еске алып, бағалап отыру – бүгінгі және ертеңгі ұрпақтарымыздың қасиетті парызымыз болуы тиіс. Ендеше Ыбырай әндері мен олардың әсемдігі, көркемдігі, әсерлігі, нақыш-

ірімдері жайлы өз ойымызды қысқа болса да білдіре кетуді артықтығы бола қоймас.

Көгілдір таулар өлкесі – кербез Көкшетау өңірі өмір бақи әл салып тұрғандай көрінеді. Ән болғанда қандай, әсем ән, әрлі ән әйбәт ән! Ал соларды шығарушылар мен орындаушыларды әйді дарындылар демей көр. Көкшетау ежелден ән мен жырды алтын бесігі болса, оның бір пұшпағы Айыртау – ән-Меккес атанған. Өнердің осындай құнарлы топырағында түлеп-өскен Шал (Құлекеұлы), Орынбай, Шөже, Тезекбай, Арыстанбай Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Тоғжан, Нияз сері, Сегі сері, Сұлтанмұрат, Әміре, Молдахмет, Байсейіт, Темірғали Сұраған, Беркімбай, Шомат, Игібай, Ғалым, Жарман Ахметжандар арғы-бергі ата-баба мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, үзбей келді.

Бойынды сергітіп, ойынды серпілтетін ең бір құдіретті күш ән дер едім. Әрине, Абай айтқандай, «әннің де естісі мен есері жүрекке жылы тиіп, жетері» болады. Үкілі Ыбырай әндері – күш осы уақытқа дейін жұрт сүйсіне айтып, ләззат алатын жүректерге нәр құйып, бойға қуат, ойға азық болатын әсерлі әндер. Адам бойы дел-сал боп, жан-дүниені жұтаң тартқан кезде еңсенді биіктетіп, есінді жиғызатын ерен күш-қайрат әннен ғана табылады. Ыбырай әндері әп-сәтте құлшындырып, қаршығадай түлетіп, қырандай қанаттандырып жібереді. Ыбырай әндерінің шұағы, сезімнің ең бір нәзік қылдарын қозғайтын әсері ерекше бір ләззатқа бөлеп, бір сәт ғажайып тылсым дүние құшағын енгендей күй кештіретіні бар.

Ыбырай – сезімнің ақыны, ол күрделі де тұңғыш, тылсым дүниенің ішкі сырлары мен сан қырын түйсіне отырып, түйіп жасайтын ақылман ақын. Әрі Ыбырай көмейінен көріктеп күмпілдеген бұла үнмен, самалдай майда лепті, сазды әуенмен ән шырақанда, немесе сайраған қызыл тіліне ерік беріп маржаңдай сөз тізбектеп, өлең құрағанда еш қиналмаған, қайтса сарқыраған тау бұлағындай тоқтаусыз жөңкіліп, төкпеле ағындаған. Ойлы да мәнді, мазмұнды, ұшқыр ойлы келетін өлең мәтіндері шиыршық атқан шалқар шабыттың, талқырлықтың

сенімшылдықтың, көрегендікпен тез танығыш аңғарымпаздықтың, байқағыштықтың, білімдарлық пен сауаттылықтың белгілерін көрсетіп тұрады.

Ән күдіретті рухани байлық, қуатты күш. Ол аузын арандай ашқан ажалдан да үстемірек, мықтырақ. Ән жаныңды оларатады, тәніңді тыңайтады, бойыңды сергітіп, көңіліңді көтереді. Ол сенім мен үмітке, арманға қол создырады, жасыған жаныңа жігер беріп, көңіліңе медеу табады. Үкілі Ыбырай өнерінің бәрі осындай қасиеттерге ие. Бір ғана «Толқынын» мына естіп, толғанып көрейікші.

«Толқын» - Үкілі Ыбырайдың өнер мен өлең өлкесіндегі өрнін, ән табиғатындағы өзіндік жеке жаратылысын айқындайтын айрықша әсем ән. Оның толқындарында толқын өрнін ескінін ағыс әуені жайлап, бара-бара қуаттанып, өр биікке ұмтылар өрісіне құмарлана құлаш ұрады. Бұл жай ғана ағыс емес, гүл бөйіңде толассыз ағын, керемет күш беретін жал-жал, гүлдек-гүлдек толқындар. Ол – әннің әдемі иірімдерімен, өрніктерімен сезілетін өмір толқындары, табиғат-ананың тамашылан сұлулық толқындары. Ол – адамның ішкі көңіл-күйінің моншақтай шашылған шуақты толқындары. Ән-әуеннің мұндай әсем толқынын дара дарын иесі Үкілі Ыбырайдан ғана естуге мүмкін-ау. Ғажайып сыр толқытар ән-толқыннан бойың биіксіп, ойың шалқып шаттанасың. Оны естігенде құмарың бір тарқап, әнге деген құштарлығыңда шек болмайды. Ән-толқынмен бірге толқисың, өмір мен өнер айдынында бірге жүрсің, бірге қалқисың.

Әншілік, ақындық, орындаушылық сияқты үш тағанды тұтасқан өнер – Үкілі Ыбырай шығармашылығының түп қазығы. Әнне сай құраған сөз мәтіндері бір-бірімен табиғи үйлесіп, тұтас бірлікте келеді. Әрине, Ыбырай ақындығы, әншілігі, ән орындаудағы дарындылығы жайлы аз жазылып, аз айтылған жоқ. Ырық Ыбырай туралы әңгіме түгесіліп бітті деу тағы қисынға келмейді. Ел ішінде Ыбырай сөздері әлі де баршылық. Жұрт жадындағысы бізге жетпей, ел аузында қалғаны алынбай, жабулы қазан жабулы жатқаны қаншама.

Ел-елді, жер-жерді көп аралап, талай елдің дәмін татқан Үкілі Ыбырай да дүбірлі жиын-тойларда, таныс, бейтаныс адамдармен, игі жақсылармен жүздесіп, қауыштарда, алыс беріс, сауда-саттық қыздырған жәрмеңкелер мен қан базарларда ұлан-асыр астарда жұртшылыққа кеңінен танылып, әндері мен өлеңдері, жырлары тыңдаушы көпшіліктің игілігіне, рухани азығына, шынайы халық меншігіне айналып отырған. Жүрегі жеткен Ыбырай өлеңдері жұрт жадында жатталса, ол туралы небір қызықты аңыз-әңгімелер бірден-бірге жеткен.

Үкілі Ыбырай шығармашылығының бір қыры – өлеңді қолма қол суырып салатын айтыскер ақындығы. Бұл саладағы Ыбырай мұралары да зерттеуді қажет ететін тың тақырыптар. Оны айтыса кеткенде уытты тілі тиген жерін орып, қарпыған жері қиып отырған. Оған Доскей Әлімбаев, қыпшақ Құдайбергелі Есімбек сияқты ақындармен айтысып, қағысулары дәлел. Өтте оның айтыстары мен қағысулары қатталмай, жатталмай қалған өкіңдіреді.

Бұл жазбамыздың басты мақсаты – кейбір тарихи деректерге Ыбырайды көрген-білгендердің ел аузында қалған ескі әңгімелеріне, бірден-бірге жеткен естеліктеріне сүйене отырып әнші-ақынның өмірі мен шығармашылығының беймәлім беттері ашып, сиректеу айтылатын сарқыт сөздерін жария ету еді. Енді солардан сыр тартайық.

Алдымен ақын Ыбырай атамызға Үкілі деген қосалқы атты қалай берілгені туралы деректердің біріне зейін салып көрейік. Бұл жай Солтүстік Қазақстан облысының Жалғызтап жанабындағы ауыл тумасы, Ыбырайды өз көзімен көрген әңгімесін тыңдаған Совет Одағының Батыры Жәлел Қизатовты «Өмір өткелдерінен» деп аталатын кітабында Ыбырайдың өмірі мен аузымен баяндалған екен.

- Атбасардың жәрмеңкесі болады деген соң соған бардым. Жай барғам жоқ, әдемі қорапты тараптасқа пар ат жегіп қоныраулатып бардым. Ауылдан шығарда Сәмеке төр Петербордан әкелген әдемі қара қалпағын берген. Сол қалпақты төбесіне бір топ үкінің қанатын тағып алдым. Шашымды

сұрастың погтарьның шашындай етіп өсіріп жібердім.

Атбасардың жәрмеңкесінде мені Арғын мен Қыпшақтың, өгір мен өзге де шала қазақтың ығай мен сығайлары тік көтеріп жолы Біреулер «Қарадан хан болған аға сұлтан Құнанбайдың Абайынан да асқан ақын, дүние ғылымын тауысқан Ыбырай өлеңшісі» деп қауесет таратып жіберіпті. Кейіннен олар мені Қарауылдың бұлбұлы екенімді, Ақан серінің інісі екенімді білгеннен кейін Абаймен шатастырмас үшін «Үкілі Ыбырай» деп ата қойды. Міне, менің «Үкілі Ыбырай» атануым осыдан.

Осы жайларды Үкілі Ыбырай өзі шығарған өлеңге қосқан. Домбырамен термелей жөнелетін бұл өлең мәтіні былай келеді:

Құлаштап домбырамды сермейін де,
Бір төмен, бір жоғары өрлейін де.
Атыңнан айналайын, қайран халқым,
Тигізбей өсіріп ең жел мен күнге.
Ойладым Атбасарға барайын деп,
Лайғайды жиын-тойда салайын деп.
Кем емес көп ақыннан өнерім бар,
Елеусіз қап түбінде қалмайын деп.
Тізгінді тәуекелге түйіп алдым,
Менде жоқ, жұртта барын жиып алдым.
Ылғи драп, трико қайдан болсын,
Ақ шапан, ақ шалбарды киіп алдым.
Жеткенше Атбасарға сайрандатып,
Он шапан, отыз теңге жиып алдым.
Жанымда нөкер болған жолдастардың
Бәрін де олжадан құр қалдырмадым.
Жастайымнан көп елдің дәмін таттым,
Әнмен, жырмен халқымды ащылаттым.
Сәмекеден киіп ем қара қалпақ,
Бір буда жалғап қанат үкі тақтым.
Ол кезде шаш алдыру білмейтінмін,
Құлағымнан түсіріп салбыраттым.
Пері ме, диуана ма, бақсы ма деп,
Бар көрген базаршыны таңырқаттым.

Қияқ тілді Ыбырай ақын «бетін бар, жүзін бар» демей, ашық шындықты, көзге көрініп тұрған кемшіліктерді, жағымпаздық мен мансапқорлықты, күншілдік пен кеудемсоқтықты мінеп, бетке айтып отырған. Бір жылы Үкілі Ыбырай Тайынша базарынан шығып, қасында бір топ сері жігіттері бар, бұрыннан таныс; замандасы Маймақтың үйіне түседі. Әуелі сіңірі шыққан кедей болған Маймақ бұл кезде болыста билік қызмет атқарып, дәулет артып, байып, мейманасы тасыған шағы екен. Ол келген меймандарға менсінбей қарап, Ыбырайдың сәлемін дұрыс алмай, кекірейе қалады. Сонда Ыбырай домбырасын ала сап өлендетіп қоя беріпті.

Бұқшантайдың баласы Маймақ едің,
Өлі жүнің түспеген тайлақ едің.
Әкенді көрмесем де, естуім бар,
Арбаңа жалғыз сиыр байлап едің.
Аузың асқа жарымай сол жылдары,
Қара нан қатырлатып шайнап едің.
Бір қатынға беруге малың жетпей,
Келгенше отыз беске бойдақ едің.
Бұл күнде болыспын деп күпсінесің,
Сол кезде Маймақ болсаң, қайда едің?
Мен сені жамандайын деген жоқ ем,
Сен қаспақ, мен халқымның қаймағы едім, - деп

Маймақ байдың шат-шәлекейін шығарады.

Талай-талай елдің дәмін татып, жүрген жерін әнмен қырғанда Үкілі Ыбырай ақынның тілі уытты, мысқылшыл, уәжді сөздер семсердей тіліп, наркескендей қиып түсетін болған. Әрі Ыбырай ақын өлеңді қолма-қол суырып салып, шапшаң жауап қайтарудың үрдісінен еш жаңылмаған. Ыбырайдың осындай айтқыштық, тапқырлық өнерін дәлелдейтін ел аузында «Ыбырай айтты» деген сарқыт сөздер жеткілікті. Оның Қызылжардың батыс беткейіндегі Кіпитан (Пресновка) және Болатнай (Новорыбинка) базарларына барған кезде шығарған осындай өлендері жұрт жадында сақталып қалған.

Осылайша ел аралап, ән салып жүрген Үкілі Ыбырай бі

Аллаш шала қазақ татар ақынсымағы Қырым дегенмен кездесіп
алса керек. Ол үсті-басы әлем-жәлем, шашын қоя берген,
көзіне ұна үкі таққан Ыбырайға окшырая қарап:

Ел жақсысы екенсің малдай баққан,

Әке-пешен жасыннан ұрмай қаққан.

Еркек пе, ұрғашы ма, танымадым,

Кім едің қара қалпақ үкі таққан, - дейді.

Мұндайға есе жіберіп көрмеген Үкілі Ыбырай қолма-

ғы

Замандас, жүзімізді танып қара,

Бетіме шүбәләнбай анық қара.

Еркек пе, ұрғашы ма танытайын,

Апар да енеңізге салып қара, - деп әлгі ақынсымақты

өзін қалтырады. Жұрт күле берген соң Қырым жиынды тастап,
шығып кеткен екен.

Үкілі Ыбырай шығармашылығын асқақ әнші, талапты
композитор, сөздері уәлі ақын ұлытаулық Тайжан Қалмағамбетов
өмірімен және өнерімен байланыстыра, өзектестіре қараудың реті
өзі Сегіз қырлы, бір сырлы Тайжан ақынның Үкілі Ыбыраймен
нағашылы-жиенді туысқандық қатынасы бар. Ыбырайдың Мейіз
деген апасынан туған Тайжан ақын бала жасынан жиендік
қатынасымен Ұлытаудан Жалғызтауға жиі келіп жүріпті. Жасы 13-
14-ке келген кезінде сол Тайжан өзінен 18-19 жастай үлкендігі
өзі нағашысы Үкілі Ыбырайдан бата алуға келеді. Оның сонда
атаған өлеңі былай басталады:

Халқым сүйіп қойыпты атым Тайжан,

Егіз туған атадан Арғын-Найман.

Аласы-бересім жоқ Қарауылда,

Бата тілеп келіп ем Ыбырайдан.

Ыбырай шәкірттері, Арқаның танымал көптеген әншілері
«Тайжан әні» деп аталатын бұл әнді сүйсіне айтып жүрген.

Бірі Ұлытауға, бірі Жалғызтауға барып, бір-бірімен кездесе
жеткенде, нағашылы-жиенді ақындар жарасымды әзіл
жарастырып, қағысып қала береді екен. Зілі жоқ қалжыңға, әзіл-
өкілікке жақын жүретін орақ тілді әнші-ақындардың ойда жоқты

шығарып, суырып салатын өлең қағусыларына тыңда отырғандар мәз болып, рахатқа бататын. Сондай бір кездесуде Тайжан ақын Үкілі Ыбырайға:

Жиенің Бағаналы марқасынан,
Жұлде алған мырзалардың қалтасынан.
Байлықпен менің әкем сатып алып,
Апаңды салып қойды шалқасынан, - деген ғой.

Сонда Ыбырай жұлып алғандай:

Жиенжан екеуіміз де келдік шеттен,
Баласы Арғын-Найман еркелеткен.
Адам-Ата, Хауа-Анадан бермен қарай,
Әйелге еркек біткен үкім еткен.
Несіне соны маған салық қылдың,
Менің атам сенің енеңнің енесінің енесін,
Өмір-бақи сұғып өткен, - дегенде, «әй, нағаш

ағам-ау, сөз дегенде не жының бар, сыбағамды бердің ғой,» деп тоқтапты. Содан кейін Ыбекенә жиені байқап-байқап тиісеті болған.

1974 жылы бұрынғы Көкшетау, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы сал-серілер мекені болған арайлы Айыртау ауданындағы туған ауылыма барған бір сапарымда ойда жоқ олжалы болам ғой деп ойлаған жоқ едім. Елдегі ескі үйімнің жанында шүйіркелесіп отырған, сол кезде жетпістің ортасына асып кеткен қайынатам Нұрмұханбет Рақымұлы әңгімедегі әңгіме шығарып, Үкілі Ыбырайдың біз естімізденген бір өлеңін суылдатып, жатқа айта бастады. Естімеген өлең сөздерін елендеп, қойын дәптеріме сол өлеңнің әр шумағын қайталап отырып жазып алдым. Ыбырайдың ең соңғы өлеңі осы екені өзі-ақ айтып тұр. Тағы бір оқыш көрелік.

Айқайлап ән саламын халқым енді,
Кең заман маған тарын дүние болды.
Атығай-Қарауылға тегіс сәлем,
Тыңдаған адам болса бұл өлеңді.
Дария көл, құрғақ құмға аяқ бастым,
Арттағы қалың елден ажырастым.

Көк Зеңгір көрінетін Жалғызтауым,
Топырақ туған жерге амандастым.
Адамға жазған нәсіп әлдеқайдан
Болмайды бұл сапарға ешбір қайлам.
Айқайлап қоштасайын, Көкшетауым,
Көсіліп мекен еткен ордам саған.
Бір ру, төрт момынның баласы едік,
Шырмалған қызыл гүлдің саласы едік.
Арқадан шырайлы жер қоныс алған,
Атығай-Қарауылдың баласы едік.
Темір жол келдім саған аяқ басып,
Арттағы туған елге амандасып,
Жиылған өңкей маңғаз зар еңірейді,
Көзіне қанды жасы араласып.
Будактап, бұрқылдатып жөнелді енді,
Көкшетау, айналайын, көрем бе енді?
Қия алмай қоштасқанын Ыбырайдың.
Аталар, аруағың біле ме енді?
Хан, кара, алаш демей қолымды арттым,
Кез келген жақсы-жайсаң таңырқаттым.
Ортаңда бұлбұлдайын сайраушы едім,
Мұнды әнмен жандарыңды жабырқаттым.
Желпініп етек жайған жерім қалды,
Тізелес бірге өскен ерім қалды.
Ортаңда еркелеп бір жүруші едім,
Есенбай – Жақсылықтай елім қалды.
Ақ орда, алтын бесік, аппақ жайым,
Жарасқан кең қонысқа көкорайым,
Ғасар менен ғарыпқа нәпқа болған,
Қызылжар, Көкшетаудай жерім дәйім.
Уа, халқым, бір дәм айдап шықтым шетке,
Рақым жоқ, бұл сапардан үміт етпе.
Дүниядан қазам жетіп өтіп кетсем,
Бақылдық, төрт момынға, айттым көпке.

Әлсіз сөздерінің өзі айтып отырғандай, бұл Үкілі Ыбырайдың

Көкшетау стансасынан Қызылжарға қарай әкетіп бара жатқанда туған өлең жолдары болса керек. Бұл өлеңді мен осы уақыт дейін ел ішіне кең тараған бір шығарма өлеңнің мұңды мақамымен домбыраға қосып айтып келемін. Сәті түсіп 1990 жылы Үкілі Ыбырайдың 130 жылдық торқалы тойы үстінде мені орындауымда тұңғыш рет сахнадан айтылды.

Кейін осы өлеңнің нұсқаларын тағы да екі-үш жерден, оның ішінде Орынбай ақынның немересі марқұм Молдахмет Ержанұлының балаларына қалдырып кеткен қолжазбаларының арасынан да кездестірдім. Аталардан мұндай асыл мұра, сарқыл сөздердің қаймағы бұзылмай, ұмыт қалмай бізге жетуі өнерсүйер, өлеңсүйер ұрпақтар сабақтастығының дәлелі демеске лажым жоқ. Осындайларды кейінгілер жаттап алып жалнастырып әкетсе құба-құл қой.

Артына өшпейтұғын сөз қалдырған айтулы ақын, ел падишасы, бұлбұл үнді, аққу сұңқылды, қаз дауысты, күмбіз көмей, әуез таңдай әнші Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының өмірі мен шығармашылығындағы көпшілік біле бермейтін, білсе де сирек айтылып, еміс-еміс қана естілетін өлең мәтіндерін еске салдық. Олардан ғибрат алу өнерсүйер қауымға парыз деп есептейміз. Үкілі Ыбырайдың өнердегі өмірі өнегелі өмір, сөз таптырмас тәлім мен тәрбие мектебі. Ол туған жер, өскелең ортасымен біте қайнасқан, кіндігі бір өнерпаз. Оның:

Аралап Орта жүзді тегістедім,

Қадір білмес жаманмен келіспедім.

Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,

Сен бақша, мен бір піскен жеміс едім, - деуі ақын ұлағатын ұқтырды. Олай болса қазақтың ұлттық өнерін әсем деп қайталанбас әндерімен әлемге танытқан талантты композитор асқақ әнші, ақиық ақынның бай мұралары халқының игілігін ұрпағының кәдесіне аса берері даусыз.

Көкшетаудың Көкені

Сұлу тәй сыланған кербез Көкше көлемінде, аргы-бергі еттеріміз ат тұяғын дүбірлетіп өткен айшықты Арқа аңғарында, тіпті ұлан-ғайыр казак даласының толайым төрт бұрышында Қазақстанның халық ақыны, кезінде айтыс өнерінде есімне ақын салмай кеткен, жалпак елінің қалың жұрты жапа-сырмаған қолпаштап, төбелеріне көтерген Көкен ақынды бағушылар, көргендер, көрмесе естігендер екінің бірі десем еш ұярмағаны жоқ дер едім. Расында да айтыскер ақын, жыршы Көкен Шәкейұлы Шәкеевті білетіндер көп. Мен де солардың біреулерімізденмін. Олай дейтінім, өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ұдайы жолығысып, бертін келе талай жылдар өнер көрсетіп сапарлас болған, дәмдес-тұздас, «әзілің жарасса өмісің ойына» дегендей, мүшел жас үлкендігі бола тұра қалжың қосып тұра, сыр ақтара әңгіме-дүкен құрған, небір қызық пен қызығарлыққа толы, ғибраты мол ақыл-кеңес алған сол бір ұлттық ағамас жылдарым күні бүгінгідей жадымда, көз алдымда. Ол болашақ, балуан тұлғалы, кең жауырынды, көзінен шуақ шапқылатып, жүзі жылы, ақсары өңді, жібек мінезді, турашыл, өкілге кең, сыпайы да салмақты, сабырлы Көкендей кербез ағамда, елаузындағы аңыз ақынды, ажарлы азаматты сағынтар, бірақ келіп келмес ғажайып бір кимас күндер екен-ау.

Өмірде жақсының жанында көп жүрсең оның жан-дүниесін, қоңыл-күйін, адами өзге де қасиеттерін түгелдей білмесең де там-тұмдап танысың. Ал оның үстіне аса сезімтал өмір жүрегінің лүпілін, жан сарайының мөлдірлігі мен пәк сөзінанып шынайы түйсіну тағы бір ғанибет. Соның бәрінен өмір көз бойың мен ойыңа рухани азық, ерекше бір ләззат, тәлім, бағрың алып, марқайып, серпіліп қаласың.

Ағаммен айтарымыз тәңірім табиғи талантты Көкен өзінен тағдыр талайына думанды, сауықшыл, әнші әрі сарынды, әңгімешіл, намысқой қазақ халқының ғана мандайына өткен өркеніне өзек, өміріне өрнек болған айтыскерлік өнерді өмірмен берген. Құдай берген дарынының арқасында Көкен

ақын сол өнердің өрісін ашып, арнасын тапты.

Айтыс ақыны да өзі өмір сүрген уақыттың, заман көшінің әді қазысы, төрешісі болып есептеледі. Ол қоғамдық құбылыст мн өзгерістердің, жаналықтар мен қуаныштардың, кемшілікте мен кінәраттардың, ерсі әдеттер мен қыңыр қылықтарды тамыршысы іспетті. Бұларды айтыс ақындары бұқпай жалтақтамай, ашық, тура айтып салады. Халықтың, қоғамның ойы мен пікірін айтыс ақыны айшықты тілмен, келісті се тіркестерімен нақ жеткізеді.

Қазақ халқының ұлы жазушысы, көркемсөз зергері, данағө Мұхтар Әуезовтің «...Өткен ауыр күндер ел ортасынан екі алуа адамдар шоғырын шығарды. Біреуі тарихи өлендерде саналға ел қаһармандары, екіншісі ел тілегін айтып, зар-мұнын сөзбе шығарған ойшыл қария, өлеңші ақын, жырау болатын. Бұларды туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірде туғандықтан, барлық ақынды тарихи көлемде қарастыру керек. Бұларды ұғу үшін соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек» деген ойымен пайымдасак Көкен ақын заманы туғызған, қазақ ұлтының келешегіне, ұрпақтарына сені артқан, сол елдің намысын, абыройын, тәуелсіздігін қорғағ батырлары мен билерін, көсемдері мен шешендерін, ақындар мен жыршыларын алға ұстап, шұрайлы өрістен нәр алы халықтық тұрғыда жыр толғаған, намысқа буып, талай-талай жүйріктермен де, жабырқау жабылармен де жарысқа түсі айтыс додаларында қыза шапқан шабыттың ақыны.

Көкен ақын қашанда көпшіліктің көңілін дөп басып, діндег жерден шығушы еді. Ойынан шығып жатқан ақынына ел-жұрт қалай шаттанбасын. Сол үшін де оны халқы қадірлеп, ал ұстады, еркелетті. Айтыс Көкен өнерін ашса, Көкен оны көкжиегін жаңа мазмұнмен кеңейтті. Сөйтіп ол айтыс жанрын қоғамдық ойдың, ортақ мақсатпен мүдденің қазанын қайнатты.

Енді біраз шегініс жасап, Қазақстанның халық ақыны атанғ Көкен ақынның ата-тегі, шыққан ортасы, айтыскерлік өнерін қайнар бастаулары, облыстық, республикалық деңгейдегі түр айтыстары. өсу-толысу баспалдақтары. жалпы өмі

шарманшалық мектептері жөнінен, өзіміз жанында жүріп, өлең көрген, көкірекпен ұққан адами қасиеттері жағынан қысқартып сыр тартуды жөн санаймыз.

Көкелі кербез Көкшетаудың ғана еншісіне бұйырған ақын Көкен Шәкейұлы атақты сал-серілер мекені Айыртаудың бір бөлігіне әкімшілік аймағына қараған айшықты өңірлерінің бірі – Айыртаудың самалды сайын жайлауының төрінде 1924 жылы дүниеге келген екен. Кейін Рузаев ауданы болып бөлінгенде сол аймаққа қараған. Сарыадырдың сары белін жанай аталып Көкеннің бір тармағы Ақанбұрлық өзені терең сайлы, ақынның кей тұста тік жарлауытты келеді, көктемде асау мінез болатын, сарқырап ағады. Ақынын жасынан әлдилеген Айыртау тармақтары әрі қарай Ақан тауымен астасып жатыр. Бала Көкеннің де, жігіт Көкеннің де, бозбала Көкеннің де, жігіт Көкеннің де бесікте ақынжанды анасы Ажардың әлдиімен туып өсіп өсіп шырай берген шұрайлы бұл топырақтың әсері мен өмір қиялы оятып, ұштауға ықпалы аз болмаса керек.

Көкен ағамыз Ноғай-Қарауылдың бір бұтағы Жиенбеттен шыққан Үриск батырдың ұрпағы. Ал арғы атасы Ақан да батыр болған. Сарыадыр жанабындағы Ақан тауы сол батырдың атымен аталып қалған. Кенесары бастаған ұлт-азаттық революциясында Қарауыл қолын осы Ақанның баласы атақты Жанысбай батыр бастағанын тарихи деректерден білеміз. Нәсіліне тиісінше батуан тұлғалы Көкен ақынның арғы тегі ел қорғаған өлең жүйрек, аруақты аталардың ұрпағынан екен.

Тегі өлең мен өнер атаулы нағашы жұрттан жұғады деген өлең тегін емес. Әңгімені әріден бастап, ескі шежірені қозғай отыратын Көкен ағаны бірде «осы өлең сізге кімнен ауды, түп тармақ қайда» дегенім бар. – Анам Ажар жас күнінде ақын болған екен. Ауыл-үй арасында Ажар айтыпты деген қағытпа өлеңдерді өзі естугі едім. Менің бала кезімде біздің үйге көп келетін көкелі досжар замандасы, сол кезде елге танылып қалған ақын, өлең, жыршы Шәкен Отызбаевпен де өлеңмен қағысып, жеңіп отырған ауылымыздың адамдары жыр ғыш айтып отыратын. Осы Шәкен ақын кейін маған ұстаз болды. Олай болса ақындық

анам аркылы Керей нағашыларымынан ауған ғой. «Түгел сөзді түбі бір – түп атасы Майқы би» дегендей, өлеңімнің түп төркі нағашылардан тараған қанымда, өзім ұқсап баққан ұстазы Шәкен Отызбаевтың тәлімі қонған жанымда, - деп сыр тартқан есімде.

Сол Шәкен Отызбаев ақын туралы Көкен ағамыз талай-талай әңгіме өрбітіп, шежіредей ой тербетіп, оның ақындық қуаты әспеттей айтып отырушы еді. Үйлеріне жиі келетін Шәкеннің әндері мен жырларын Шәкей балалары, әсіресе жас Көкен еліт тыңдап, оған еліктейтін. Осындай ақын болсам деген арман ұшқыны бала Көкен жүрегіне сол кезде түскен.

Жас Көкен бойындағы бұл ұшқынды сезімтал Шәкен ақын тез аңғарып, ән айтуға, өлең шығаруға бейімі бар балаға пейіл түсті, тәлім-тәрбие, ақыл-кеңес бсре бастады. Одан әрі Көкеннің өнердегі өрісі кеңейді. Ауыл арасында, аудан ішінде ақын-балалар атанды. Ұстазы жақсыдан ұстамды, ұғымтал, ұлағатты ұл өсті. Сөйтіп баласының бойындағы табиғи дарынды сезген анасы Ажар мен шәкіртінің талантын таныған Шәкен ақынның үміттері ақталды. Ол семейлік Қалихан ақынмен айтысында көрінді.

Жыр сайысында екеуі де хас жүйріктердей өршелен жүйткіген. Ақпа ақындардың ауыздарынан шыққан алтынды айшықты сөздерге, көмейлерінен шыққан сазды әуендерін домбыра шертістеріне халық аса разы болыпты. Атышулы Қалиханды да қайыстырған бұл айтыс Көкенді көкке өрлеті әкеткен алғашқы баспалдақ болды. Кейін сол Қалихан ақынның Келісті балуан тұлғасы, өктем де күшті даусы, домбыраны күмбірлете, құлпырта шертуді менің мысымды басып, еңсері әкетті, - деп Көкенді мойындай жазған екен.

Көкен 1972 жылы жыр алыбы Жамбылдың 125 жылды тойына орайластыра өткізілген Алматыдағы айтысқа Мұсамен бірге барған-ды. Бұл оның республикалық деңгейдегі екінші айтысқа қатысуы еді. Өнерлеріне тәнті болған толғамы биі Алматы көрермендері бұ жолы да Көкен мен Мұсаны айтысына зор қошамет білдірді. Академик жазушы Сәби Мұқанов бастаған қазылар алқасы Үкілі Ыбырайдың немере

мен құрмет корсетіп, ақындар айтысын Мұса Асайыновқа арнау-
шыр піткызып ашты.

Республикалық бұл айтыста Көкен талдықорғандық Әбікен
Тарбаевпен, ал Мұса ақмолалық ақын-келіншек Бикен
Тамасқыммен жыр жарыстырып, екеуі де халық көңілінен шықты.
Сөйтіп Көкен де, Мұса да жыр алыбы Жамбыл тойының бас
жүзесін жеңіп алды. Мұса ақынның сондағы арнау өлеңін мен
Мүскеңнің оз мақамымен күні осы уақытқа дейін айтып келемін.
Мұса ақын үнін, әуенін жаңғыртқан сол арнауды 1974 жылы
Тұржан салдың Еңбекшілдердегі 140 жылдық тойында бірге
болып, фестивальге қатысқан Кәрім Тахауин мен Көкен Шәкеев
өлеңіріама да айтып беріп, Мүскеңді тебірене еске алғанымыз
бар.

Менің Көкен бойынан бір байқаған тамаша қасиеттерінің бірі
үлкенді құрметтеу мен кішіге ізет көрсету, қамқор болу. Ол
өмірде де, өлеңде де сол адал көңілден, сыйластықтан айнымай
кетті. Оны 1980 жылы Қазақ ССР-інің 60 жылдық мерекесіне
және Көкен Әзірбаевтың 100 жылдығына орай 1984 жылы
Алматыда өткізілген республикалық айтыстарда жұп болған өз
шәкіт, тіпті баласындай Бүркіт Бекмағамбетовке де, екінші
айтыстағы талдықорғандық Хайдар Мамановқа да ізетті,
сыйлы, сыйластық, ағалық ақылды сөздермен жауап беріп
отырды. Мұнда да жұрт қошеметі Көкен жағында болды. Араға
отыр, одан да көп жылдар салып, сағынтып барып өткізілетін
өлеңдер айтысының Қазақстанда қанат жайып, кең өрістеуі
1984-1985 жылдардан басталды. Оған Жүрсін Ерманов
жетекшілік еткен облыстар ақындарының телевизиялық
командшалық айтыстары бастау болды. Жаңа бұл жобаның шарты
бойынша жұптасқан екі облыстың ақындар командалары
өлеңдер – түре, қайым, сүре, қыз бен жігіт, жұмбақ айтысы
сияқты жанрлары бойынша сайысқа түсетін.

Сөйтіп телевизиялық ақындар айтысының кезегі 1985 жылы
Тұранның Торғай және Көкшетау облыстарына тиді. Алматыда
өткен бұл өнер жарысына аталған екі облыстың әрқайсысынан
өлең айтыскер ақыннан, төрттен әнші-жыршылар апарылды.

Алматыдағы ең биік «Қазақстан» мейрамханасына орналасқан екі облыстың ақындары мен әнші-жыршылары үш-төрт күнде алдағы айтыстарға қызу дайындық жасап жаттық. Бас ақынның Көкен аға сонда қатты алаңдап, кәнігі бапкердей әрқайсымызды қас-қабағымызға қарап, қыдырып кетуімізге қатты тыйым салып отырды. Кезек-кезек бөлмесіне шақырып алып, жайлап сабырмен ақыл-кеңесін жалықпай айтып, домбыра тартқызып әуен-мақамымызды, дауыс ырғағын қайта-қайта тыңдап, мұқият қадағалап отырды.

Айтыс басталардан бір күн бұрын республикалық телестудияның музыкалық-фольклорлық редакциясы білестіндерден жыр-термелер, толғаулар, көне айтыстарды жазып аламыз деп қолқа салды. Қаншама жыр-толғаулар білетін Көкен ағам маған қарап: - Ал, Жұмаш, жолымды бердім, сәті түсіп тұр ғой, сен «Көкшетау» және «Құлагер» дастандарын айтып жүрудің едің ғой, біздің елден бір тәбарік болсын, бейнетаспаға жаздырып кет, - деді. Қобалжысам да ағамды арқаланып, әрі оның сөзін жақсы жақпай жаздыруға келісіп, түстен кейін қолымда домбыра, жақ жақтағы қуатты прожекторларынан жарық беріп тұрған студияның түсіру залында отырдым. Сөйтіп Көкен ағамның қолдауымен, ұсынуымен әрі маған сенім артуымен Ілияс Жансүгіровтың классикалық «Құлагер» поэмасынан отыз минуттік үзінді жырды бейнетаспаға жаздырып, телестудияның фольклорлық алтын қорына қалдырып кеттім. Жақсының бәрі шарапаты осы.

Әбден мазамыз кетіп, бас ақынымыз Көкен де, біз де алаңдаған Торғай мен Көкшетау облыстарының телевизиялық айтысы да Алматының зәулім бір Мәдениет сарайында басталып кетті.

Телевизиялық айтыстың режиссуралық сценарийі бойынша екі облыстың ақындарының арасынан біреуі шығып, екі тобындағы ақындарды, әнші-жыршыларды домбыраға қосып өлеңмен жеке-жеке таныстыруы керек екен. Тағы да бас ақынымыз Көкен Шәкеевтің аузын бақтық. –Мен олай ойлап былай ойлап бізді таныстыру жолын Жұмабайға берсек дүр

Өмір Оленің келтіріп, әуенін де өзі ойластырсын, - деп кесімін
«Бәрі «дұрыс, дұрыс» деп шу ете қалды. Олары Көкенді
Ориуыздан қолдағандары еді. Мен түні бойы ойланып,
«Біздің біздеріміз бен әнші-жыршыларымызды әрқайсысының
«Айттыстағы өз әуен-мақамдарымен таныстыруды ұйғарғам.
«Сонам тінті жаңалық боп шыққандай еді. Мұны естіген Көкен
«Менің қуанып, балаша мәз болып қалды. Таныстыру мәгіндері мен
«Түндері оған ұнаған соң мен де жай тапқам. Әрине,
«Таныстырудың басы Көкен ақыннан басталары белгілі ғой.
«Сонам домбырамды Көкенге күмбірлетіп альп, шамам жеткенше
«Сонам айттыстағы мақамына салып былай деп таныстырған едім
«»»»

Ал, айттыста жүлде бермес жүйрік дүлдүл,

Жырласа Біржан -көмей, үні бұлбұл.

Саңлағы Сарыарқаның жыр сайыста –

Желпінсе шығар шыңға ойы дүр-дүр.

Ортада Көкен ағам отырғанда,

Жарасып шәкірттері жайнар гүл-гүл, -

«Сегенімде залдағылар бір серпіліп қалып, сахнаның бір
«Қатарында қаздай тізіліп отырған біздің ақын-жыршылардың
«Қолынан көтеріліп, бас изеген бас ақынымыз Көкен Шәкеевке
«Қол соқты.

«Телевизиялық бұл жыр сайысында бас ақынымыз Көкен
«Шәкеев торғайлық әріптесі Қонысбай Әбіловпен сүре айттысқа,
«Түпк Макитов пен Күләш Рақымжанова торғайлық
«Әріптестерімен түре айттысқа, Иран Тасқара қыз бен жігіт
«Айттысқа, Құдайберлі Мырзабеков қайым айттысқа, мен жұмбақ
«Айттысқа түсіп, лайықты бағаларымызды алдық. Республикалық
«Айттысқа тұңғыш қатысқан Құдайберлі осы жолы жұрт көзіне
«Түсіп, әрі қарай Көкеннің тәрбиеленуімен бағы ашылып,
«Үстеммен бірге жүріп, талай-талай айттыстарға қатысып,
«Жүлделі оралып жүрді.

«Сонау 1970 жылдан 90-шы жылдардың ортасына дейінгі
«Шірек ғасыр уақыт ішінде Көкенмен бірге жүрген көп қызық
«Жүлдерімді бұйырған бақытқа балаймын. Қайсыбірін айтарсың,

Бурабай ағындағы Аққайың алқабындағы, Көксенгір мен Шағалалы бойындағы халықпен кездесулерімізді, өзін бірге ал жүріп, Көкен Шәкеев атындағы акындар мен жыршылар мектебінің көптеген аудандарда сабақтарын өткізгенімізді Ресейдің көршілес Омбы қаласына әдейілеп шақыртылып, айты ұйымдастырып, айтыс өткізудің тәжірибелерімен алмасқанымызды, оның баулуымен облыстық, республикалық айтыстарға қатысқанымды, Көкен ағамен сапарлас болып Ереймендегі Бөгенбай, Жезқазғандағы кеншілер, Тараздағы Жамбылдың, Алматыдағы Кененнің, Көкшетаудағы Абылай Кенесары, Шоқан, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мәлік, Шәкеев Отызбаев тойларына барып жыр сайыстарына түскенімді қала ұмытпақпын. Осылайша көшелі акын Көкенмен біраз жылда бірге жүріп, оның ақыл-кеңесін тыңдадым, ұлағатын ұқтым бойындағы мол қадір-қасиеттерін тереңірек таныдым.

Көкен акын Қазақстанның тәуелсіздік алғанына, тіліміз бөліміздің, дініміздің қайтадан өрлеу жолына түскеніне, салт-санна әдет-ғұрыптарымыздың оралуына қатты қуанып, оларды айтыстарында, арнау жырларында шабытпен жарқырат көрсеткен акын. Дәл сол кездері бірінен соң бірі өткен Алматыдағы - Сүйінбай, Шымкенттегі - Қажымұқан Торғайдағы - Ахмет пен Міржақып, Қостанайдағы - Ы. Алтынсарин, Ақмоладағы - Бөгенбай, Жамбылдағы - Сыпатай Талдықорғандағы - Қабанбай тойларында болған айтыстарды бірінде ағыл-тегіл жыр төксе, бірінде қазылар алқасына төрағалық етіп, әділ шешім шығарып отырды. Қай жерде болмасын айтыскер Көкен акынға лайықты қошамет көрсетіліп жатты. Көкен өз басының лауазымы мен даңқы жетіп жатса да жанында шоғырланған акын-жыршылардың да атағын шығаруға, қолда жасауға бүйрегі бұрып тұратын. Оның нәтижесін де көрді. Оған айтыс өнерінің аспанында жарқырай көрінген Баянғали, Еркін Құдайберлі таланттары дәлел.

Ғасырлар бойы біздің қазақ ұлтының пешенесіне ғаламат бұйырып, еншісіне тиген халқымыздың осынау рухани қазынасына, баға жетпес байлығына айналған айтыс өнері

өмір бөліп, ден қоятындар, ол болады десе ішкен асын жерге
жығып, сол күні тайлы-таяғымен жиналып, талай сағаттарға
өмірмен да тапжылмай тамашалайтындар екінің бірі десек жалған
өмір емес. Айтыскер ақындарды халық қадірлеп, қастер тұтады,
өмірді жыға танып, аттарын жаңылмай айтып жатады. Бұл
өмір өзгеше сипаттағы өнерге деген ел сүйіспеншілігі болса
өмір емес. Ал сол өнердің бастау басында тұрып, бір кездері
жығылып, өшіп бара жатқан шақта қайта жандандыруға көп
өмір сипірген Көкен ақынды білмейтіндер Алатау айналса да,
Арқаны сандалса да, Арқаны аралап, Атырау мен
Атыраудан әрі ассаң да сірә табыла қоймас.

Айтыс болатын жерде Көкшетау аталып қалса бәрі жапа-
арманға Көкенді сұрап жататынын өз басым талай рет естігем.
Айтыс ақындарының «Көкшетау десе Көкен, Көкен десе
Көкшетау келеді көз алдымызға» дейтіндері сондықтан.

1987 жылы Көкен Шәкеевке «Қазақстанның халық ақыны»
өмір құрметті атақ берілді. Ол Көкше топырағында мұндай
өмір құрметті де мәртебелі атаққа тұңғыш ие болған ақын. Бұл
өмірдің ғана емес, жырлары мен айтыстарында ылғи да алға
өмір, мақтан етіп жүретін Көкшетау, Қызылжар, Қараөткел
өмірдің, Арқа атырабының абыройы еді. Бәріміз шаттандық,
өмірдің, қол соқтық, құттықтадық.

Сол жылы жүрегін қуаныш кернеген көкшелік көрнекті ақын
өмір Аманжол қолма-қол өлең шығарған-ды. Оны мен
өмір алып, Көкеннің мақамымен домбыраға қосып ел
өмірінде айта жүруді әдетке айналдырғанмын. Көкенді жақсы
өмір жұрт бұл ән мен өлең сөзін елжірей тыңдап, жылы
өмірдің болды. Ол өлеңнің мәтіні былай болып келеді:

Көкшенің көркем төрінде,
Ақтангер ақын Көкенсің.
Іздеген көктем жақсы аға,
Жанымда жүрген екенсің.
Көкіректен Көке, күй ақсын
Өлеңде өткір қияқсын
Ақаннан қалған ақтанбыз,

Біржаннан қалған тұяқсын.
Көкшеде жеке серісің,
Айтыстың ақтангерісің.
Сөзің де балуан, өзің де,
Неткен ғажап келісім.
Талай жерде айтысқан,
Жерің жоқ сөзде майысқан
Әбікен ақын абдырап,
Қалихан ақын қайысқан.
Көкшенің Кенен, Нұрқаны,
Мұсамен бірге шырқады.
Көкенмен бірге көркейер,
Көкшенің ақын ұрпағы.

Иә, осылай болып та келеді, Көкеннің ақын ұрпақтары өсі келеді.

Айтыскер Көкен ақын туралы деректі фильм түсіріліп, оны орындауында «Қабанбай батыр» дастаны күйтабаққа жазылып теледидардың алтын қорына қосылды. «Келбеті Көкшетауда дара тұлға» деп аталатын деректі повесть жазылды.

Ақын Көкен Шәкеевтің өз шығармашылық мұралары да басылып шықты. Оның 1989 жылы «Жазушы» баспасына шыққан «Көкшем менің», 1994 жылы шыққан «Көкшетауды ұлымын» атты екі кітабының да бүгінгі жас ұрпаққа берер тәлім мен ғибраты мол.

Көкен ағамыздың «Дәріжанға» деген жыр шумақтары бар. Осы өлеңінде ақын өзінің құдай қосқан қосағының бар қадір қасиетін жігіттейсі етіп өреді. Адал жар, жұбайы Дәріжан екеу шүкіршілік, ұлағатты ұл-қыздар өсіріп, тәрбиеледі, немер шөберелерінің маңдайларынан иіскеді. Ұлдары Ербол мен Еркештің әншілік және сазгерлік өнерін эстрада жұлдыздарының қатарында еліміз ғана емес, алыс-жақын шет жұрт та жақсы біледі.

Осылайша жарқын өмір сүріп, өнер айдынында еркін жүзіп айтыстың ажарлы көшін бастап, өнеге көрсеткен, елінің елеулі халқының қалаулысы болған «Қазақстанның халық ақыны»

Республикалық ақын-жыршылар одағының тұңғыш президенті Көкен Шәкеев 1999 жылдың желтоқсанында дәм-тұзы тусалып, дүниеден озды. Ел-жұрт қатты қайғырып, қимай көпінскен еді. Ақындар күніренте жыр оқыды. Шәкірттерінің бірі болғандықтан мен де сыздаған жүрегімнен шыққан мына жыр шумақтарын толғана оқығанмын. Көкен туралы білетіндерімнің мына қалдайына ғана арналған бұл жазбаларымды сол жыр шумақтарымен тәмамдайын.

Әз аға сен дегенде толғанамын,
Білемін жыр киесі қолдағанын.
Орынбай, Біржан, Ақап, Ыбырайдың,
Қозғадың көкірегіңе қонған әнін.
Кездескен талай-талай марқасқапың,
Орақ тіл шыдатпайтын айқасқанын.
Жүруші ең ортамызда асыл аға,
Айтыстың жарқылдатып алдаспанын.
Беделді, әр кез сыйлы ел ішіне,
Жүгінді ән-жырдың жұрт елшісіне.
Таппайтын көктен іздеп Көкен ақын,
Бұйырған Көкшетаудың еншісіне.
Тұлғасы Көкшетаудай дара батыр,
Жаңғыртып жырын, әнін дала жатыр.
Жұмаққа Құлагермен құйғытып ол,
Алдында ақындардың бара жатыр.
Саядай болушы еді биік тұлғаң,
Жан едің тау тұрғызған дауыл-жырдан.
Суық сөз жанымызға сұқты найза,
Көкшетау айырылып қап сүйікті ұлдан.
Көкен деп қай ақынды бағалаймыз,
Көкем деп қай ағаны жағалаймыз.
Жақсының өзі де ортақ, сөзі де ортақ,
Салмақты санаменен саралаймыз.
Тағдырдың жазуына бағынармыз,
Тамаша талантыңа табынармыз.
Келіспей қалсақ кейде, ей, ақындар,

Көкөннің көк таяғын сағынармыз.
Ақындык бәз біреуге бұйырған ба,
Сезімсіз жүректерге құйылған ба.
Баулыған қыран құстай балапанын
Ұшырдың бәрімізді қиырларға.
Көргем жоқ қабақ шытқан қырын кезін,
Жастардан үзбеуші еді үміт көзін.
Жүретін Жұмашым деп жақсы ағаның,
Ешқашан ұмытпаспын жылы сөзін.



Жырға оранған ой орманы

Ақын Ахметжан Нұртазин туралы есімдегілер

Уақыт шіркінде тоқтау болған ба? Кідірісі жоқ өмір өзені өз бетіндегі тіршілік атаулыны бірде арынды асау толқынды өткізіп, бірде баяу, жайлы бүлкіл ағысымен алға жетелей өртеніп жетектей тартады. Сол бір уақыт көшінде сңбегімен де, өнерлерімен де өнегелі болған, қалың елге танымал ақын-өнермен дидарласқан, жанасқан жылдарың жадында ораңыңда жадырап саларың бар. Айтпағым, өткен ғасырдың соңы 50-60-жылдарында ақындық, әншілік, жыршылық өнерлерімен, табиғи дарындарымен Қызылжар, Көкшетау өңіріндегі дүйім жұртты дүрліктірген, елдің көңіл-күйіне рухани азық құйған жазба және айтыскер ақын, жыршы Ахметжан Нұртазин мен айыртаулық әйгілі әнші-ақын Жарман Рахымовтардың араларынан қыл өтпейтін сыйластығы мен өнегелі, өнер жолындағы тұтастығы жайлы бір үзік сырлар еді.

Алғашқы ақын Ахметжан мен ескі әншінің маңғазы Жарман араларындағы бұл достық шынайы сүйіспеншілік сезіммен, жүрек қанығымен екеуінің ойында да, бойында да өріс тапқан өнер қорығы болатын. Оның басқаларға гибрат, өзгелерге өнеге шыңдық тамаша қасиеттеріне ешкім шүбә келтірмесе керек. Сәл өткізіп жасап айта кетейік, екі-үш жас қана үлкендігі бар Ахметжан өнеркерке Есілдің бойында, атақты Шал ақын Күлекеұлының іздері арқылы Аюғас, Алқағаш, Басағаш, Қосағаш қойнауларында туып-өскен, Жарман ағамыз бұрынғы Көкшетау облысына қарасты сал-серкер мекені Айыртаудың Егіндіағаш ауылында туып-өскен. Ақынның кіндік кескен топырағы осы күнгі Шал ақын ауданы (бір кездері Тоңкеріс, Октябрь, Сергеев деп аталған) мен Айыртау ауданының іргелес ауылдарының арасы 30-35 шақырымнан астам. Баяғы Марьевканың жәрменкесі бұл ауылдардың арасын өткізіп жол қылған. Аралас-құраластық, байланыс өнер қорының арасында өріс тапқан. Сол дәстүр, сол сабақтастық Ахметжан ақын мен Жарман әншінің арасында үзілмес жалғастық арнауындай кең арнаға ұласқан еді.

Өнер жолы Жарман әншіге талай елдің, талай жердің дәмді татқызған-ды. Содан елі Егіндіағашқа елуінші жылдардың аяғына таман оралғанды. Ол кез колхоздардың совхоздарға ауысып жатқан тұсы болатын. Ел ішінде өнер адамына ыңғайлы жұмыс бола қоймай Жәкеңнің қиналып жүрген кезінде Сергей ауданының Заря орман шаруашылығында директор болып істейтін ақын Ахметжан Нұртазин оны отбасымен өздеріне көшіріп алып, орманшылық қызметке алды. Бұл өнерді танығандар талантты әншінің өнерін құрметтеген мәрт азаматтың, өнер жанашырының шын қамқорлығы емес пе. Мұны түсінген ел жақсының досқа, жолдасқа деген шарапаты деп ұқты.

Міне осы Заряда ақын Ахметжанның аялы қамқорлығының арқасында Жарман әнші жиырма жылдан астам тұрды. Бұл жылдар әнші талантының ашыла түсуіне мүмкіндік жасалған тұр деуге негіз бар. Ол осында тұрып Есіл өңіріндегі көп елдермен танысты, әншілермен, ақындармен, жыршылармен достасты. Аты әйгілі атақты әнші-ақын Игібай Әлібаевпен, ақын Галым Малдыбаевпен досжар болды. Бұлар бір-бірін сыйлап құрметтеп өтті. Соның бәріне дәнекер болған ақын Ахметжан Нұртазин еді.

Сонау ықылым замандағы Толыбай, Қожаберген жыраулардан бермен қарай үзілмей келе жатқан ақынды жыршылық дәстүр беріректегі серілер легімен жалғасып, одан кейін осы Ахандарға ауысып, бүгінгі ұрпақтарға ұласқан. Есілде он бойындағы қайнаған өмір Ахаң өлең-жырларының өрісін алды түсті. Оларды әнші досы Жарман қолма-қол қағып алып, еске қосып елге таратып отырды. Соларды жадағай арбасына атып жегіп алып, Зарядан таяқ тастам жердегі еліне екі күннің бірін келіп-кетіп жүретін, келген сайын ел ішін әндерімен бауырландатып кететін әнші Жарманнан талай естігем.

Жәкең елге келген сондай сәттерінің бірінде Аханның жаңа жыл кештерінің бірінде өзінің бір топ замандастары мен жолдастарының істерін, жақсы мінез-қылықтарын, бірге жүрген қызықты шақтары мен күндерін еске түсіріп, шығарған өлеңін айтып берген-ді. Әні өлең мәтініне өте үйлескен сол толғақ

•ырлы Жәкеннің жеке мұрағатынан да кездестірген едім. Ұзақ өлеңінің есімде қалған бір шумағы былай болып келеді:

... Ақбұзау, Зейни, Жарман қасымызда,
Алда тұр қазы-қарта асымыз да.
Жәния, Зейни, Қайни, Үміт, Ғаббас,
Алпысқа келді деулі жасымыз да..

Ал Жарманның өзі шығарған, елге келгенде айтқан бір өлеңіндегі мына шумақ та есімде қалыпты. Сірә, бұл өлеңді Жәкен ақын Ахметжан қайтыс болғаннан кейін шығарған болуы керек.

... Өнердің айдынында жүзуші едік,
Құлақты жақсы сөзге түруші едік.
Ақ «Волга» астымызда Аханменен,
Арқаны әнге бөлеп жүруші едік...

Мен 1997-1998 жылдары облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде қызмет істедім. 1998 жылы Ахметжан Нұртазин ақынның 90 жылдығы облыста дүркіреп атап өтілді. Ақын туралы қызылған сол жылғы бір естелікте мынадай жолдар бар екен: «1963 жылдың жазында Ахан Қостанайдың Урицкий ауданына барып жатып, қасында әнші-ақын Жарман бар, Тимирязевта тұратын күйеу баласы Қадыров Жасұланның үйіне тоқтапты. Ахан сонда қазақ ауылдарының мүшкіл халі туралы көп ойлар айтты, сол кездегі солақай саясатқа іштей наразылық білдіріп отырды. Біраздан соң біз әңгімеміздің тақырыбын өзгертіп, Жарманның әндерін тыңдауды жөн көрдік. Жарман асқан әнші еді. Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, Естайдың, Бетіс серінің, Батуан Шолақтың, Игібайдың әндерін құйқылжығта отырғаны. Көңілімізді бір көтеріп тастады. Шіркін, Ахан мен Жарманның жүрген жері осылай еді ғой!»

Жәкенмен елде кездескен 1968 жылғы мына бір әңгіме әлі күнге дейін жадымнан шықпайды. Ол сол жылы Қазақстан филармониялар Одағының бастамасымен ақын, орман шаруашылығының үздік қызметкері Ахметжан Нұртазиннің 60 жылдық мерейтойына байланысты өрбіген еді. Той тізгінінің бір ұшынан ұстаған Жарман әнші бұрын-соңды бұл өңірде мұндай ұжым иесі той өткізілмегенін, оның көңілден шығып, тәрбиелік,

ғибраттық мәні зор болғанын асыра мақтап, аузының суы күр
отыра тізбектей баян қылған.

Шындығы да сол еді. Ақын тойына Солтүстік Қазақстан
Көкшетау, Қостанай облыстарына, Омбы, Түмен төңірегіндег
елдерге, басқа да аяқ жетпес алыстарға сауын айтылды. Мәйег
шығып, жасыл кілемдей құлпырып тұрған орманды алқапты
алаңқайларына сансыз ақшаңқан киіз үйлер тігілді. Сан жүйрі
қосылған аламан бәйге, балуандар күресі ұйымдастырылды.
ақындар айтысқа шықты. Есілдің ен бойы Ахаңның кө
гоғайлары шырқалған әнге, шалқыған күйге тербелді. Жыр
оранған Ахаң ормандары ой құшағында толқыды.

Ақын тойына Қазақстан Жазушылар Одағының
делегациясын басқарып келген заңғар жазушы, кәдімгі Сәби
Мұқанов пен ақындар Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекхожи
Ғафу Қайырбековтер орманшы-ақын Ахметжан Нұртазиннің
поэзиядағы шығармашылығына лайықты баға беріп, оның
ақындық қабілетін марапаттай баяндады, ақынның елі ме
жұртына шексіз алғыстарын білдірді. – Мұндайда шаппағанд
қайда шабасың, мен де осы тойда әндердің тізгінін бірінен со
бірін босаттым, - дегенді той қызығын көз алдымызға елестет
отырып Жарман ағамыз.

1969 жылдың жаймашуақ жазы. Егіннің де, шөптің де
шығымы көңілден шыққан. Орманшылық шаруасы да да
бірыңғайланып қалған кез. Осының алдында ғана
республикалық ақындар айтысына қатысып, жүдделі оралға
Ахметжан ақын ауданда, өзге де ауылдарда жұртшылықпен
кездесулер өткізіп, айтыстан алған әсерлерін жеткізіп, көңіл-күй
бір көтеріліп қалған. Сондай күндердің бірінде Жарманды жаны
шақырып алып қолқа салды. Ойын бірде білдірді.

- Ал, Жәке, осы сен еліңе екі күннің бірінде барасың, ме
шаруа, шаруа деп қала берем. Нағашы жұрт Сырымбет жаққа
ізін салмағалы талай жыл болып қалыпты-ау. Сондағы шығарға
өлеңімді сен айтып келесің, енді сол әнді нағашы жаққа тағы б
естіртіп қайтсақ қайтеді, - деп екеуінің 60-шы жылдардың басы
қарай Сырымбетке барып, бір кезде ел басқарған Қаскидің үйін

мт басын тірегендерін еске алды. Қадірлі қонақтарын жібермей, Сырымбеттегі нағашы ағайындары бұларды қоналқыға қалдырса ерек. Мал сойылып, қазан түскенше екеуі сәл тынығып алғысы болды. – Жарман, сен жатып дем ала бер, мені мына терезеден өрпіні тұрған атақты Сырымбет тауы толғандырып, ойыма көп ойдан күйіп тұр. Сәті түссе бір өлең туып қалар, - дейді ғой Ақан.

Сол күні қағазға түскен өлең мәтінін Ахаң Жарманға беріп, қолдан ал да әнге қосып айтып жүресің деп аманат еткен.

Жәкең де өнерпаз досының бұл өтінішін жерге тастамай Есіл облысына оралысымен Ахметжан Нұртазиннің Сырымбетте туған өлеңінің мәтініне аса үйлесімді, әдемі иірімі бар сезімді әнге айтып, талай жерде тамсанта айтып келген. Бұл жолы келгенде де сол ән Сырымбет баурайында, Құмдықөл, Жекекөл, Ақбас өзендерінің үстінде әнші Жарманның асқақ дауысымен қалықтап шықты. Сол бір кезде Сырымбет тауына көз тастаған ақын жүрегі шырқалып, осылай тебіренген екен.

Көргенде Сырымбетті көңілім балқып
Қиялым шын басына шықты шалқып
Алдымнан анам шығып қарсы алғандай
Көк майса жұпар исің кетті аңқып

Шыңында Сырымбеттің бұлбұл сайрап,
Ығында жатыр елі бие байлап
Жеке көл жел жағында керіп төсін,
Алдымда айнадай боп жатыр жайнап.

Сымбатты Сырымбеттің сұлу кызы,
Жақсының көрінгендей басқан ізі.
Жанына жақындасаң елестейді
Шоқанның шын төсінде алтын жүзі.
Азамат соғысының ардагері
Рақымжан, Нұрыш өткен ердің ері
Орынбай, Ыбырай мен Молдахмет
Бұл жерде туып- өскен Ақан сері.

Кешегі Бәттахтарды көзім көрді
Қазақтан тұңғыш шыққан дәрігерді
Шайсұлтан, Есбай, Тәшкен, Айтахмет
Басқарған бұл маңайда бір тайпа елді.

Кезекпен дүниядан бұлар да өткен,
Аяңдап мезгілімен бізге жеткен
Ардақты Асқар, Қасқи, Балахмет
Жүректен бұл бір сыр ғой жазып кеткен.

Нұртазин Ахметжан өзім атым,
Өсірген туған елім етіп ақын.
Бауырынан Сырымбеттің өткен кезде
Шыдар ма сыр шертпеске менің дәрім.

Келесі күні бұлар Егіндіағашқа келіп мәжіліс құрды. Көк Диян ағаларымыздың үйінде берілген қонакасыға қатысып, естелік қалған думанды сәттердің куәсі болдым.

Соңына таман Жарман әнші Орынбай ақынның жұртында отырғандықтан, Ахаңа Орекеннің біраз өсиет өлеңдерін, Арыстанбай ақынның айтысынан үзінді орындап берді. Ахаң бәрін сүйсіне тыңдады. Жанында жүрген Жарман әншінің естелік Егіндіағашқа келген бұл сапарындағы әндері оған бұрынғысына әлдеқайда өзгеше, мазмұнды, әсерлі естілгендей болды. – Міне, Міне, Жәке жаңа қызып келесің, шап тағы да, – деп қолпаштап қояды Ахметжан ақын оны. – Шап дедің ғой, ендеше «Құлагерді айтайын дегенде Ахаң «Қой, жүйкемізді қажап қайтесің Орынбайдың «Қырық парызын» айтшы» деді. Ол да айтылды.

Кезек Ахаңа да келді. Ол домбыраны баппен өз дауысымен келтіріп алды да майда қоңыр үнмен Ақанның «Мақпалын» көтеріңкі дауыспен сегіз серінің «Ғайни» және «Әйкен-әйкен» әндерін әдемі де сазды әуенмен пырқап әкетті. Содан кейін республикалық ақындар айтысына барғанда Қалиханмен Мәнашпен, Мұқашпен айтыстарынан үзінділер айтты. Ахаң осы отырыста айтыстар жөнінде небір хикаяттарды жыр ғы

жүректі есімде қалды. Осы мәжіліске арнап өзі де жыр-шашу шығарды. Сөйтіп Ахметжан ақын мен Жарман әншінің кезектесіп шыққан жырлары мен әндері Егіндіағашты думанға бөлеп, Қызылбай, Қабақ, Бас көлдердің тұнығын шайқалтып, аққу-қарғандарды қиқулатып, Қарағаш, Мылтық ілген, Можықбай, Аққу өзені, Әулиеқұл, Сарыбауыр алқабындағы қайыңды шоқ-шоқ ормандар қойнауына тарап жатты.

Иә, біздің солтүстік өңірге, оның ішінде Қызылжар, Көкшетау, Жарықкөл, Қостанай мен Торғайдың шығыс беткейіндегі қалың ақын Ахметжан Нұртазин әріден танымал ақын. Көп жылдар бойы біз Аханның тұшымды жырларын, әр кезеңдегі өлең-жырларын, азаматтық, лирикалық өлең-толғауларын, өлеңдермен оқиғаларға толы мазмұнды, сезімге құрылған әр кезеңдегі «Полковник қызы», «Аңшылар» «Орман сыры», «Ауылдағы арпалыс», «Таубай» атты поэмаларын, «Көк тоғай», «Полковник қызы» деген жыр жинақтарын, одан да бұрын шыққан өлең кітаптарын зейін қоя, құмарта оқығанбыз. Оларды оқығанда қана емес, көңілімізге тоқып та есейдік.

Шыныдап айтсақ, Ахметжан Нұртазиннің әншілігі мен өлеңшілігінен гөрі жазба ақындығы басым болатын. Өлеңдерінде өрілген салмақты сөздер, мәнді де мағыналы тіркестер ешкімді бей-жай қалдырмайды. Ақын жүрегінен кілең өлең сөз ағындайды. Ол жанының тап-таза, мөп-мөлдір сезімін ақындық жүреппен жеткізе білетіндердің бірі. Өлең-сөзді қолма-қол қынаптан суырған қылыштай жарқ еткізетін ақжарма, ақпа ақынның өзі еді.

Аханды Есіл бойындағы елеусіз ғана ауылдың ақыны деп есептейтіндер болса, қатты қателеседі. Оны бүкіл қазақ топырағындағы барлық қазақ ауылдарының ақыны деу әбден орынды, қисынды. Оған Аханның бітімі бөлек өлеңдері, ауыл өмірі туралы шыншыл шығармалары, табиғат туралы тамаша тусындары, аңшылық, саятшылық, азаматтық, адамгершілік, туған жер жайлы жарқын жырлары дәлел болмақ.

Ағайындарының, замандастары мен қызметтестерінің өкілеттіктеріне қарағанда Аханның кісілігі мен кішілігі, азаматтығы

мен адамгершілігі, достыққа, жолдастыққа деген адалдығы, жұмысына аса тиянақтылығы айқын байқалады. Ол соғыстан оралған соң-ақ ауыл арасындағы әртүрлі еңбекке етене араласқан. Сонау елуінші жылдардың басынан зейнеткерлікке шыққанға дейін өз ауданындағы белді орман шаруашылығын біліктілікпен, іскерлікпен басшылық жасаған. Ол ел ішінде үлкен беделге, абырой мен алғысқа бөленіп өткен жан еді. Өнердегі, өлеңдегі өнегесі өз алдына бір төбе.

Деректерге зер салсақ, Ахаң өлең жазып, шығаруды 10-12 жасында-ақ бастапты. Оған бұл өнер нағашы жұртынан аусы керек. Мереуерт деген әжесі суырып өлең айтатын, ауыл арасындағы ақындармен тақпақтап айтыса кететін әдеті болыпты. Әкесі Нұртаза да ділмәр, шешендік сөзге шебер, тауып айтатын сөзуар болса керек.

Қысқасы, жасынан бойына қонған дарын келе-келе Аханды ақындық жолға түсірді. Ахаң өлеңдері өмірдің өзінен ойып алғандай көркем де келісті болып келеді. Көрнекті ақын Ғаф Қайырбеков: «Ахметжан Нұртазин өлеңдері барынша шыншылдығымен, өмір суреттерінің өте дәлдігімен, жырлау объектілерінің нақтылығымен құнды» деп жазған екен.

Ақын өзі ортасында жүрген табиғатты, оның сұлу көріністерін, тоқсан түрлі бояуларын жүрек сезімімен, көңіл көзімен айшықты сөздермен табиғи қаз-қалпында өлең өрімдеріне шеберлікпен түсіндіреді. Табиғат ажары адам өмірімен тығыз байланыста суреттеледі.

«Көк тоғай» деген жыр жинағындағы «Жасыл орман» атты өлеңін оқып көріңізші:

... Тұлғасы табиғаттың мөлдіреді,
Апшылып аспан бұлтты селдіреді.
Ақ қайың, жасыл желек, қарағайлар,
Құлпырып жібектей боп желбіреді.
Киінген келіншектей оқалы орман,
Гүлді өңір жанға сая, малға қорған.
Бабамыз бауырында малын бағып,

Үй салып, құрық алып, уық жонған... Қандай ғажап сурет

өзі екі шумақтың өзі-ақ оқушыны бірден тартып, сұлу табиғат ортасына бойлатып әкетеді. Жырмен кестеленген ой орманына түрлідей құлаш ұрасың.

Ал өзі жағасында өсіп, есейген ерке Есіл ақын поэзиясының негізгі мотиві тәрізді. Оның өлеңдерінде қарт Есілдің өңірі былай суреттеледі:

Атақты ата қоныс алтын, Есіл,
Күмістей суың мөлдір салқын, Есіл.
Шілдеде, тамылжыған ыстық күнде,
Сусыңды қандыратын балсың, Есіл...
Көркем жер көк Есілдей көрмедім мен,
Өн бойын жылқы жайып өрледім мен...
Астымызда бір-бір жүйрік көсілген,
Қасқыр қуып шыға келдік Есілден...

Мұндай әдемі суреттер Аханның екі өлеңінің бірінде кездеседі.

Орманшы-ақынның ұстанған тағы бір кәсібі аңшылық пен сәуіршілік. Жоғарыда айтып өткендей, сұлу табиғат ортасында жүріп ақынжанды адамның аңшы болмауға хақысы жоқ. Ол небір жүйрік ат, алғыр тазы, қыран құс, түзу мылтық ұстап, аң аулап, қасқыр қуып, дала қызығына батқан адам. Ақын табиғат ортасындағы аңшылық қызық сәттерін де әдемі жыр жолдарына түсіріп отырған.

Аханың «Саятта» деген өлеңіндегі мына жолдарды қалай түшینیп оқымасқа:

Ұлпа қар, жел де тымық, күн шырайлы,
Сонарда үйде отырып кім шыдайды.
Аңсырап үтерім де елегізіп,
Жұлынып, жіберіп деп қыңсылайды...
Бейнетке талай әлі батармын да,
Сонар болса тып-тынып жатармын ба
Қику сал, қасқыр қуған қан сонардың
Қызығын алдын берсе сатармын ба...

Алпыс бес жыл ғана ғұмыр кешіп, 1973 жылы дүниеден озған Ахметжан ақынның артында өшпес, ескірмес мол мұра қалды. Оның өлмес өлеңдері ел аузында, есімі жұрт жадында. Қайтыс

боларынан бір-ақ жыл бұрын, 1998 жылы Көкшетаудағы Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеев Қызылжарда өткізілген Наурыз айтысына шақырылған еді. Сонда марқұм Көкен ақын айтыс шымьлдығын арнаумен ашқанда бір кезде айтыскер ақын болған, бірге жүрген ағасы Ахметжан Нұртазинді былай еске алған-ды:

Мен Нұртазин Аханды көзім көрген,
Тоқсан жасы көрінді бүгін өрден.
Сындарлы, сан ауқымды ақылымен,
Ақындық шабытыма сезім берген.
Арқа сүйер ағамен аруақтанып,
Сан айтыста астым ғой мен де белден.
Рухыңа бас иіп тағзым етем,
Бір айтарым осы еді мұнда келген...

Арқаның айтулы ақындарының бірі Ахметжан Нұртазинді көзбен көргендегі әсерлердің, табиғаттай тамылжып тұрған тамаша жырларын оқып, нәр алудың, ақынның азаматтық адамгершілік қасиеттері жөнінен жағымды әңгімелер естуді өткен мен бүгінгінің арасын жалғастыруға, кешегі мен бүгінгінің бүгін мен болашақты беттестіруге, жастарды аға ұрпақтар дәстүрімен тәрбиелеуге ғибраты бар екенін ескергендіктен естіл-білген осынау сырларды тарқата кетуді көптен бері ойлап жүретінмін. Бұл жазбалар сол парыз жүгінің мойнымнан түскен деп білем.



Елінің еркесі еді Еркеш ақын

Көкшетау десе көкірегінде көзі бар, тілінде ойлы сөзі бар жүрегінде сезім бар әр адамның, өлеңге таласы бар әркімнің поэзияның қадір-қасиетін, құдіретін түсінетіндердің, әнді, жырды сүйетін қауымның, әрбір Көкше азаматының көз алдына алдымен ерке өлеңдерімен еркімізді билеп, сезімді жырларыме

өмірлімізды баурап алған кешегі Еркеш Ибраһим ақын, Көкше мекенінің аспандатқан ақтангер айтыс ақындары – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мұса Асайынов пен Көкшетаудың халық ақыны Көкен Шәкеевтер елестері сөзсіз.

Еркеш ақын жайлы жазар ой, ақтарар сыр, айтар әсерлі әңгіме сөзін менде де бері қойғанда бір кітапқа жүк болары анық. Көкшені бүгін сағынышпен еске алып отырған Ерекең Көкше өмірінде өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғынан бастап жыр жазып, өлең өре бастаған жауқазын талапкерлердің, поэзия әлемінің есігін қымсына ашқандардың бәріне дерлік ұстаз болды. Солардың бірі болғанымды орынды мақтан етемін.

Жыр-жүрек Еркеш ақынды сал-серілер елі шынында да өркендетіп өтті. Жасынан елін, жерін жырлаудан танбаған Еркешті Көкшетау көтерсе, бұрын да даңқы кеткен Көкшетауының атағын өзінің еркесі, жырдағы серкесі Еркеш ақын да шығандатып өсеткен еді. Олай дейтінім тәңірім табиғи сұлулық, ғажайып өлгілік пен керкемдік берген кербез Көкшетауды Еркештей өмірлене сүйген, қолына қалам ұстағаннан бастап көзі жұмылғанша жүрегімен, жанымен елжірей, тебірене жырлаған ақын жоқ-ақ шығар. Көкшенің көгілдір тауларын, жасыл биіктерін, күміс көлдерін, бұйрат-белдерін, жұмақ мекен ауылдарын, ондағы аңыз боп кеткен табиғат тамашаларын, Қажетпес пен Жұмбақтасты, Биші қайыңдарды, табиғаттың әрбір қолымен жасалған басқа да тас мүсіндер мен ғажайып сәуірлерді, сайын дала мен астықты алқаптарды, өркенді өлкенің ақсаң жандары мен еңбек адамдарын Еркеш жырларыңыз жүрекпен тереңірек ұғып, көңіл көзіне тым жақынырақ елестете алмас едің, бұларды ақын-жүрек лирикалық сезім қылын шертер өлең жолдарымен өрнектеп, әсем табиғаттың өзіндей әсерлі етіп, әдеттеп жырлаудан бір сәт танған жоқ. Еркеш ақын елін осылай сүйіп, осылай жырлап, ақындығымен қоса негізгі мамандығы журналистік қызметінің тізгінін де өрімдей қатар ұстады.

Иә, тағы қайталап айтамын, Көкшені Еркештен, Еркеш ақынды жер жәннаты Көкшетаудан бөліп қарай алмайсың, екеуі елің ұғымдар секілді. Елі мен жеріне шын мәнінде елітіп, оның

сұлулығын лирикалық өлең шумақтарының жылы буына малып, пындаған, табиғат көріністерін адамдар өмірімен байланыстыра суреттеген, оған ыстық ықыласпен, сүйіспеншілікпен, шынайы махаббатпен қараған Еркеш ақынды Көкшетаудың жыр-орманындағы ерке бұланы демеске лажымыз жоқ. Бұл өлкенің бар болмысы оның табиғи дарынын ұштап, ақынға сарқылмас жыр-жүрек дарытты, сезімін, қиялын қалықтатты, арманын алаулатты, қысқасы туған жер өзіне ғашық етті, іңкәр етті. Сондықтан да «Көкшем менің күздегі» деген өлсінде:

«...Көкшетау Оқжетпесім,

Жұмбақтасым.

Аспаным өзінменен құндақтасым

Сен бе екен әулие жер әлемдегі,

Алдымнан ашатұғын жыр қақпасын.

Ән болып аспанымда аңқылдайды,

Дән болып туған жерде толқындайды

Жыр болып қаламымнан тамытжиды,

Құс болып көкірегімде қаңқылдайды...» деп ақын

шалқи түседі, шабыттана түседі.

Ерекең ғұмырының соңына дейін кіндігі бір, уық-кереге, үзігі бір Көкшетауынан көз жазбай кетті. Оның жыр-жүрегі үнемі Көкшетау деп соқты. Сонау Алматыдан, қалың ақын-жазушылар ортасынан жырақта жүрсе де өзінің Көкшетаушыың көркем сипаты, қайнаған өмір, халық арасы, елмен, жермен, табиғат аясымен, адамдардың ыстық пейіл, құшағымен тікелей байланысы оның поэзиядағы шығармашылығына өмірлі де өнімді өріс ашқан-ды. Енді Ерекең поэзияның алтын арқауларына, тұтамыры мен күш-қуатына, ықпалы мен әсеріне, поэтикалық мазмұны мен түрлеріне, лирикалық сезім тұнығына, пәлсапалық түйіндеріне, тақырыптық диапазонына назар аударып, ертеде жанымызға жақын, жадымызда сақталған өлең-жырларының кейбіреуін тарқата айтып, жалпы ақын шығармашылығын о таразысына салып, салмақтап, көңіл сүзгісінен өткізіп қарайық.

Әлі есімде, біз мектеп бітіріп (марқұм Маман Ементәев досымды айтам) елде жұмыс істеп, КазГУ-ге оқуға түсуге ние

«Іш жүргенде Ерекең облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде бірдей бір қызметкер. Газетте шығып жататын өлең-жырларын, әл үйымдастырып өткізген талай облыстық ақындар айтысының толық мәтіндерін құмарта оқытынбыз. Біз де мектепте оқып жүрген кезден өлең жазуға талап қылатынбыз. Жазған балаң аырларымызды сол газетке жіберіп қоятынбыз. Сөйтсек онымыз Еркеш қолына түсіп, қырнап-сырнап газетке жариялауға жарамды етеді екен. Кейде өз өлеңімізді өзіміз танымай қалушы едік. Онысы біздің талабымызды, меселімізді қайтармаудан туындайтынын қайдан білдік. Кейін Еркеш ағамыз екеуімізге де жолдаманы өз қолымен жазып, өзі оқыған КазГУ-ге аттандырып елестен. Жолымыз болды, біз де студент атандық, ақын-жазушылармен кездесіп тұрдық. Болмасақ та ұқсап бағып, оларға еліктеуші едік. Сол тұста дүркіреп аты шыққан, жырларын халық түшiнiна оқитын Қуандық Шаяғытбаев, Сағи Жиенбаев, Ізтай Мәмбетов, Зейнолла Шүкіров, Төлеужан Ысмайылов, Тоқаш Бердияров, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Еркеш Ибраһим, Тұманбай Молдағалиев, Нұтфолла Шәкенов, Ғафу Қайырбеков сияқты алың ақындардың жаңа өлеңдерін жаттап алу, оларға еліктеу үрдісінде жүретінбіз. Солардың ішінде Еркеш қана облыста болды. Жас ақындардың өлеңдер жинағы бірінен соң баспадан шығып жатты. Әдебиет сыншылары, егде ақындар пікір айтқанда Ерекеңді «Көкшетаудың Еркеші» деп бөліп алатын. Оның алыңшықы жыр жинағы «Қарлығашқа» жылы лебіздер жаңбырдай жауған еді.

Осыдан кейін-ақ танымал болған талантты ақынның жыр жинаптары жылдар аралатып шыға берді, шыға берді. Әр жинақтары жарық көрген «Қарлығаш», «Көкше көріністері», «Көкшенің көктемі», «Жұлдызды жырлар», «Жас ғұмыр», «Махаббат теңізі», «Көшеді сендер», «Жас қанат», «Жылдар сазы» сияқты жыр жинақтары мен «Оқжетпес» атты таңдамалы өлеңдер кітабы, тағы басқа көлемді поэмалары, толғаулары мен билладалары кезінде қалың оқырманнан лайықты баға алған туындылар.

Жүрекке бірден жата қалатын, сезімге баурайтын Еркеш

ақынның лирикаларын жаттап алуға, үлгі етіп айта жүру дағдыландық. «Көкшетау правдасында» әр жылдары қызмет еткен тәжірибеден өткен біраз қалам иелері, өлең жазуға талпынған талапкерлер Ерекеңнің ұстаздық тәлімін алып, ақынды мектебінен өткенбіз. Солардың ішінде Еркешке еліктеп өскен жанға жайлы жырлар қалдырған марқұмдар Нұрмияш Көбенов, Мамай Ементәевты, қазіргі Қазақстанның алғы буын ақындар тобынан ойып орын алатын Төлеген Қажыбаевты, Мұхамеджан Жұмағалиевті, Қорғанбек Аманжоловты, Мәтен Бижановты, Тортай Сәдуақасовты, Елубай Жәкеновті, Сайлау Көшкешұлы, Қайырбай Төреғожинді Еркеш мектебінің түлектері десем еткелеспеймін.

Еркеш ақынның өмірінің соңғы жылдарында шыққан «Махаббат теңізі» аталатын жыр жинағына енген өлеңдері мен поэмалары заман, уақыт келбетін шынайы бейнелеген. Сезімтал ақын соңғы толысқан кездегі жырларында да алғашқы жалын атқан жас кезіндегі жүрісінен жаңылмапты. Осы кітаптың үшінші «Жалын туралы жырлар» деген бөлімінде оның қызмет ауыстырып Қарағанды қаласына барғандағы алғашқы әсерлері баян етіледі.

Бұл жырлардың қай-қайсысын алсаңыз да лирикалық сезім, астарлы ой, тың теңеулер бой көрсетті. Ерекең шығармашылығы жылдар өткен сайын толысып, мазмұны мен идеясы байып, салмақтана түседі. Еркештің қай жыр кітабын апсаң да бұрыннан таныс жолдарды жаңа көргендей құмарта оқи бересін. Әрбір жыры баурап, әр өлеңі ән шығарып, сыр шертіп, сурет салып, мұң ақтарып, сағыныш сазына бөлей береді. Табиғатына татымы бөлек жырлар іңкәр жүрекпен, терең тебіреніспен, ізденіспен, көп мағналы, айшықты да ажарлы, өмірдің өзінде нақты да ақиқатты болып келетіні сүйсіндіреді. Көкшетаудың айшықты табиғаты, Бурабай, Зеренді, Айыртау суреттері Ерекеңнің ежелден сезім қылына қозғау салып, қиялы шарықтатып барып, аталы сөзге, өлең кестесіне айналып кетеді. Туған табиғаттың сыртқы дара бейнесі мен ақын сезімі әдемі ұштасып, үйлесім тауып отыратыны қандай десеңізші. Сөз жоқ

Ауыр Еркеш ақынның бойындағы дара қасиеттер.

Менің өз басым Еркеш Ибраһимнің «Жүр сәулем», «Далаға
жетсін», «Қолшана», «Жалғыз қайық», «Әнші аға Жүсекеме»,
«Арттастағы жазу», «Университетке», «Элеватор торғайлары»
және тағы бірсыпыра өлеңдерін студент кезден жатқа білем.
Бұл ақынның тамаша лирикаларын жүректің қалауынан болса
ерекше Еркеш ағамыз да өзі сүйіп жырлаған Көкшетауындай
жерде, сұңғақ бойлы, кең маңдайлы, кең қасты, көзі күлімсіреп
тұрғанын, мінезі жарқын, қаз дауысты, жүзі жылы, қапсағай денелі,
жүрегі нәзік, ерекше еңбекқор жан еді ғой. Еркеш топ жанның
бірімен ерекше көзге түсетін.

Ераған достыққа, жолдастыққа ешқашан қылау түсірмеген.
Соны арада шығармашылық жолда рухани әрі адами достыққа
жеткізілетін мына бір жайларды айтпай кетудің реті жоқ. Еркеш
ақын әншілер мен сазгерлердің, айтыскер ақындардың
өнерлеріне ерекше ден қойған, қамқор болған, қолынан келгенше
қол көрсеткен.

Көкшелік сазгер, айтыскер ақын Мұса Асайыновтың «Аңшы
аңшы» атты жыр жинағын құрастырып, алғы сөзін жазып, 1978
жылы баспадан шығарған. Мұса мұраларын ұрпаққа қалдырған,
Еркеш ағамыздың мәрттік ісін екінің бірі істей алмайды.

Қазақ әндерінің падишасы, атақты Шәмші Қалдаяқовтың жан
дүниесі күйзеліске түсіп жүрген кезін бәрі біледі ғой. Сонда бүкіл
Қазақстанда оған қолұшын беріп, өнердегі біртуар талантты
ақынды алуадан сақтап қалған Еркеш Ибраһим еді. Бұл туралы
бір досына сол Шәмші:

Мен Көкшетауға кетіп барамын. Таза ауа, сырласар жандар
керек. Көкшелік ақын, аяулы досым Еркеш Ибраһим шақырады.
Бурабайға кел дейді. Көкшетауды көрмегеннің көкірек көзі кем
дегенді естуші едім, мұның орнын толтырмай болмас, – депті.

Ерағанның ұйымдастыруымен ел ішінде ұмытылмас ән
кештері, жыр кештері, кездесулер өткізілді. Осындай бір кездесуде:

- Ал, Шәке, көкшеліктер өзіңнен бір ән күтеді, тудыр бір әнді,
- деп Еркеш ағамыздың қолқалағаны есімде. Көп ұзамай Шәмші
Көкшетауға арнап сәтті ән шығарды. Оның сөзін, әрине, оның

досы Еркеш Ибраһим жазды. Сол эн қайырмасы Шәмші болып,
сөзі Еркеш болып құлағымызға былай естілер еді:

...Су бетінде,
Еркелейді аққулар
Құс төресі –
Алпақ ару аққулар.
Шығайын асқарыңа,
Көтерші аспаныңа,
Көгілдір Көкшетау...

Міне мұны Ерекеңнің досқа деген, шын талантқа деген
жанашырлығы, хас өнерді, асылды бағалай білуі дер едік.

Ерағанды еске түсіретін тағы бір эн бар. Эн болғанда қанда
Ол кеше ғана дүниеден озған энші-сазгер Кәрім Илиясовтың
«Көкшетау» әні. Бұл оның досы, өнер жолындағы әріптесі,
талантты ақын, көкшелік Еркеш ақынның Қарағандыдан жазған
үшбу хатымен келген өлең сөздеріне шығарылған эн еді. Еркең
ақын Көкшетауға деген сағыншып өлеңмен жеткізіпті. Дос
Кәрімнен осы өлең сөзіне эн шығаруын өтініпті.

«Өзің боп нәзігім де, дөкейімде,
Көкшетау сен жүресің көкейімде.
Сағынған осы қазір сәттерімде,
Шіркін-ай самалың боп жетейін бе...»

– деп басталатын өлең сөздері ақын сағыншып арқалап төгі
береді, төгіле береді. Өнердегі сезім бірлігі міне осындай бол
керек-ақ. Ет жүрегің елжіреп сен де сағыншы құшағыңда қаласың.

Егер дәм-тұзы таусылмаса қайран Ерекең енді ғана сексен
келеді екен-ау. Әр пендеге жалған дүниенің жазулы ғұмыры бе
Тағдырына көнесің де өмірден ертерек кетіп қалғанына өкінесің.
Ерекең өмірден өткеннен кейін бірер жылдан соң онымен б
кезде қызметтес болған қарт журналист Еркеш ақын шәкірттері
бірі Елубай Жәкенов маған «Еркешті жоқтау» деген толғау әк
беріп сен осыны әнге салып, домбырамен айтып жүрші д
аманат еткен еді. Жоқтауы жұбатыумен тілегі қос өрілген с
термені Еркеш аруағы үшін айтып жүрдім. Бастапқы екі шума
былай болып келеді:

Уа, дариға заман-ай!
Жақсы екен ғой жалғанда,
Ақындардың аманы-ай,
Еркеші жоқ, Көкшетау –
Серкесі жоқ отардай.
Ол өткелі өмірден,
Жыр моторы қызбайды,
Шабыттанып от алмай.

Уа, дариға заман-ай!
Жақсы екен ғой жалғанда,
Ақындардың аманы-ай.
Кедей емес ақынға –
Көкшетау бай, Отан бай.
Ол өткелі өмірден
Есімі еске алынып,
Аты қалды-ау аталмай...

Бұл да, сөз жоқ, ардақ тұтқан ақынды сарғая сағынғаннан
үміт жолдар. Елінің Еркеші, Көкшетаудың ерке бұланы ешқапан
үмітгілмайды. Оның өлмес жырлары жадымызда сақтала
береді, жаттала береді.



«Көтерші аспанда, көгілдір Көкшетау...»

Шіркін-ай, дейсің, ақырын ғана жұмсақ үнмен сөйлеп, биязы
жымылып, қарапайым қалпымен арамызда жүре түссе тәуелсіздік
күллі егемен еліміздің ұлттық музыка қоры мен мәдениетке
үмітгілмас гажайып та сұлу, мәңгі өшпес әуезді әуендерімен
өшпесусіз мұра қалдырған, көзінің тірісінде-ақ «Вальс королі – эн
ноцишасы» атанған аса дарынды да талантты композитор, ірі
өнер тұлғасы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов

сексенге ғана келеді екен-ау. Әттең, әттең, Шәмші әндерімен өткізіп, өздеріне мол рухани азық алып жүрген бүгінгі ұрпақ оңғарушының ертеректеу ғайып болғанына өкінеді-ақ. Бірақ өзінің өлмес әндерімен күн сайын, тіпті сағат сайын бізге сырласады, арамыздан табылады десек артық емес.

Биылғы Шәмші жылына орай оның талантына табынушылардың, дарынын бағалап, әндерін тамсана тыңдаушы сүйсінетіндердің бірі ретінде, әрі Шәмші-ағаны біліп, естіп көргенімді, онымен кездескен, сөздерін тыңдаған, әңгімелер естіген сәттерімді, жалпы ән-аға жайлы ойларымды ортаға сөйлетуді жөн көрдім.

Тәуелсіздік алған 1991 жылдың соңғы айы еді. Желтоқсан оқиғасының бес жылдығына байланысты Алматыда, Республика алаңында өткізілген митингіде сөз сөйлеген «Азат» партиясының бір өкілі Қазақстанның тәуелсіздік алуымен құттықтай келіп жиналғандардың бойына намыс отын үрлеу, оларды рухтандыру, елге деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін білдіру мақсатымен сөзінің аяғында Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін шырқай жөнелді.

... Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін.

Жырың болып төгілемін, елім

Туған жерім менің – Қазақстаным!

Мыңдаған адам әнге қосылып кетті. Патриоттық әуен – Шәмші әні алаң үстінде қалықтап тұрып алды...

Артынан көп ұзамай, іле-шала деуге болады баспасөздерде Шәмші Қалдаяқовқа «Қазақстанның халық әртісі» деген құрмет атақ берілгені туралы Қазақстан Республикасы Президиумының Жарлығы жарияланды.

Бәсе, бәсе, осылай болуы керек еді ғой. Бәрекемді! Түптің түбінде бір таныларсың-ау, шындықтың көзі болса көрер шығар асылды, қап түбінде қалмас қымбат зат. Су түбінде қалған асық тасты жел толқытып шығарды деген осы да.

О, жасаған, жасар жақсылығыңды, ілтипат пен ізетіңді көрсетер құрметіңді ылғи да кешіктіріп, артқа сақтап жүретіңді,

өмірі осы. Мұндайда өзімізді-өзіміз жұбатып, «ешген кеш жақсы» деп жауырды жаба тоқи салатынымызды қайтерсің. Әйтпесе Алматы көшелерінің бірінде кездесіп қалған Сәбеннің (кәдімгі Шәби Мұқанов) қырылдай шығатын жарықшақ та жарасымды ауысымен:

Әй, Шәмші, осы сен «Қайықтаны» неше жасында шығардың?—деген сұрағына:

26 жасымда,—деген Шәмшінің 60-тан асып барып қана қолындай құрметке ие болғанына қуанышпен бірге өксікті өкініштің де қатар тұрғанын жасырмас едік.

Бұған да шүкіршілік. Бұл жай жетпіс жыл бойы жаутаңдап, шақыраудың тоқпағына мойын ұсынып, тоталитарлық заманның өмір саласына деген бюрократтығын ашып берді. Бұл тіліміздің шығып, еңсе көтеріп, тәуелсіздік алып, жеке ту көтеріп жатқан тұрған еліміздің ес жинай бастағанының бір белгісіндей көрінді.

Шын талант түбі жарып шығады деген сөздің төркінінде шикат бар. Олай дейтінім, Шәмші жұлдызы қазақ әнінің жанында кәдімгі Шығыс көгіндегі «сұйрықты жұлдыздай» ағып өтті. Оның дара таланты, Шәмшіге ғана тән қазақи әуезді әндер өлгеннен жұрт жүрегіне қонақтап, ән сүйер қауымның бойына табиғи қалыптасып жатты. Ол Шәмші таланты мен дарынының, талантпен туған әсем әндерінің құдірет күші еді.

Әлі айтпайтын, оны елжірей тыңдап, тамсанбайтын, жыр мен өлең оқып сыр ашпайтын қазақ жоқ. Бұл қасиет жастар арасында сонша өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғын дәл сол Шәмшілер сияқты талапты композиторлар мен әншілер, ақындар шыққан тұста тіптен тарамдалып тамыр жайған-ды. Біздер, Алматы оқу орындарының студенттері сол кезде жарқырай көрінген ақындар Ізтай Мәмбетовтің, Төлеужан Ысмайыловтың, Сейітolla Шүкіровтің, Тұманбай Молдағалиевтің, Еркеш Ибраһимнің, Тоқаш Бердияровтың, Мұқағали Мақатаевтың, Нұрсұлтан Әлімқұловтың, Нұтфолла Шәкеновтің, кейінірек Жүмекен Нәжіметденовтің, Мұхтар Шахановтың, Төлеген Айбергеновтің, Қадыр Мырзаліевтің, Өтежан Нұрғалиевтың жырларын жаттап алуға, композиторлар Әбілахат Есбаевтың,

Нұрғиса Тілендиевтің, Бақытжан Байқадамовтың, Сыдық Мұхаметжановтың, Садық Кәрімбаевтың, Шәмші Қалдаяқовтың әндерін сүйсіне айтып, тез үйреніп алуға құмар болатынбыз. Со бір ұмтылмас сәттердің елесі осы Шәмші Қалдаяқовқа байланысты еді.

Өнер адамдарының ішінде де кұдайдай көріп, кұлау сүйетіндерің болады. Мен үшін сондайлардың қатарында Шәмші бірінші тұр. Дана Абай айтқан «Әннің де естісі бар, есері бар» дегенге сайсақ, Шәмші әндерін мұның нағыз естісіне, жүрегі жатарына, сезімнің сыр пернелерін дәл басатынына, қанша уақыт, жылдар көші өтсе де нәзік қалпын бұзбай өмір сүретініне, мәнін, ұлттық колоритін жоймайтынына қосар едім. Мәселен осыдан жарты ғасыр бұрын шығарылған «Қайықтаны! Біз кеш» ғана жазылған жаңа әндей қабылдайтынмызды жалған деп көр.

Міне, жас күнімізден жүрегімізге нұрлы сезім ұялатқан Шәмші ағамен екі мәрте жүздесудің сәті түсті. Біріншісі – сол жоғарыда мысалға айтқан «Қайықтаны», «Ақ маңдайлым» мен «Ақ сұңқарымды» бәріміз пырқата салып жүрген студенттік кез.

Қазақ университетіндегі жастар арасында ән жанрындағы композитор Шәмші Қалдаяқовты идеал санайтындар өзгелерге қарағанда біздің арамызда көбіректеу еді. Қай жерде үйлену тойы бар, қай жерде туған күнді атап өту бар, студенттік кештер мен кездесулерде, салтанаттарда, концерттерде Шәмші әндері ауыздан-ауызға ауысып жататын. Шәмші әндерімен таң атып, күн бататын.

Шәкенді сол кездегі достары Әбілхат Еспаевпен, Төлеужан Ысмайыловпен, Тоқаш Бердияровпен, өзіммен бірге оқитын курстасым, үміт күттіріп, енді-енді таныла бастаған ақтөбелік досым, ақын Өтежан Нұрғалиевпен бірге жиі көріп, кездесіп жүрдік. Университеттегі ақын-жазушылармен кездесулерде де басымыз қосылатын.

Біздің журналистика факультетіндегі оның шәуілдірлік жерлестері Айдарбек, Сейдін, Жақсылықтардың Шәкенді жатақханамызға ертіп әкеп, таныстырғаны да есімде. Сол жылдары Шәкен отбасымен Тастақ жақтағы біреудің аяқ асты

...тар бір бөлмелік үйін жалдап тұратын еді.

Оның өмір жолдарынан есімде қалғандары мыналар: Шәмші Арыс өзенінің бойы, сырдың бір аңғары. Дәл осы арада айта кетудің реті келіп тұр. Өткен жылқы жылында сол Шәуілдірден бірі Бөген, Арыс аймағында, үш жүздің басы қосылып, атақты Шәуілдір бидің ақыл салуымен әйгілі Жеті жарғы шығарылған Ордабасы түбінде ақын-жырау Майлықожаның 155 жылдық мерекесіне қатысып, айтыскер ақын ретінде соған шақырылуы есімдеме болғанмын.

Айтыс республикалық дәрежеде өткізілгендіктен оның арасында көптеген мәдени-саяхаттық, танымдық шаралар да ұйымдастырылған-ды. Бір апта бойы көне Түркістан төңірегін түгел аралап, Қожа Ахмет Яссауи, Арыстанбаб кесенелерінде, Отырар орнында, Қажымұқан мазарында болдық.

Сонда Ұлы Жібек жолын көлденең кесіп өтетін Арыс өзенінің жағасында серуендегенімізді де ұмытқан жоқпын. Ондайда осы Шәмші ағамыз қалайша еске түспесін. Республиканың түкпір-түкпірінен келген әнші, жыршы, ақындар Шәмші ағамыздың «Арыс жағасында» әнін талай мәрте қосыла шырқағанбыз. Әсерді айтысаңшы, сырлы сезімге, оңаша ойларға берілесің. Композитордың қайталанбас ғажайып сазды әуені Арыс жағасында ерекше бір әсерге бөлеп, қалықтап жүргендей күй кешкенбіз. Әндегі нәзік те сергек, жұмсақ та сырлы жүрек қылының арманды дірілін ұғына түскендей болдық. Шіркін, Шәмші, туған жермен, елмен, табиғатпен тамырлас, үндес секенсің-ау деп ой түйіп қайтқанбыз сонда.

Иә, аруақты топырақ, тамаша табиғат аясы оның әкесі Қалдаяқты да өнерден өгей етпеген екен. Әкесі де ән айтып, жыр термелеген, гармонь, қобыз, домбыра тартып, күй күмбірлеткен дарын иесі болыпты. Әкеден ауған осынау атақасиет Шәмшіге дүние есігін әвмен ашқызды. Әуелде Қапланбектің малдәрігерлік-зоотехникалық техникумын тәмамдап, Ташкенттің музыкалық училищесінде оқыған Шәкен

енді біржола әнді өзіне серік етіп, оны саналы өмірін айналдырды. Әкесі Қалдаяқ ұлына Жәмшид патшаның аты қойғанда ән патшасы, вальстің королі атанатынын білген жиі шығар.

1965 жылы Шәмші Қалдаяқовтың бағы жанып, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Оны шығарғалы бері оның шыққан биігі де, алған атағы да осымен тәмамдалған болатын. Содан бері Шәмші аты ешбір жерде ресми аталған емес еді. Соңғы жиырма жыл бойы әндері жиі айтылып жүрсе де өзі туралы ешкім ештеңе білмеді. Оны іздеген де, халық сұраған да пенде болған жоқ. Тіпті 65-85 жылдар аралығында оның соңынан өсек-аяң еріп, тағдыры тәлкекке де түскен еді-ау. Жан дүниесі күйзелген тұс та сол кез.

Өзімен сырласқан бір досына:

— Менде шалқып жүретін жағдайдың жоқ екенін қайдан білсің бұл жұрт. Шәмшінің төрт құбыласы тең деп ойлайды. Ал менде байлық екеу-ақ: бірі — әнім, екіншісі — әнімді сүйген халқым, — деп Шәкең.

Сонда оның жан-дүниесіндегі аласапыран халді сезіп отырған досы қатты толқып, не айтарын білмей абдырап қалса керек. Сонда Шәмші:

— Мен Көкшетауға кетіп барамын. Сол жақта біраз болатын шығармын. Таза ауа, сырласар жандар іздеймін. Онда да достарым көп. Көкшелік көрнекті ақын, аяулы досым Еркеш Ибраһим шақырады. Бурабайға кел дейді. Көкшетауды көрмегеннің көкірек көзі кем дегенді естуші едім. Сол кемшіліктің орнын толтырмай болмас, — депті.

Шәмшінің Көкшетауға келуі 70-ші жылдардың басы болатын. Тамылжыған тамыздың саумал самалды, саф ауалы, жалғыз жайлы сондағы күндер Шәмшінің көңілін көтеріп, жасыл барқыш Бурабай бауырына басқан. Көкшетауда да, Бурабайда да қасынан бір елі қалмай, серік болып, досын елмен, жермен таныстырып жүрген марқұм Ерағанның (Еркеш Ибраһим) ұйымдастыруымен ел ішінде талай-талай есімізден кетпейтін кездесулер де өткізілген еді. Шәкеңмен Көкшетау жұртшылығы қауымы көрісіп, оның

шығармашылық лабораториясына тереңірек үңілді. Оған деген аламын мен облыс жұртшылығының құрметі мен сүйіспеншілігі одан өзінің арта түскен.

Әлі есімде, бір кездесу Көкшетау мәдениет сарайының кіші залында өтті. Әуелде Алматыда көрген Шәмші ағам соншалықты есіме келмейтін, сәл-пәл арығандай. Ақ сары жүзі, атжақты бет әлпеті, өзінің теңізден аманат денесі сол қалпы, селдірлеу шашына ептеп қырау түсе білетіндей екен. Көңіл-күйі біршама жақсы. Оған Көкшетаудың өзі мен жері ұнаған тәрізді. Кездесуде қысқа-қысқа сөйлеп, ән туралы көбірек толғап отырды.

Ал, Шәке, мына отырған тыңдаушыларың – көкшетаулықтар өзінен бір ән күтеді. Көкшеге арнап бір ән тудыр. Бұл елдің аманаты, саған парыз, – деп сонда Еркештің оны қолқалағаны есімде.

Сөз жоқ ойымда бар. Көкшетау жүрегімде ғой. Ән бесігі Көкшеге ән шығармау әнтектік. Ал бірақ жүрек шіркін қобалжиды. Мен махаббат туралы көп ән шығардым. Солардың көбісі осы күнгі жастарымызға ұнаған сияқты. Алайда, Ақанның «Іванқадияш», «Жамал», Біржанның «Айтпай», «Ләйлім шырақ», Үккілі Ыбырайдың «Қызыл асық», «Қарақат көзді сым саусақ», Бибуан Шолақтың «Ғалия», Естайдың «Қорлан» сияқты тамаша ән жазып әндеріне қайдан жетсін. Көкшетауды әнге қоспаған кім бар. Солардың қатарына қосыла алмай қаламын ба деп көрсеңдер, – деген еді Шәкең жай ғана жымыш.

Көп ұзамай Шәмші «Кел Бурабайға» деген сәтті ән шығарды. Оның сөз мәтінін, әрине, оның аяулы досы Еркеш ақын жазған-ды. Ән тез ұғылып, жылдам тарап кетті. Әсіресе оны шыққан бетте Көкшетау елі ауыздан-ауызға іліп әкетті. Сол кезде де, кейін де республикалық, облыстық радиодан жиі-жиі айтылып жүрді. Қазір де сол әннің қайырма сөзі Шәмші болып, Еркеш болып, қос аққудай сұңқылдап, қай кезде де құлағыма естіліп тұрады.

...Су бетінде,
Еркелейді аққулар

Құс төресі –
Аппақ ару аққулар.
Шығайын асқарына,
Көтерші аспаныңа,
Көгілдір Көкшетау...


Поэзияны, жырды, өлең мен өнерді, әнді жанындай сүйетін Еркеш ақынның тағдыры тәлкек болып, аты ұмытылып барып жатқан, жаны күйзеліп жүрген Шәмшіні дәл сол тұста ауасы дертке дауа Көкшетауға шақырып алуы тегін бе. Жоқ. Ол – табиғат дарынды, хас өнерді тап басып тануы, асылды бағалай білуі, досқа, шын талантқа деген жанашырлығы еді. Кезінде көрмеппіз, тірісінде бағаламаппыз деп көзі кетіп қалғандарды мәймөңкелсіз қалатындарға, кеспегі солақай заманға сабақ етіп көрсетіп кеткені еді ғой марқұмның. «Жақсыдан – шарапат» деген осы емес пе. Жақсымен бірге жүрген сол бір күндерді, досының кең пейілін, жасаған қызметі-көмектерін Шәкең өмірінің соңғы күндеріне дейін ұмытпа қойған жоқ. Ол өзінен бұрын, мезгілінен ерте дүниеден озған аяулы досын сарғая сағынатын.

Артына өлмес өлеңдер тастап кеткен Еркеш ақынды да, Бурабайдай сұлу ән шығарған Шәмшіні де Көкше елі асқарына шығарып, аспанына көтере де білді.

Шәмшінің тұңғыш шығарған әні «Қаракөз» бен соңғы әндерінің бірі «Шашбаулыға» дейінгі аралықтағы сырлы да сұлу, нәзік те ойлы, ойнақы, ұлттық нақыштағы әуендері қаншама десеніңші. «Ана туралы жыр», «Ақ бантиқ», «Бақыт құшағында», «Кешікпей келем деп ең», «Ақ Жайық», «Әнім сен едің», қайсыбірін айтайын, тізе берсек тіпті көп, солардың бәрі жүрегімізге қонақтап, көңілімізде сайрап тұрған жоқ па.

Шәмші Қалдаяқов егемендік алғаннан кейін өз халқымызға қайра қауышып, елдің ыстық ықыласына, құрметіне бөленіп кетті. Дарынды сазгер өз еңбегінің ерте ме, кеш пе бір еленетінін, талантының танылатынын әлмисақта білетін. Қазақстан композиторлар одағына мүше бола алмай келсе де, өзінің халық композиторы екенін сезінетін.

Шәмші әндерінің күдіреттілігін, халықтығын бір-ақ



мысалмен түйіндей кетейін. Ол – осы жазбаның басында айтылған әйгілі «Менің Қазақстаным!» әні. Ертеде шығарылған Шәмшінің бұл әнін айтпайтын қазақ жоқ. Сондықтан да бұл әнді тәуелсіздік алған Қазақстанның мемлекеттік Әнұраны етіп халықтың өзі жаппай қолдап, таңдаған еді. Шындығында да бұл әндің Бас әні болуға өзі сұранып тұрған болатын. Өлең мәтінін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденов жазған «Менің Қазақстаным» атты Шәмшінің мемлекеттік Әнұранға айналған атақты әнінің либреттосында елдіктің, азаматтық пен Отанға деген патриоттық сезімнің, намыс пен жігердің, туған жер мен елге деген сүйіспеншіліктің лебі самалдай есіп тұрады. Оны бүкіл ел халқы ресми жиындар мен салтанаттарда жүректерін басып тұрып шырқайды. Шәмші әні ел Әнұраны боп әлем аспанында да қанатқайды. Ол елдігімізді әйгілейтін үн күдіретіндей естіледі. Шәмшімен орынды мақтанатынымыз да сондықтан. Ендеше Шәмші ағаның ән-ғұмыры өшпейтін, ғасырлардан-ғасырларға аманаса беретін шексіз ғұмыр дер едім.



АРҚАНЫҢ БҮГІНГІ БІРЖАНЫ

1979-1981 жылдар. Алматының сол кездегі Жоғары партия мектебінде оқып жүрген кезім. Бірге оқыған, жасы көп кіші, бір бөлмеде тұратын Шымкент өңірінің жігіті Шәймерден Дәуренов (марқұм) алғашқы танысқан күні Баян ініңіз келеді, білетін шығарсыз деді. Бұрын көрмеген соң «жоқ» демей не дейін. «Ің, қызық сенсіз, осы жасқа келгенше «Көкшетаудың көкжалын» білмегеніңіз қалай» деп көзін сүзе, ақшаң ете түскені бар. Содан кейін Баянғалимен сөйлескенде: «Әй, Баян, ағаңмен бір бөлмеде тұратын болдық. Сені сұрасам «білмеймін» дейді. Сонысын ұнатғыңқырамай тұрмын депті.

Шәймерденді курстастары «Шахи» деп атайды екен. Баян

екеуі университетте оқып жүргеннен жолдас көрінеді. Екі жыл бойы қадірлес іні болған, білікті азамат, ақын, әдебиетті жақсы білетін, сөзге өте шешен, сол Шәймерден «О, Баян түбінде бәрің асады, оның өнері сегіз қырлы, одан бірдеңе шығады, айтпады деменің» деп отырушы еді. Адамды тани, жақсыны көре білген Шахидың аузы дуалы екен.

Сол тұста «Қазақ әдебиеті» газетінде істеп жүрген Баянғали бірсыпыра ұсақ әңгімелер жазып, сатирик жазушы атанып қалып Сексенінші жылдарда оның алғашқы «Ұя», «Хикметтің хикаялары» атты кітаптары жарық көрді. Содан кейін, яә содан кейін Баянғали айтыскерлік, жыршылық екінші қырына танылды. Осыған байланысты өзімен замандас, бегілі ақын Жарасқан Әбдірәшев жазған мына бір жыр жолдары оның өнердегі бейнесін айнытпай танытқандай:

Орыспен де санасты,
Қазақпен де санасты.
Қырғыз ба деп қаласың,
Орындаса, «Манасты».
Қараса да қай тұсқа,
Қырандайын ол түлер,
Салсаң егер айтысқа,
Тұнып тұрған фольклор.

Мен мынаны асқақ айтып, асыра айтып, болмаса қосып айтып отырмын демес едім. Бұл шынайы шындық, айқын ақиқат. Көзіміз барда көріп, құлағымыз барда естіп жүрген жай осы. Талай рет сапарлас, дәмдес-тұздас болған кезімізде оның көсіліп кетсе көсем, шешіліп кетсе шешен, айтысып кетсе аға беретін сәттеріне куә болып жүрмін. Таң қаласың. Таңдай қағасың, ырағ болып, айызың бір қанып қалады-ау шіркін!

Ол айтысқа шығып, төгілте жөнелгенде еңкейген кәрідем есеймеген балаға дейін қуана қол соғып, қолпаштап қуанатынын қайтерсің. Өзің де солармен бірге толқып отырасың, жай емес шаттанып кетесің. Айтыстың ата қасиет осында шығар, сірә. Ал бірақ бәрінде осылай бола бермейді. Айтыстың да айтысы, оның да құнарлы, құнсызы бар. Әлгінде!

дәлесе қозу Баянғалилар қатысқан дүбірлі сөз жарысында
Астана ақынның айтқанын ғой.

Әйгілі Кенен Әзірбаевтың Алматыдағы торқалы тойы.
Астана жұртшылығы, бүкіл Әулиеата әулеті үлкен тойға жан-
өзекті әзірлік жасаған. Әрине, мұндай аталы аста ақындар
Астана ақынның тойдың шырайын кіргізеді. Айтыс Республика сарайында
Астана ақын Баянғали біртүрлі қобалжып, жеңіл сезім діріліне бой
алдырды. Ығы-жығы халық. Республикалық айтыс болғандықтан
Астана облыстан шақырылған ақындар көп. Баянғалидың жұбына
Астана ақын айтыстарда жүлде алған, республикаға танымал болып
Астана ақын майталман айтыскер Әселхан Қалыбекова кезікті.
Қобалжитыны сол. Айтысқа алғашқы жұптардың қатарында
Астана ақын. Әлі біраз уақыт бар. Сахнаға бүйірлес дайындық
Астана ақын сөзіне сия алмай, байыз таппаған Баянғали дәлізге шығып
Астана ақын. Іштей күбірлеп қояды. Онысы түптен тартылатын, көмейге
Астана ақын сөз сұрағандай. Бір ой мазасын алып барады. «Әй,
Шәрібек-ай, бір қиқарлансаң қоймайсың ғой, сен айтысуың
Астана ақын, жығылсаң нардан жығыл, түссең дөкейлердің өзімен түс
Астана ақын болмадың ғой. Енді қарашы, қармағыңа қалай түсіп
Астана ақын аңғарымды өзім де білмей тұрмын. Қинадың, ау бауырым» деген
Астана ақын жетегіндегі Баянғалидың құлағына: «Сахнаға келесі жұпты
Астана ақын шықырамыз. Оңтүстіктің ақыны Әселхан Қалыбекова мен
Астана ақын Алматы облысының ақыны Баянғали Әлімжанов» деп айтыс
Астана ақын жүргізушісінің дауысы саңқылдап жетті.

Баянғалидың ірі-ірі айтыстарының ең тұңғыштарының бірі
Астана ақын басталған-ды. Оған жоғарыда айтқан ауыз әдебиеті мен
Астана ақын фольклорды зерттеуші, өзі де бұрын ақын болған Шәрібек
Астана ақын Алдияшев себепші болған еді. Теледидарға түсірілген сол айтыстың
Астана ақын Баянғали бастаған алғашқы шумақтарын біз де жаттап алғанбыз.
Астана ақын Сонда Баянғали:

Ассалаумағалейкүм туған елім,
Абай, Жамбыл, Кенендер туған жерім.
Ұлы тойға шапу ғып шашады ұлын,
Жүрегін жарып шыққан өлендерін.

Жаяулап байдың қойын баққан Кенен,
Бәйгеге көкшолақпен шапқан Кенен.
Теңсіздіктің талқанын әнмен шылап,
Өлеңмен өмір отын жаққаш Кенен.
Арайлы Октябрьдің арқасында,
Алдынан бақыт таңы атқан Кенен.
Қайта түлеп, самғаған қарт Жамбылға,
Ілесіп көкте қанат қаққан Кенен.
Осылай ұстаздарын айтқан Кенен,
Тамырын тым тереңге тартқан Кенен.
Қоспасыз алтыннан сөз соққан Кенен,
Аялаған елінің арқасында,

Аспанда жұлдыз болып аққан Кенен,-деп қызып алды да қызыл тілмен Әселханды ұрымтал тұстан буып тастап отырды. Баянғали осылайша айтыс өріне құлаш самғады. Әуелде айтыс ақыны болам деп армандаған емес. Ойлаған да емес. Ол жас күнінде әдеби кітаптарды көбірек оқуға машықтанып, әсіресе ауыл әдебиетінің халықтық үлгілеріне ден қойған-ды. Асыл анасы—Қарауыл қызы халықтың жыр нұсқаларын жетік білетін, кисса-дастандардың үзінділерін өзіндік мақаммен жатқа айтып отыратын. Бала Баянғали сол қайнардан сусындап, соларды жүрегіне ұялатқан ақын.

Әрине, оның халық мұраларындағы тереңдік, батырлар жырындағы ой кестелері, образды сипаттар, тұлпарларды, сұлулықты, табиғатты суреттеу тәсілдері қатты тебіренетін. ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түскеннен кейінгі студенттік қызығы мол думанды жылдарда да жас жігіт бойына жақсылық дарытып, ойына ұшқырлық пен мол білім орнықтырды.

Өзі туып-өскен Еңбекшілдер ауданындағы Бұлақ басында да ақылгөй, дана сөз парқын білетін қарияларды, шежіре кісілерді, ән айтып терме, жыр толғайтын жандарды да жиі кездестірген. Әрине, бұл жер қасиетті жер, құнарлы топырақ. Бұлақ басы деп отырғанымыз осы күнгі Степняк қаласының бұрынғы қазып қаққан алғашқы орны. Бұлақ басы десе дегендей. Үш жүзді әнмен

жырған, қазақта айтыс өнерінің өлмес мұрасын тудырған ақсаңгер айтыс ақыны, дарынды композитор Біржан салдың іздері сайрап жалған ата-жұрт осы. Қасиетті Бұлақ басы Біржанның Баянғалидай талай ұрпақтарына шын мәнісіндегі бастау болғанын тегін деп көр.

Баянғали әлі қырықтың жалынынан енді ғана ұстайтын қалыңдаған жігіт шағына келді. Күш-қуаты мол, шабыты шарықтаған, жыр көгіне қыран құстай самғайтын кезге жаңа өсетті. Әлі қылшылдаған жас десек те айтыс өнерінде көтерілген өрі биіктеп кеткен. Осы кезге дейін-ақ, ол 107 рет айтысқа түскен өкпен. Жасына, айтысты бастаған уақытына қарасаңыз бұл айтыс тарихында бұрын-соңды болып көрмеген көрсеткіш. Ешкім емесесе де ол өзінің 100-ші айтысын атап өтті. Бұл айтыс өткен жылғы күзде Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшқанына бір жол болуына орай Қарағндыда өткен айтыс еді. Сол жолы ол үш бірдей ақынмен – Д. Сәтібековпен, Қабжәлел Сахариямен, Серік Құсанбаевпен айтысып Тоқтар Әубәкіров атындағы жүлдені жеңіп алған-ды.

Баянғали қайда бармасын, кіммен айтыспасын бәрінде де өзінің жерін, өзінің табиғаты сұлу Көкшетауын, Біржан жұртын жырғына арқау етіп «Бізді ешкім жеңе алмайды ұмытпасак, бір Алла, пайғамбар мен бабамызды» деп отыратыны қандай жақсы. Немесе 1991 жылғы Қабанбай батырдың 300 жылдық асында С. Құсанбаевпен айтысқанда:

Тойында Қабанбайдың ұлым енді,
Жырла деп атам Біржан жырын берді.
Оқжетпес, Бурабайым қолын бұлғап,
Қарағай, қызыл қайың бүрін берді.
Көкшетау далалары дүр сілкініп,
Сексен көл тереңінен тебіренді.
Бурасы Абылайдың буырқанып,
Үңгірі Кенесары күңіренді.
Еске алып аруағын бабалардың,
Қазағым елдік сәнің бүгін келді,—

деген елге арқа сүйеген айшықты жолдарды, көкшетауды
Абылай тойында Ерік Асқаровқа жауап қайтарғанда:

Айтатын сөзіңді енді мықта інім,
Талайды айтыстарда жыққан інім,
Ішінде айтыстардың ең алғашқы,
Шет елге экспортқа шыққан інім.
Талайды айтыстарда жеңген інім,
Өленді қамшыдай ғып өрген інім,
Шет елге экспорт боп шығып кетіп,
Көкшеге импорт болып жеткен інім,—деп айтқан

әдемі әзіл уәжін көп ақындар естерінен шығара алмай айтып жүр

Баянғалидың 107 айтысының қайсыбірін айтып жатарсың
Исаның 90 жылдығына Керекуде, Қазақстанның 70 жылдығын
Алматыда, Кенесарының 190 жылдығына Көкшетауда, Есет
батырдың 325 жылдығына Ақтөбеде, Сырым батырдың 250
жылдығына Оралда, Ілияс Омаровтың 80 жылдығын
Қостанайда, Қожабай ақынның 100 жылдығына Жезді де
Шұбыртпалы Ағыбай батырға арналған Ақадырда, Республика
күніне арналған Алматыда, кеншілер еңбегіне арналған
Жезқазғанда, тағы басқа жерлерде өткізілген республикалы
аламан айтыстардың бәрінде де Баянғали абыройсыз оралған
емес. Ол 9 рет бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші, екінші, үшінші
орындарды жеңіп алғандарының өзі қаншама.

Мен айтыскер ақын ретінде Баянғалимен бірге республика
облыс көлеміндегі талай-талай тойларға, үлкен астарға қатысып,
облыс атынан солардың аясында өткізілген айтыстарға
қатыстым. Біріміз аға, біріміз іні болып, бірі-бірімізге ақыл қосып,
сыйласып-құрметтесіп келеміз. Жоғарыда айтып өткен көп
айтыстар әлі күнге дейін көз алдымда. Солардың әрқайсысының
орны бөлек. Дегенмен менің есімде қалғаны 1991 жылдың шілде
айында Ақмоланың Ерейментау бауырында өткізілген қазақтың
қас батыры Қанжығалы Бөгенбайдың 300 жылдығына орай
өткізілген тойдағы айтыс еді. Баянғали айтысының бағы
Ерейментаудағы осы айтыста ерекше ашылды десем артық емес.

Ол Құлагер құлаған Ерейментау етегінде ерекше шабытқа мінген еді. Алғашқыда Жадыра Құтжановамен айтысып, ұпайы жоғарғылар жұбына шықты да, соңында атакты айтыскер Қошысбай Әбіловпен айтысты. Сөйтіп дес бергенде, аруак жолдап, бас бәйгеге тігілген құла атты Баянғали елге мініп қайтты. Сөйлейша Ерейменнен Көкшеге Құлагер қайтқандай болған еді. Сол жай маған қатты әсер еткен-ді. Содан бері имандай шынғым, Баянғалиды айтыскер ақындардың Құлагері, жүлде бермес әуірігі деп жүрмін.Өзім білетін Баянғали тұла бойы тұнған арын иесі ғана емес, сонымен бірге адамгершілігі мол, кісілігі көп, сыпайы, турашыл, дос дегенге, жолдас болғанға бөліп берер жүрегі бар жомарт пейілдің, намысты қолдан бермейтін, сүрінгенді демеп, жығылғанды көтеріп алатын мәрт мінездің иегісі. Сонымен бірге оның бойына айтыс ақындарына тән ұстамдылықта бірте-бірте қалыптасып келеді. Оның айтысқа шығардағы ұлттық киімі де оның өзінің талғамымен тіктірілген.

Қайда той, ас өтсе, айтыс болса Көкшетаудың ресми орындары арқылы емес, Баянғалидың тура өзіне, Кеңашыға шықару қағаздары келіп жатады. Кеңашыдағы елге қадірменді әкесі Тақан ақсақал, марұқм құдай қосқан қосағы Әлия мен сол кезде мектепте оқитын Нұрлан осындай айтыстарға, сапарларға өзі шаңырағынан, бақытты отбасынан тілекші болып шығарып алатын.Ал Баянғали болса бүкіл Көкшетау, Біржан елінің, Кеңашы ауылының намысына, абыройына дақ түсірмей, аяққының ақ тілегін орындап оралатын.

Ана бір жылдары Баянғали Жұлдыз журналында қызмет етті. Оке қасына, туған елге оралмақ ниетін айтып, журнал жұмысымен қоштасар сәтте өзімен қызметтес болған белгілі Нұрлан ақын Ғафу Қайырбеков мынадай өлең шумағымен жол болсын айтқан екен:

Рахмет, «Жұлдызға» еткен еңбегіңе,
Жұлдыздай шыға бер сен ел көгіне.
Оранып мауқынды бас бала қыран,
Көк майса Көкшетаудың жөргөгіне...

Міне, содаы бері ол өзі туып-өскен Кеңашы ауылында тұрды Еңбекшілдер ауданының «Қазақ тілі» қоғамының бар жүтін көтерісіп, көмек көрсетуде, ел ішінде жас ұрпаққа тәрбие беретін ақындар мен термешілер, әншілер, өнер мектебін ашып, басшылық жасады. Қазір ол жылдар да артта.

Баянғали айтыс ақыны ретінде қазір толысу үстінде. Оның әрбір айтысы жұрттың рухани байлығына айналды. Ендеші қалың қазақ таныған үш жүзге аты мәлім болған жезтаңдай айтыскерді Арканың Біржаны деудің әбден орны бар.

1990 ж.



Ән аспанының Шолпаны

Қалам ұстап жүрген соң Көкшетауда көптен бері жұрт аузына ілігіп, әркімді тәнті еткен әнші Шолпан жайлы очерк пе, әйтеуір кең толғамды бір дүние жазуды ойлап жүретінмін. Бір кездескенде: «Сен туралы жазу керек еді» дегенде:

— Ой тәйірі-ай, бізге әлі ертерек қой. Өстім, жетілдім, болдым, толдым демеймін. Әнім де өнерім де өздеріңнің көз алдында. Бағамды халық өзі бере жатар. Ал жазу өз еріктеріңде ғой, - деп еді ерке қылықты Шолпан жүзіне күлкі үйіріліп.

Биыл соның сәті түсіп, болапақ жазбамның алғы сөзінде әзірше мына мөлтек жолдарды жазуға мәжбүр болдым.

Жарасы бар қам көңілді жұбатар да, жанарын жас шалғанды уатар да, қалғып кеткен селкеу сезімді оятар, бойға қуат құйып, ойыңа нәр берер, рухани азықтың балын тамызып, жүректің қылын шертер әсем әнге беріліп, ұйып тындамайтын, елжірей еміренбейтін пенде бар ма екен, сірә. Сол әнге құштарлық оны орындайтын әншіге деген құрметке ұласатынын қайтерсің. Ал ондай әншілер тау-тау құм арасынан жақұттай жарқырап көрінетін асыл тастардай сирек кездеседі. Ежелден ән бесігі болған Көкше өңірі мұндай бұлбұл

комсей әншілерге кенде де емес. Алайда әншінің де әншісі, жұрт жүрегін жаулап алатын дарасы болады.

Ән тербеген Көкше аспанының көгілдір күмбезіндегі көп жұлдыздардың бірегейі әрі жарқырауығы да Шолпан дер едік. Оның сазды үні, кең диапозоны, ашық та биік, таза сопрано дауысы осынау ән аспанында, сахналар төрінде ерекше сазды, бірде нәзік, бірде қуатты, кәсіпкерлік жоғары дәрежеде өзгелерден өрше оқшау естілетіні бар.

Шолпан Дүкенбаеваның «құлақтан кіріп, бойды алған» асқақ үнін, қуатты оркестр аспаптарынан көш биік шығып жататын даусын көпшіліктің аңсай күтетіндіктеріне де талай жылдар боп келді. Алматы консерваториясын бітіріп келген Шолпан Ырғарқызы Көкшетау филармониясының әншісі ретінде өзіне ден қойған, әніне құмартқан талғампаз қауыммен жиі-жиі қауышып жүр. Содан бері өзі де есейді, өнері де есейді, әніне ән қосылып, репертуары байыды.

Әрине, өнерде де сайрап жатқан даңғыл жоқ. Оның да бұралаңы, соқпақ-сұрлеуі, тайғақ кешулері жетіп жатыр. Әнді есер етпей, есті қылуға, тыңдаушының құлағына жағымды етуге көп еңбек қажет. Ән жолына түскен Шолпанның жалықпай ізденуі, үйренуі, орындаушылық шеберлігін ұштай түсуі де нәтижесіз емес. Оның табиғи дауысы, ашық тембрі классикалық үлгідегі опералық партияларды, кантата, романстарды орындауға баспалдақ жасады.

Сөйтіп табиғаты мен болмыс бітімі қарапайым да биязы, нәзік те сымбатты, аққұба өнді, жарқын жүзіне үнемі риясыз күлкі үйіріліп тұратын аңқылдақ, ашық мінезді әнші – Шолпан сахнаға қанша шықса да аспандағы Шолпан жұлдыздай жарқырай көрініп, жұршылықтың ыстық ілтипаты мен ықыласына, шексіз мұңысына бөленіп келеді. Оған біздің көзіміз талай жеткен.

Ана бір жылы әнші қарындасымызбен сапарлас болып, Маңғыстау облысында өткізілген Қашаған жыраудың 150 жылдық тойына қатысқан едік. Көкшетау делегациясының иыройын арқалаған Шолпан қарт Каспийдің түбегіне қонған

книз үйлі қалың ауылдарға Арқа әндерінен шашу шашқан-ды Ондай жерде фортопьяно, концертмейстер деген қайдан болсын Классикалық, опералық ән үлгілерінен үйренген Шолпан қысылмай-ақ алты қанат ақ ордалардан шырқаған әндерін қуатты дауысымен Каспийдің теңіз толқындарына тоғыстырып еді. Бірде оның әсем орындауында Адай елі – Арқаның ән патшасы Біржан салдың «Көкегін» тыңдап, рахаттана қол соққаны бар. Қайда барсақ та жұрт аузында Шолпанның әні, жігіттер көзінде Шолпаның өзі болды. Әйтеуір Көкшенің өнеріміз да ару қызы көбінің көз майын тауысып, қол жетпес шынарды армандатып еді. Мұндай алғыс пен құрметке, сүйіспеншілікке Шолпан әр жерде ие болып жүр.

Төл топырақта туған «Біржан-Сара», «Абай», «Дударай» операларынан ариялар орындап, «Чио-Чио-Сан», «Кармен» сияқты Ұлы музыкалық шығармалардан партиялар орындауға дейінгі сатылардан өткен, симфониялық, камералық, ұлт аспаптар оркестрлерінің сүйемелдеуімен романстар және әндер орындаудан бағын сынап жүрген Шолпан туған халқымыз қалтқысыз қызмет етуді, оларға әрқашан ән сыйлауды мұра санасаған өнер адамы. Сол үшін де ол өзін бақытты санайды. Ол жүрегім-өнер, тірегім-халық дейтін өнерпаз.

Шолпан Көкшетау филармониясындағы екі оркестрмен жұмыс істеуде. Сонымен қоса музыкалық мектепте, жекеменшік мектепте де дәріс беріп, шәкірттер баулиды. Онымен бірге облыстың әртүрлі мәдени шараларына қатысады. Жеке концертпен аудандарға шығатыны тағы бар. Ана жылы тәжірибе алмасу, үйрену мақсатымен Америкаға да барып қайтты.

Шолпан әндері өзі туып өскен Тың ауданындағы Салқынкөл, Қалмақкөл, Шөптікөл, Жаркөл, Талсай баурайларында да Қырымбет далаларында да қалықтауда. Осы биылғы жаңа жыл қарсаңында ғана Шолпан Дүкенбаева Қазақстан тәуелсіздігінің тойына арналған салтанатта «Қазақ вальсін» аса зор шабытпен орындаған еді.

Әнші Шолпан өз репертуарын байытып, шығармашылық

орындаушылық жолда толысу, өсу үстінде. Осынау өнер жолында оның қалдырған өрнектері аз емес. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағы берілді.

Болашаққа деген сенімді жоғалтпауымыз керек. Тәуелсіздік алған елімізге қызмет етуден артық абырой жоқ деп ойлаймын. Ал алдан күтер үмітім – жақсылық, тұрмыстың түзелуі. Салт-дәстүр, өнер жалғасы үзілмесін, айтар әніміз, қуат берер нанымыз шұсылмасын, – дейді ол.

1997 ж.



«Арман жоқ Алаш үшін болсам қаза...»

(Қазақ ақыны, ағартушы-демократ, этнограф, қазақтың түңғыш журналистерінің бірі, жерлесіміз Мұхаметсәлім Әбдірахманұлы Кәшімов жайлы ойлар)

Арманын алдан тосып, малын бағып, жай жатқан қазақ деген момын ел сойылмен қорғаған ұлан-байтақ сайын даласын ешкімге бермегенімен алдымен сыналай еніп, артынан сынаптай сырғып төрімізге дейін топырлап кеткен жат жұртқа – қара шекпенділерге қисайса жастық, жатса жаялық болып шыға келгенін ес жиып, етек жапқаннан соң кештеу біліп жатқанымызды ешкім өтірікке шығара алмайды. Патшалы Ресейдің отаршылдық саясаты бүкіл байтақ даланы дендеп, шовинистік ұрық ұлттық топырағымызға әбден кеулеп кеткенді. Оз елімізде, өз жерімізде өзгенің өктемдігімен, басқаның басқаруымен, басқа ұлттың ұранымен ұйықтап, түсімізде де соны көріп төсектен тұрып келген жоқпыз ба. Өзімізді өзіміз шырмадық, діннен безіп, тілімізден айырылып қала жаздаған жоқпыз ба. Оң-солымызды тануға мұрша бермеді ғой, солақай саясат, тоталитарлық жүйе. Империялық сол өктемдіктің,

отарлық саясаттың ұлт үшін түптің түбінде көп зияны бар екенін қазан төңкерісіне дейін-ақ қазақ зиялылары жете сезініп, жандары ауырған. Небір асыл азаматтар, ұлтжанды ұландар, қазақ деп соққан жүрегі бар арыстар қолдарынан келгенше күресіп, саяси, экономикалық, идеологиялық майдан алаңдарында айқасып бақты.

Енді қараңыз, сол кездегі зиялылар идеясы, ой-армандары адаспай, алдымыздан шығып отыр. Олардың көкसेгені де осы тәуелсіздігіміз болатын. Тәуелсіздік туы талай жүздеген жылдардан соң 1991 жылы ғана ел аспанының үстінде желбірей бастады.

Міне, осынау азаттық жолында тар жол, тайғақ кешулердің неше атасыш коргең, тас түрмелерге қамалып, айдауда болған, мезгілсіз мерт, ажалынан бұрын шәйт боп кеткен қаншама қазақ зиялыларының мойымаған, мұқалмаған рухына бас иіп, аруақтарының алдында тағзым етіп отыруды ешқашан естен шығармауға тиістіміз. Ол жүрегі қазақ деп соққан әр адамның азаматтық борышы болса керек. Естіп-біліп, ойша елестеткеннің өзінде бүтін халық, тұтас ұлт алдында парыздарын өтеп кеткен сол бір аға ұрпаққа айрықша алғыс сезімде қалатының бар.

Заман ағымдарына қарай тарихымыздың біз біле бермейтін беймәлім талай-талай тылсым сырлары ашылды. Тәуелсіздіктің арқасында бірінен соң бірі бес арысымыз – Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек қайта қауышты ел-жұртымен. Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорданың көсемдерін, ұлт үшін ұрандап шыққан қазақтың қаймаққа шығарларын қалайша ұмытпақпыз. Ұлттық мемлекеттік тұтастықты қалпына келтіру үшін күрес барысында өмірге келген Алашорда – Халық Кеңесінің жаңа тұрпаттағы өкіметі сол кездегі түсінбеушіліктің салдарынан тарих сахнасынан сырғытылған еді.

Қазір ойлап көріңіз. Алаш қозғалысына біріккен қазақ интеллигенциясы 1917 жылы ұлттық мемлекет құру ісін қолға алғанда қателесті ме, әлде дұрыс жолда тұрды ма? Сол кездегі қазақ зиялылары мұрат санаған ұлттық мүдделер қазан төңкерісінен кейін, яғни Кеңес өкіметі тұсында шынайы шешімін

танты ма? Бұл сауалдарға әділ жауапты тарихтың өзі беріп отыр. Құдайға шүкір, бүгінгі күннің ұрандарына үндесіп жатқан қазақ зиялыларының идеялық дұрыс бағыттарын енді біле бастағандаймыз. Солардың бірі – өзіміздің жерлесіміз Мұхаметсәлім Әбдірахманұлы Кәшімов.

Әрине, Мұханның есімін біліп, еңбегін бағалағандар ел ішінде көп болған. Алайда, оны тек Кеңес өкіметіне қарсы болған, Алашордаға қызмет еткен, болмаса діндар, бай баласы болған деген желеудің жетегінде жүрдік. Жетпіс жыл бойы жеті атамызды атауға аузымыз барды ма. Бурабайдың ық жағындағы қалың Атығай арасынан шыққан (осы күнгі Мәдениет елді мекенінің жанындағы Жаңаталап ауылы) Мұхаметсәлім Әбдірахманұлының өмірі үшін еткен баға жетпес еңбегін, қызметін бағалауға да солақай сол себептер салқынын тигізген еді.

«Өзінді-өзің танытсаң жат бойынан түнілер» деген ғой. Біз де өз жерлесіміздің сол кездегі есіл еңбегін бағалап, бүгінгі ұрпақ кәдесіне жаратып, мақтаныш тұтсақ қандай ганибет.

Мұхаметсәлім Кәшімов туралы бұдан бұрынырақ та еміс-еміс естіп қалғаным бар-ды. Бірақ, толық мағлұмат ала алмағандықтан ұмытып бара жатқандай едім. Бірде қызмет істейтін редакцияма орта жасқа келіп қалған, бойшаң, етженді қара жігіт ағасы келіп, атам туралы жазсаңдар болмас па екен деген бұйымтай айтты. Ол осы өзіміздің Көкшетау қаласында тұратын Мұсауат Әбдірахманов деген азамат еді. Мүсекең біз әңгіме еткелі отырған Көкшетау арыстарының бірі – Мұхаметсәлімнің Монтай деген баласынан туған екен.

Мұсауат атасы жайлы біраз айғақтардың бар екенін, қазан төңкерісіне дейін және одан кейінгі қазақ зиялыларының арасында өз атасының алатын орнын айтып, біраз сыр тарқатты. Мен қалың ой құшағына ендім. Тарихи деректер көп жәйттерге жетелейді. Небір ғажап адамдар, халқымыз үшін, ұлтымыз үшін ашандарын пайда еткен азаматтар өткен екен-ау өмірден дейсің шіркей. Енді Мұхаметсәлім Кәшімов жайлы аз болса да жазып, жерлестеріне ол туралы мағлұмат беруді жөн көрдім.

Алдымен тағы да Алашты аузыма аламын. Алаш қозғалысы,

Алашорда біздің түсінігімізде басқаша, түрпідей тиер құбыжық
«халық жауларының» ұйымы, партиясы болып есептелді. Ал
бажайлай бойласаң, тереңнен қозғап, түбірінен танысаң нақ со
Алаш екен ғой бүгінгі тәуелсіздігіміздің тегі. Ендеше тегімізді, ту
тамырымызды білмесек, ұлттық қасиетімізді біле алармыз ба
Бұл арада:

«Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың камын жер.
Өзін ғана білген ұл,

Құлағы мен жағын жер», – деген халық мәтелі ойға
оралады. Алаш көсемдері ел камын жегендер еді. Олар таптық
азаттықтан гөрі ұлттық бостандықты, тәуелсіздікті көкседі.
Олардың аңсаған аппақ армандары кеуделерінен пынайы жыр
боп құйылды, жүректерінен жалын боп атты.

Иә, сол бір аумалы-төкпелі, аласапыран заман айрығында
азап соқпағында болғандар қанша. Мағжан Жұмабаев айтқан
«Қажымай алтын айға қол созып, сол жолда мерт болғандар»
қаншама! Есіл ерлер, асыл азаматтар-ай десеңші! Бар мағыналы
өмірін, жастық жалынды ғұмырын туған халқының ақ жолына
арнаған, өленімен де, өнерімен де, сөзімен, ісімен де, жүрегімен,
білегімен, тілегімен де ел намысын жырттып, оның тәуелсіздігі,
азаттығы үшін көбелектей отқа түскен Алаштың көзсіз ерлеріне
кім сүйсінбесін. Даньшпандар, нағыз болжағыпштар деп соларды
айта бер. Қазақтың сол бір тұстағы зиялылары айтқан ойлар,
сақтандырған ақыл-кеңестер жетпіс жылдан соң алдымызда
шығып отырса неге таңданбайсың.

Жерлесіміз, Алаш партиясы қайраткерлерімен бір сапта
болған, осы күні ұлтымыздың мақтанышына айналған Әлихан
Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен
тізелесе жүріп, тәуелсіздік туын көтеруге атсалысқан
Мұхаметсәлім Кәшімов рухына бас иіп, оны мақтан етуге әбден
қақымыз бар.

Мұхаметсәлімнің азаматтық, ұлтжандылық, патриоттық
қасиеттерін, ағартушы-демократтық, саяси сауаттылық,
адамгершілік бейнесі мен рухани ой-өрісін үш жағдай мен тарихи

«Иҥақтар арқылы топшыладым. Соның біріншісі Қазақ Совет Энциклопедиясы. Оның бірінші томында Мұхаметсәлім Кәшімов туралы мынадай деректер келтірілген екен:

–Қазақ ақыны, журналист. Діндар семьяда туған. Жас кезінде әкесімен Меккеге барып, «Галач қажы» (түркі тілдерінің бірінде, сұра, «бала қажы» болуы мүмкін. Ж.Е.) атанды. «Үгіт» (1907), «Одеп» (1907), «Сабақ» (1907), «Насихат қазақия» (1908), «Ақыл кітабы» (1908) деген кітаптарына оның жас шәкірттерге ақыл-кеңес ретінде жазылған қара сөзбен, өлең аралас шығармалары ессе, «Сұлу қыз» (1909) атты өлеңдер жинағына лирикалары түгел кірген. Әйел теңдігі тақырыбына арнап «Мұңлы Мәриям» (1914) атты роман жазды. «Айқап» журналында қызмет істеп жүрген кезінде (1911-1914) Жетісу, Қырғыз, Қытай қазақтарын аралап, деректерге бай этнографиялық очерктер жазды. Алғашқыда буржуазиялық ақындарға қарсы мақалалар жазғанымен, Октябрь революциясы тұсында идеялық міншылдықтар мен қателіктерге ұрынды. (Қ.С.Э. 5-ші том, 326-бет).

Әлихан Бөкейхановпен бірге Қазан университетін бітірген Мұхаметсәлім міне, осылайша қазақ елінің арасына білім, ғылым нұрын шашуда, ағарту саласында ұшан-теңіз еңбек сіңірген. Алты бірдей жинақ, кітап шығарып, көлемді роман жазған ол өлеңгер де, қара сөзге де ұста болған.

Мұхаметсәлімнің «Мұңлы Мәриямы» біздіңше қазақ романистикасындағы алғашқы бастаудың бірі болуы тиіс. Бұл да зерттеуді, танып-білуді қажет ететін жайлар. Ал, оның «Айқаптағы» шығармашылығы өз алдына бір төбе тың жатқан жинадыттар. Шоқан сияқты Қытай, Қырғыз, Жетісу қазақтарының өмірінен жазған этнографиялық очерктері қазір таптырмас танымдық материалдар емес пе. Шіркін бұлар мол мұра, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне маңызы зор еңбектер екен-ау деп ойлайсың.

Екіншісі көз көргендердің әңгімесі. Мұхаметсәлімнің Көкшетауда тұрған (марқұм болған) Мұсауат Әбдірахманов деген немересіне көзі тірісінде Семейдің Шұбартау ауданындағы Ыршатас ауылынан хат келіпті. Біз соны қаз-қалпында келтіре

кеткенді жөн санаймыз. Хат мәтіні былай өрбиді:

«Мұсауат қарағым! Сенің хатыңды алып, қадірлі атаңнан хабар алғанымға қуаныштымын. Бұл үшін саған рахмет айтамын. Менің атаңнан оқу оқығаныма алтыс жылдан асқан екен. Ол бес, он алты жас кезім ғой. Қазір 86 жасқа келдім.

Атаңның мұғалім болып келген елін Керей, «Жондағы Жобалай» деп атаған. Ол кездегі осы елдің Бейсенбай Тойсарин деген болысы атаңды еліне бұл жақсы оқытушы, аты Иманбек Тәуірбеков деп таныстырған болатын. Ел адамдарына сондай қадірлі болды (бұл ел ол кезде Семей губерниясы, Қарқаралы уезіне қарайтын).

Атаңды уезден келген өкілдер ел аралауға бірге алып жүретін. Өйткені, ол шешен, мінген аты өзіне сай, киімдері әсем, ел көзінө түсетін. Мысалы, жақсы ұсталарға қанжар соқтырып, серкенің мүйізінен әшекейленген шақша (насыбай салатын) ұстайтын. Оның қырын ойғызып өлең жаздыртады екен. Насыбай шақпадағы өлең былай болушы еді:

Шақпаны қолыңа алып көрсең түсін,
Оқыған бұл өленді үлкен-кішің.
Лұқсат насыбайын қанша атсаң да,
Жүрмеңдер өзін сұрап өтінішім.

Мені өзге балалардан жақсырақ көріп, жақынырақ ұстаушы еді. Мынау Міржақып Дулатовтың өлеңі, жаттап ал дейтін. Маған «Қызыл бесті» деп ат қойған. Өзінің көкбесті аты бар болатын.

Мен бірде елге нағашым үйіне бардым. Ол мені оқытушымды біледі екен. Бейсенбаймен барып жүріпті. Не оқытады, не үйретеді деп сұрады. Мен М.Дулатовтікі деп жаттап өлеңдер оқып беремін. Жоқ, бұл өлеңдер сол мұғалімнің өзінің дейді. Оның атын, басқа жағдайларын айтты. Өзің білесің, бұрын атаңның атын атауға да қорықтық қой.

Атаңның өзім жаттап алған өлеңін жіберіп отырмын. Бұл ойымда қалғаны ғана. «Жұлдыз» журналына жібергем. Ол хабар болмай кетті.

Сәлеммен Бекділда Базарбекұлы».

Мұхаметсәлімді толығырақ танудың үшінші нақты айғағы, дәл дерегі оның осыдан алпыс жыл бұрынғы көзі көрген шәкірті, қазір тоқсанға тақап қалған семейлік Бекділда ақсақалдың біздің елге жіберген 360 жолдық, 90 ауызға жуық ұзақ өлеңінің қолжазбасы. Ол ең жолдары Мұхаңның кешкен өмірінен, заман ағымдарынан көп-көп сыр шертеді.

Бір лебіз шығарайын ойыма алып,
Қасірет болар емес іште жанып.
Сөйлесем бастан кешкен өмірімді,
Рас деп сенер емес ешкім наньп,—деп басталатын
өң жолдары қарапайым, қазақи тілде, түсінікті жазылған.
Мұхаметсәлім өз мақсатын мынадай шумақтармен өреді:

Сабакқа берді әкем он жасымда.
Өзінің ең сүйікті молдасына.
Аллаға ғажап емес етсе әмір —
Қараңғы түсті бүгін бір басыма.
Алла бар, сом сынғанға деген мақал,
Сом темір түспей кетпес балғасына.
Жасымнан ұлттың қамын ойлап өстім,
Қас етпей қазақ атты қандасыма.
Мамыққа мақта көрпе жатқан күнім.
Қатты жер торғын болды жамбасыма.
Әуелден өз пайдамды ойлағанда,
Көп еді сая-салқын бір басыма.
Әртүрлі себеп пенен есеп болып,
Толқығай дүниенің бұрмасына.
Қазаққа Алаш атты қаным таза,
Арман жоқ Алаш үшін болсам қаза.
Дүнияға жалғыз келген секілдімін,
Дос та жоқ салатұғын көңілге аза...

Қазан университетін бітіріп, араб, парсы, орыс тілдерін өз пілңдей меңгерген зәрек ақын, жалынды журналист, этнограф, маргушы-демократ, ел тәуелсіздігі жолында жан пида деп өткен Мұхаң да солақай саясаттың құрбаны болды. Қапаста, қамауда жүргендегі қам көңілін өлеңінің соңында былай түйіндейді:

Азаматпен кеңескен,
Азулымен теңескен.
Қайтейн әттең заманым,
Өткел тауып өте алмай,
Ой түбіне жете алмай,
Таусылды ғой амалым.
Артқа қарар халім жоқ,
Сүлдерім жүр, жаным жоқ.
Бойда қайрат күшім жоқ,
Айнаға салып қарасам,
Бұрынғыдай пішін жоқ.
Өткен дәурен көзіме,
Елестейді түсім боп.
Тым болмаса сыр айтып,
Шер тарқатар кісім жоқ...

Мұхаметсәлім Әбдірахманұлы Кәшімов 1935 жылы Омб облысының жерінде (бұрын Севкрай деп аталған) дүние салад да, оның сүйегін туыстары Бурабай баурайындағы бұрыш «Мәдениет» кеңшарының Жаңаталап ауылындағы ати бабаларының ескі қорымына жерлейді. Бейітінің басында бел тас бар.

Мұхаметсәлімнен тараған ұрпақтар да бар. Оның Монта Құрият атты екі ұлы, Майдаш деген қызы болған. Бұлардың бә де дүниеден озды. Ал, Монтайдан тараған төрт бұтақтың с үлкені жоғарыда біз әңгіме еткен Мұсауат та жоқ бұ дүниеде.

Сонымен, Мұхаметсәлім Әбдірахманұлының тағдыры , нахақтан кінә тағылған қазақ зиялыларының тағдырларым ортақтас. Оларды идеялық қайшылықтарға ұрынды деу орынсы Мұхаметсәлімнің поэзиядағы, көркем прозадағи журналистикадағы, өзге де салалардағы мол еңбегі мәдеи мұрамыздың бір бөлігі іспетті. Сол еңбектеріне екінші тыныс бс бүгінгі міндет болса керек. Сондықтан, оның есімін елге танытуд аруағын аунатуды парызымыз деп есептедік.



Тұғыры биік тұлға

Уақыт көші қалай зымырайды. Бұдан отыз бір жыл бұрын дүниеден ертерек өтіп кеткен біртуар азамат, ауыл шаруашылығының айтулы ұйымдастырушысы, білгір маманы, іскер де қабілетті басшы, қоғам қайраткері Төлеу Сүлейменұлының жарқын бейнесі осыншама жылдар бойында көзімізден таса болғанымен, оны күні бүгінгідей жақсы білетін көкшеліктердің көңіл зердесінен әлі де жырақтап, ұмыт қалған емес. Қайдан ұмытылсын. Жан баласын жатырқамай, алаламай жақын тұтып, бөлектемей, бөліп-жармай тек жақсылық жасауға ғана жаратылған мұндай жандар жадыңнан қалай шықсын. Жоқ, ол қысқа болса да нұсқа өз өмірінде қазекем айтқан «Жақсыда жаттық жоқ» деген түйінді қарапайым қасиетімен, адами болмысымен, адал да пәк таза көңілімен, кіршіксіз пиғылымен, жүрек сезімімен ойымызға әбден орнықтырып кеткен Көкшетаудың тұғыры биік бір тұлғасы еді. Оған өткен ғасырдың 60-70 жылдары облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің ауыл шаруашылығы бөлімінде қызмет етіп жүргенімде талай-талай социалық жиындарда, қызмет бабындағы жақынырақ сұхбаттасу сәттерімде анық көз жеткізгенмін.

Әрі бір елден, бір жерден болғандықтан абзал ағаны Айыртаудағы Казгородок орта мектебінде оқығандар сырттай есігіп, жыға ташып, жақсы білетін едік. Осы мектепті соғыс аяқталған жылдары бітіріп, 1950 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтын агроном мамандығы бойынша тәмамдаған Төлеу ағамызды сол тұста өзін көрмегенімізбен, кейінгі кешілерімен бірге оқып, бірге өстік. Елдегі, құлын-тайдай бірге өсіп, бірге оқыған аталас досым, әрі әріптесім, Көкше өңіріне танымал болған журналист, ақын-сазгер Маман Ементәев Сүлейменовтер әулетіне жиен болып келеді. Міне, Төлеу туып-өскен Сырымбеттегі қиын орман ортасына орналасқан Айыртау балалар үйінің арғы негісіне бөренеден қиып салынған Сүлеймен ақсақалдың үлкен үйіне Маман екеуіміздің талай барғанымыз есімде.

Сүлеймен ағамыз бен Күлпәш әжеміз сол мандағы тәмам елге

беделді, ақыл-парасаты мол, жұртқа қайырымды, жомар жандар еді. Сүлеймен атамыз болса қапсағай денелі, балуан кейіпті, ірі сүйекті адам еді. Сүлекең сөзге сүрінбейтін шешен, өткен-кеткеннен хабары мол, шежірені шертіп сөйлейтін, арғы-бергі тарихты тарқата білетін, Сырымбет саласындағы көкірегі сырлы, өмірі жырлы қариялардың бірі болатын. Осындай отбасынан осал ұрпақ өрбімес болар. Көргені мен білгені, тоқығаны көп осындай қариялар қанат қақтырған он бір бала жақсы тәлім мен тәрбиеден кенде болмаған. Солардың ең үлкені Төлеу ағамыз еді.

Әлбетте, өсіп-өнер өсімдік атаулы да шығар жерінде, тамыр жаяр құнарлы топырағында ғана өріс табады ғой. Дәл солай Сүлеймен әулетінен шыққан, тәлімді ұядан ұшқан, Төлеу ағамыз бастаған ұрпақтардың барлығы дерлік тектілер тамырынан екендігіне дау туғыза алмайсың.

Бұрынғы Көкшетау облысының өңірінен өрбіген елге танымал тұлғалардың, жұрт сыйлаған асыл арыстарының қатарынан ойын орын алатын, тіпті солардың бірі ғана емес, бірегейі есептелетін Төлеу Сүлейменұлы туралы жүрекжарды лебізді, мадақ сөздерлі тіл майын тамыза айтуға болады-ақ, алайда ондай сом тұлғаны өзіне лайық мүсіндей алатын, жарқырата ашатындай сұңғыла шешендік те қажет. Оны менінше Төлеу ағаның парасатты тұлғасы, жарқын мінез бітімі, сабырлы да салмақты, адамгершілік пен кісілік, ізегі мен кішілігі, жалпы жұртқа жағымды қылықтары мен қадірі қалай айтсаң да көтере алатындай еді ғой. Бәрі орынды, бәрі сыйымды деп білем. Бұл біздіңше елдің ойы, Көкшетау тұрғындарының көңіліндегі түйіні болса керек.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген де ып-ырау-ау. Мұны «Жақсының артында сөз қалады, жаманның артында бөз қалады» дегенге сайып қарасаң, бұлай демеске лажың да жоқ. Олай болса Төлеу ағамыздың тындырған істерін, сол үшін елден алған алғыстарын, күні осы уақытқа дейін ел ұмытпай, екінші бірі жыр ғып айтып жататын жақсылықтарын жарқырата көрсету бізге деген парыз болмақ.

Әлқисса, 1950 жылы Алматы ауыл шаруашылығы

институтын бітірген Төлеу Сүлейменұлы алғаш еңбек жолын Зеренді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде агроном болудан бастаған-ды. Аз уақыттан соң алдымен Айдабол, кейін Қамсақты МТС-нде бас агроном болды. Сөйтіп жоғары білімді жас ғалым-агроном ел құлағын елең еткізген елгезектігімен, жұмысқа берілгендігімен, ауыл-аймағының, бүкіл елінің абыройын көтеруге, жұртының жоғын жоқтауға білек сыбана кіріскен тәуекелшілділігімен, мақсаткерлігімен, қайсарлығымен нағыз уақыт ауанының адамы болып шыға келгенді. Өресі биік, өнегесі мол ағаның табандылығына қоса талапшылдығы, іскерлігі мен ұйымдастыра білу қабілеті кісі қызығарлықтай болатын.

Сонымен Төкең тың және тыңайған жерлерді игерудің тарихи дүбірі басталған жылдары Қамсақты МТС-нің директорлығына жоғарылатылған-ды. 1954 жылы халық құрметіне бөленіп, тың көтеруге лайықты үлес қосқан Төлеу Сүлейменұлы КСРО Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланып, мемлекеттік және қоғамдық қайраткер ретінде де үлкен көтерге араласты.

Иә, тың көтеру жылдарында өзі басқарған Қамсақты МТС-нің материалдық-техникалық базасын нығайтып, оған қарасты ұжымшарлардың техникалық жарақтануына, экономикасын көтеруге белсене кірісті. Ауыл шаруашылығын көтерудің сонау тарихи кезеңінде Төлеу сияқты іскер, білімді, ұйымдастырушы мамандар аса қажет болатын. Төкең сол міндеттердің үдесінен шыға білді.

Ол өз заманының өзгеден озық ойлы адамы болды деуге мынандай бір дәлелді айтсақ та жетер. Тыңның алғашқы миллиард пұт астық берген 1956 жыл Төлеу өмірінде ерекше орын алған еді. Тың игеру жылдарындағы жетістіктері үшін сол жылы Төлеу Сүлейменұлы Кеңестер Одағының ең жоғарғы марапаты – Ленин орденін алған-ды. Сонда Төлеу небары 29-ік жаста. Кремльде оған Ленин орденін тапсырған КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы К.Е. Ворошилов таңқалып: «Мұндай жаста ең жоғары марапатқа ие болу зор мәртебе, құттықтаймын!» депті. Расында да 27 жасында КСРО

Жоғары Кеңесіне депутат болып сайлану, 29 жасында Ленин орденімен марапатталу сирек құбылыс. Бәрі оның қажырлы еңбегінің арқасы. Абзал азамат қызмет баспалдақтарының бірінен соң біріне шығып, жоғарыда айтқандай, әуелі қатарлық агроном, бас агроном, МТС директоры, бірнеше кеңшарлық директоры, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары, облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы сияқты лауазымдық биіктерге жетті.

1971 жылы облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы болған Төлеу Сүлейменұлы сол жылдары Көкшетаудың көркейіп, облыстың алдыңғы қатарға шығуына, қаланың танымастай өзгеріп, көптеген ғимараттар салынуына баға жетпес күш-жігер жұмсап, ғажайып үлес қосқан Еркін Әуелбековпен қолдаса, қанаттаса, бірлесе белсенділік танытқан еді. Көкшетауда сол кезде «киевтік» деп аталатын жобамен салынған көптеген тұрғын үйлер, мәдени-әлеуметтік, тұрмыстық, әкімшілік ғимараттар осылардың ниетімен, жанашырлығымен, қамқорлығымен жүзеге асырылғанын бәрі біледі.

Төкең өзі басшылық жасайтын сол кездегі 15 ірі элеватор мен 56 астық ықабылдау кәсіпорындарын бір-бірінен алаламай, қатар ұстады. Бәрінде астық өңдейтін, сақтайтын, кептіретін, ұн тартатын жаңа технологиялық жүйелерді өндіріске енгізді.

Бір кезде Көкшетаудың элеваторы қаладан шалғай, Қылшақты өзенінің арғы терістік беткейінде жеке дара көрініп тұратын. Элеватор орналасқан осы ауданды Төкең қаланың ең көрікті жеріне айналдыруды арман қылған екен. Соның біразы орындалды да. «Төлеу салғызған» деген тұрғын үйлер, тұрмыстық нысандар жеткілікті. Солардың ішінде «Ақбидай» мәдениет үйін, емхана ғимаратын, №8 мектеп үйін, қала ішіндегі басқа да құрылыс нысандарын айтсақ та жеткілікті.

Төкеңнің біз көрген жылы ғана жымиятын жүзі қанша сымбатты, таныс тұлғасы қаншалықты тұрпатты болса, ішкі мінез-құлқы да сондай инабатты, сабырлы, салмақты келетін. Оның өз туыстары мен ағайын-туғандарына, бауырларына мейірбандылығы да, қамқорлығы мен жанашыр көңілі де көлдей

болатын. «Арбаның алдыңғы доңғалағы қалай жүрсе, артқы доңғалағы да солай жүреді» дегендей, Төкеңнің өзінен кейінгі шілері мен қарындастары да аға жолын қуып, шетінен жоғары білім алып, еліне елеулі болып ержетіп, абыройлы еңбек етуде.

Бір өкініштісі, Төлеу Сүлейменұлы бұл фәниден ертерек өтіп кетті. Ортамызда аман-есен жүре берсе бүгінгі ұрпаққа берер тәлімі мен өнегесі көп болар еді дейсің де қоясың. Жанымызды жайландыратыны, Төлеу ағамыздың өшпес ізі, айтып жүрер ісі, ұмытылмас аты, ғұмырын жалғастырып жүрген ұрпақтары қалды.

Төлеу Сүлейменовтің ұлағатты істерін бүгінгі ұрпаққа өнеге студің тәрбиелік мәні зор. Өйткені ол туған халқының алдында өзінің перзенттік парызын өтеп кеткен абзал азамат. Бүкіл саналы ғұмырын Көкшетауда өткізді, еңбегінің нәтижесін де осында көрді. «Туған жерге туың тік» деген осы.

Жерлестері мұндай асыл ұлдарын еш ұмытпайды. Оған деген ел құрметі кеміген жоқ. Көкшетауда Төлеу Сүлейменов атындағы көше бар. Бұл құрметті азаматты қадірлеудің бір көрінісі. Ол көше қазір сәнді де көрікті. Онда ұрпақтар сабақтастығы, қайнаған өмір бар.



ҒЫЛЫМНЫҢ ШАПАҒЫН ШАШҚАН

Талант пен дарын деген әркімнің еншісіне бұйыра салатын бұйдалы бұйым емес ол киелі топырақтан, өскен, оқыған ортадан аруақты атадан парасатты халық пен ел-жұрттан, зерделі адамдардан, жемісі мол жерден жұғатын жұрнағы бар періште қасиет, тіпті туа бітетін қасиет. Алайда сол талантты талап пен ұштамасаң ол жалынан ұстатпайды. Біз сөз еткелі отырған көкшетаулық ғалым, атақты сал-серілер мекені болған айшықты Айыртаудың аядай ғана Егіндіағаш деп аталатын ауылынан шыққан біртуар азамат, философия ғылымдарының докторы, профессор Сонарбай Дүйсенбайұлы Таңқаев сондайлардың санатында. Әлгі «Ғылымда даңғыл жол жоқ, ол - бұралаң-бұлтарысты сүрлеумен шығатын биік шың. Оған шаршау дегенді білмей, мойымай, төзімділікпен талпына өрмелегендер ғана шығып алады» деген даналық қағиданы ғылыми ізденістерімен дәлелдегендердің қатарында да осы Сонарбай бар десек қателеспейміз.

Шапқан аттай, тоқтамастай уақыт-ай десеңші, ауылдағы балалық дәуреніміз, жастығымыз, студенттік кезіміз де кешегідей еді, енді міне сол Сонарбай да, онымен тетелес тепектеген біз де шау тартқан қарттық шақтың ауылына қоныппыз. Ауылдасым, тетелес өскен замандасым, студенттік жолдасым, аталас ағайыным Сонекең жайлы мен айтпағанда кім айтады. Биыл, дәлірек айтқанда осы айда аман-есен жетпіс үшінше желіп жеткен Сонарбай Дүйсенбайұлының өзім білетін өмірі мен ғылыми қызметінен елге, халқына сіңірген елеулі еңбегіне баға беріп отырғыш бір үзік әңгіме желісін тартып, тарқатсам деймін.

Сонарбай туралы о деп сөз бастауда алдымен біздің соғыстан кейінгі жадау-жүдеу, ашқұрсақ, сіремет етікті, шожым көйлекті, кенеп шалбарлы балалық шағымыз, сонда да қызығы мол бал дәуреніміз, ауылдың бастауыш мектебіндегі оқушылық кезіміз, асыр салған балаусалы белдеріміз, көк құрақты көлдеріміз, кербез Көкше, жанаты жұмақ Айыртау, шоқ-шоқ қайыңды орманның ортасындағы Егіндіағаш атты ауылымыз келер еді көз алдымызға.

Егіндіағаш аты айтып тұрғандай жері көк майса, шалғыны белуардан, қайыңды орманы қалың, Ақбас, Қылды көлдерден Тораңғылға қарай топырлай ағатын кемері тар кішкене-кішкене көк өзекшелер басып өтетін құнарлы қойнауда. Табиғаты әсем біздің ауылымыздың төңірсінде аққу-қаз, тырналар мен көкала үйректер конатын айдын көлдер, бозторғайы шырылдап, боденесі пырылдап, «Жылқышысы» ысқырып, қояны секеңдеп, қарсақ-түлкісі жортып, елігі елеңдеп жүгіретін көк көделі, ақ қауданды, жоңышқалы сайын далалар мен шұбарлы алаңдар көз ғартар еді. Менен екі жасқа жетер-жетпес қана үлкендігі бар Сонарбай, Маман үшеуміз міне осынау кір жуып, кіндік кескен жердің көк майсасын басып өстік, тай-құлышдай тебісіп, топай-асығыш бірге ойнап, Доңгелек кол, Бас кол, Орынбай және Қабақ көлдерінің тұнығын бірге бойлап, бірге кешкенбіз. Балалық шақтағы соның бәрі ұмытылмайды.

Осы Егіндіағашта 1937 жылдың қаңтарында дүниеге келген Сонарбай мен Қонарбай жастайларынан әке-шешелерінен айырылып, жетімдіктің тағдыр салған тауқыметін көріп өскенді. Сонарбай мен Қонарбай егіз-тін. Оларды жас кездерінде бірге ойнайтын біздер ғана тез айыратынбыз, ал үлкендер, сырт көз тез тани қоймай, шатастырып алатын. Екеуі де жастайынан ұғымтал, сергек, зирек боп өсті. Ауыл мектебіндегі үздік оқитындар да, солар еді. Олардың атасы Таңқай қажы тақуа, ел сыйлаған ақылды, сабырлы, ескіше хат таныған, елдегі Түгелбай ұрпақтарының ұлағатты адамы екен. Біздің ауылдан Қазан төңкерісіне дейін-ақ Меккеге қажылыққа барған үш адам болған. Олар Таңқай қажы, Шағыр қажы, Кәдір қажы. Соңғысы менің аталарымнан тарайтын қажы да, Таңқай қажы Сонарбай мен Қонарбайдың тура атасы. Таңқай қажы Меккеге бір емес, екі рет барған деседі біздің елде. Текті тұқым Түгелбайдан өңкей қара-көк зеректер туады дегеннің қисыны бұл айтып отырғанымыз. Қонарбай да Көкіпетау топырағындағы алғашқы жоғары білімді, маман банкирлердің бірі еді. Тағдыр ғұмырын қысқа пішіп, мезгілсіз дүниеден озып кетті.

Бұл арада жас күндерінен ата-анадан жетім қалған қос баламы

колына алып, бағып-қағып, Қонарбайым, Сонарбайым деп отыратын олардан үлкен үміт күтетін жалғыз ағасы Дүйсенбайдың көзіндей көретін апасы Жәниләнің, жиен ағасы Қайырлы мен жиен жөнгесі Динанын қамқорлықтары мен аялы алақандарын, туыстық ыстық құшақтарын айтпай кетуге болмайды. Кейін сол Қайырлының ұлы, ұзақ жылдар Көкшетауда қызмет істеп, елге сыйлы танымал азамат болып өмірден өткен Ерден Нұрқановтың білім алып, мамандық алуына Сонарбай да қамқоршы болған-ды.

Сонарбайдың елден кейінгі екінші тал бесігі Қазгородок (қазіргі Сырымбет) десек те болар. Осында ол орта мектепті бітіргенше балалар үйінде және интернатта тұрып оқыды, тәрбиеленді. Қазақ ауылында туып-өсіп, қазақ мектебінде білім алған Сонарбайдың орыс тіліне өзгемізден көп жүйрік те жетік болуы осы орта себеп болса керек. Оның үстіне ол орыс тіліндегі кітаптарды көп оқушы еді. Кітап демекші, мен білетін Сонарбайдың соған деген құмарлығы тіптен алабөтен болатын. Жардан бұрын қолтығына қысқан, балаларынан бұрын бауырына басқан, осы жетпісіне келгенше тірнектеп жинаған кітаптары оның бар байлығы да, айнымас досы да болды. Талантының жалғыз тірегі де, үнсіз үйрететін ұстазы да, шексіз сырласатын серігі де осы кітаптар екендігіне көзім жететін. Жас күндерімізде, оның аспирантураға түсіп, пәтер болмай Алматыда үйден-үйге көшіп жүргенде ылғи көмектесуге баратын менің өзге дүние жоқ, тек том-том ауыр кітаптарды арқалап, көтерумен шаршайтыным есімде. Сонда мен Сонарбайдың миына, зердесіне, жүрегіне қонақтайтын ұшан-теңіз білім мен ғылымның зіл-батпан салмақтарын арқалап жүргенімді қайдан білейін. 1957 жылы Алматыдағы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, үздік бітіріп шыққан Сонарбайды өзге кафедра - философия кафедрасы қолқалаумен аспирантураға өздері алып қалған-ды. Өйткені ол университетте бес жыл бойы үздік оқығаны үшін көтеріңкі стипендия алып жүрді. Ел жақтан келетін көмек жоқ, сол аз стипендиясымен есеп жасап, күн көріп жүрді. Онымен осы күнгі Парламент депутаты, көрнекті жазушы Ә. Кекілбай, жазушы Мұхтар Мағауин, тағы басқа белгілі-

Белгілі ғалымдар курстас болатын. Қоғамдық пәндер бойынша алдына жан салмайтын. Орысшасы да, қазақшасы да қатар студент ақыры ғылымның философия саласын менгеруге бет бұрды.

Сонарбай университеттегі студенттік те, аспиранттық кездерінде де көп оқып, көп тоқыды. Көп ойларын жалықпай қағазға түсіріп, заманауи жүкті, ақыл мен парасатты көтеретін мәсемсөздерге, терең ой арқалайтын серкесөздерге де ден қойды.

Сонарбай сонымен өткен ғасырдың 60-шы жылдарының ортасына таман философия ғылымы бойынша КазГУ-дің аспирантурасын ойдағыдай тәмәмдап, философия ғылымдарының кандидаты атағын алып өзі сегіз жылдай оқыған Қазақ Мемлекеттік университетінің философия кафедрасында ұстаздық еңбек жолын бастады. Әрі қарай ол ұстаздық ете жүріп философиялық, қоғамдық ғылымдар, әдеби-көркем сын тақырыптарында көптеген құнды-құлды еңбектер жазды.

Ол – алдымен шын мәнісіндегі ғылым өріне, оның асқақ, биік ой-шыңдарына өрмелеген, өмір көшіндегі, табиғат пен адам, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастарды, олар жайлы пәлсапалық қағидаларды саралай, талдай отырып сол құбылыстар мен болмыстардың негізіне, түп төркініне зер салған ғалым. Ойшыл ғалымдықты ол уақыт, заман талабына үн қосып отыру үшін, оның даму заңдылықтарына үлес қосу мақсатында құрал ретінде пайдаланып келеді.

Ұлттық ғылымның көкжиегін кеңейтуді мансұқ еткен Сонарбай Таңқаев осы жолда шаршамай, шалдықпай, мүдірмей ізденді. Ол көне ғасырлардағы ұлы ойшылдар салып кеткен сүрлеуден бедерлі іздер тапты, күңгірттене бастаған, өше бастаған қоламталар мен сәулелерден шырақ жандырып, жалын лаулатты. Ол сонау 50-60-шы жылдарда қадау-қадау ғана, үркердей болып көрінетін философия ғылымының өкілдері бастаған үкілі де үмітті жолға тұмар етіп байлады. Сонарбайды сол кезде өзіндей жас буынның көрнекті аса қарымды өкілдерінің бірі, басы десе де болғандай еді. Өйткені, қазақ арасында философия ғылымына ден қойғандар сол тұста саусақпен санарлықтай еді.

Сонарбайдың ғылым жолындағы жанкешті еңбегімен қатар Қазақстанның белді-белді жоғары оқу орындарындағы сапалы мұндаған студенттерге, болашақ мамандарға лекция оқып, дәріс беріп жүрген абыройлы қызметінің өзі бөлек әңгіме арқауы болып алады. Аспирантураны бітіргеннен кейін КазГУ-де ұстаздық етіп, философия кафедрасын басқарды, Алматы жоғары партия мектебінде, Алматы қыздар педагогикалық институтында, мұғалімдер білімін жетілдіру институтында, кейін Алматы халық шаруашылығы институтында еңбек етті.

Оның лекциялары ғылыми деректерге, мазмұнға бай келеді. Әсіресе, эстетикалық, этикалық, әлеуметтік философиялық, әдби-көркем сын жөніндегі дәрістері студенттерді бей-жай қалдырған емес. Өйткені ол әр дәрістің мәнін көкейге құйып, көңілге түйіп, жүрекке орап береді. Әр ұстаз өз ойын, өз білгенін, өз ұстанғанын барынша уағыздайтыны аян. Ол көне дәуір философиясын, ойшылдары мен даналарының өсиеттерін, теориялық қағидаларын қызықты баяндап, олардың нақтылығын, тапқырлық, ойшылдық жағына көбірек назар аударып отыруды мақсат ететін әдістемесі, өзіндік байлам-бағдары бар ғалым-ұстаз.

Қай кезде де өмір-дариясының иірім-иірім толқындары ұшықпырсыз айдың бетіндегі жаңқадай ғана тіршілік дүниесін жөнкілге қақпақылдап апармайтын жері жоқ. Ол – заман толқындары, қоғам қордалары, өмір түйткілдері. Бұл арпалыста небір тағдырлы алапат сойқандар, утопиялы үміттер, дүмбілез де жасанды белсенділіктер, аяқ шалар, кеуде соғар тосқауылдар кездеспей тұрмайды. Философ ғалым осындай қым-қуыт қайшылықтарды тап басып тануға зер салады. Сөйтіп заманауи мәселелердің дошылбырын ұстауды мақсат етті. Уақыт пен кеңістіктегі өмір құбылыстарын, болмыстарын ұдайы даму тізбегінде, диалектикалық өріс пен байланыс бірлігінде қарастыруды, адам мен қоғам қатынастарындағы этикалық, эстетикалық, әлеуметтік, адамгершілік мәселелерін зерттеп-талдауды, осыған орай мәнді мен мәнсіздің, сан мен сапаның, мазмұн мен түрдің, себеп пен салдардың ара-жігін айыра білуді мансұқ етті де философиялық ой-қазанды қайнатуға біржола бет бұрған-ды.

Ол өзі таңдаған ғылым жолында ерінбей еңбектенді, оқыды, еңгізеді, талдады, таныды, ой түйді, саралтады. Бұл дегеніңіз өзінің өміріндегі ағаларына, замандастарына, кейінгі ұрпаққа, жас ғалымдарға, өзі оқытқан сан мыңдаған шәкірттерге мәңгі мирас болып көшер мінез. Ол жазған ғылыми еңбектер, оқулықтар мен лекциялар, кітаптар біздер үшін аса қымбат.

Сонарбай Дүйсенбайұлы Таңқасев 1983 жылы Мәскеудің В. И. Ленин атындағы педагогикалық институтында диссертациясын қорғап, философия ғылымдарының докторы ғылыми атағына ие болды. Ол 10 ғылыми монография мен кітапшалар жазып, бастырды. Жүзден астам журналдық және газеттік ғылыми, әдеби мақалалар жариялады. Жерлес ғалым көптеген аспиранттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасады. Ол Алматыдағы Әл Фараби атындағы және Абай атындағы мемлекеттік университеттер жанындағы ғылыми атақтар беру жөніндегі арнаулы кеңестердің мүшесі.

Сонарбай мен Ғайшаның көз алдымызда ер жетіп, есейген, түрмыс құрып, ақар-шақар жанұя болып отырған Анары мен Гүлнәрі, одан кейінгі кенжелері Жанар да әке-шеше көріп жол бастаған тон пішкен, тәрбиелі де инабатты, жоғары білімді, зиялы ұрпақтар. Бақытты қос бәйтерек екі қызынан немерелер сүйіп отыр.

Сонекеннің сүйікті жары Ғайша да (марқұм) ғылыми отбасының бір тізгінін ұстап отырған ғалым-ұстаз болды. Ол Алматы политехникалық институтында ұзақ уақыт болашақ мамандар даярлауға лайықты үлес қосқан филология ғылымдарының кандидаты.

Ол -Алматыда, мен - Көкшетаудамын, арамыз алшақ, баяғыдай шапқылай беретін шақ жоқ. Ал жол түсіп Алматы бара қалсам бала күннен қылықтас, жігіт жастан сырлас, егде кезден сыйлас, енді шалдық шақтан мұңдас ауылдасым, ағам, әрі досым Сонарбаймен қауқылдасып алмай қала қыдырмаймын. Қашан көрсем де сол баяғыдай аңқылдақ, көңілі де, өзі де, сөзі де сол қалпы. Өзгергені - бойы мен ойы, киімі, самайына түскен ақ қырауы ғана. Айтылмайтын, ақтарылмайтын сыр қалмайды. Егіндіағаштың бұрыннан қапқан қартаң-құртаңдарын, үйлерін санамалал,

түгендейміз. Енді өзіміз де сол елдің ақсақалы болып қалыпшы.
Достарды, құрдастарды іздейміз. Маманды есімізге аламыз.
сағынамыз.

Әңгіме үстінде Сонарбайға, Ғайшаға әзілқалжың, еркелік не
айтып салатыным да бар. Сонда Сонарбай: «Әй, ит-ай», деп өзінің
үйреншікті тіл қатуын жай ғана жымиып жеткізіп қояды.

Жетпісіне дейін ләм-мим деп жүз шайыспаған асыл ағам-ау,
бірге өсіп, бір жүрген, сырлас болған досым-ау, кітапты көп оқып,
елу жылдай ғылым қуып, доктор атанған, лекция оқып, әлі де
кафедрадан түспеген, көзілдіріксіз не оқып, не жаза алмайтын.
алайда, тіфә-тіфә, Ғайшасының арқасында бойы тік, ойы ныс
профессорым-ау, сенің мерейтойыңа бүкіл ел болып қуанудамыз.
Бәріміз құтты болсын айтамыз.

Бір күні мен өзінді жақсы көріп, атыңды атамай «Дәйдәй» дейтін
Ерден марқұмға: «Әй, Ерден бұрын сенің Дәйдәйің дәу ғалым болып
еді, енді бүгін шал ғалым болып отыр» дедім қалжыңдап.

- Реті бар, реті бар, - деді ол, - кішкентай ғана Егіндіағаштан Ақжол
Жылқыбаев (ауыл шаруашылығы), Елтай Шаханов (философия),
Ғелман Рахимов (техника саласы), ауылымызға келін жеңгемін
Ғайша Таңқаева (филология) сияқты төрт ғылым кандидаты, доктор
Дәйдәйіммен бес ғалым шыққан екен. Қазір солардың ішінде атағы
да жоғары, жасы да үлкен болса неге шал ғалым болмасын деп
рахаттана жауап берді.

Әйгілі Саққұлақ иешен Шоқан Уәлихановтан: «Шоқанжан,
саяхатта жүргеніңде басшың кім, жетекшің, шолғыншың,
жолдасың, қорғаның, қорғаушың және сенерің кім?» деп сұрағанда
ғұлама ғалым: «Басшым -ақыл, жетекшім-талабым, шолғыншым
—жүйрік ой, жолдасым -жиган білімім, қорғаушым ел-жұртым»,
— деген екен. Осы қасиеттерді Сонарбай да ұстанады. Ол ел
сенімін ақтаған перзент. Елі Егіндіағаш та, оқытып, тәрбиелеп
өсірген Сырымбет те өздерінен шыққан тұңғыш философия
ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанға белгілі ғалым-
ұстаз Сонарбай Дүйсенбайұлы Таңқаевтың есімімен орынды
мақтана алады.

Азамат абыройы

Бүгін мерейлі жастың шуағына бөленіп, көп жылдар ел басқару ісіне елеулі еңбек сіңірген Әнуар Мамырұлы Сағитов жайлы жылы пікір білдіріп, сыр тартудың бұйыра кеткеніне мұғты қуанған едім. Өйткені, ол туралы жазу маған оңай әрі отыздағы орда бұзатын жастық шағынан күні осы уақытқа дейінгі қызмет жолын біліп, танып келе жатқан мен үшін жақсының жақсылығын айтып нұрын тасыту абыройлы болатын.

Отыз жастан енді аса берген Әнекеңмен 1979 жылы Алматы Жоғары партия мектебінде тыңдаушы болған кезде жақын танысқанмын. Оған да аттай отыз жыл болып қалыпты-ау. Алайда, онымен партия мектебінің күндізгі бөлімінде екі жылдай бірге оқи алмадық. Осыған дейін Көкшетау облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып, өзін іскерлігімен, ұйымдастырушылығымен көрсете тілген Әнуар Сағитовты сол кездегі обкомның бірінші хатшысы О.Қуанышев бір айға жетер-жетпесте партия мектебінің сырттай бөліміне ауыстырып, болашағынан үлкен үміт күтетін маман ретінде облыстық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасарлығына тағайындаған еді. Әнуар сол үмітті келе-келе иқтап та шықты.

Адам баласы үшін өмірден, тіршіліктен қымбат ештеңе жоқ. Бір Алланың жазуымен сол фәниге келген соң адами пешенеге жазылған арың мен адамгершілік қасиетінді ұзақ болса да, қамшының сабындай қысқа болса да бұйырған гұмыр жолыңда жолдас қылып, ақ жолмен жүру саналы адам баласының ең биік нарызы деп білемін. Мен білетін Әнуар Сағитов ініміздің берік ұстанымы да, ұл-қыздарына, бүгінгі жас ұрпаққа ұлагат етері де осы қағида.

Әнекеңнің кіндік қаны тамған жері Ресейдің көршілес Омбы облысының Азов ауданындағы Шоңай ауылы. 1948 жылдың 19 мамырында дүниеге келген Әнуарбек биыл пайғамбар жасына жетіп отыр.

Туған топырағын бала кезінен қастерлеп өскен, тізгін ұстатып,

ат жалын тартып мінгізген аяулы ауылын ол бір сәтке естен шығарар ма екен. Адамдықты алға ұстаған атпал азаматқа одан қасиетті мекен жоқ жер бетінде. Жүрегіне ұялаған бұл сезімді кейінгі жастар түсіне де қоймас мүмкін.

Жастайынан зсрсктігімен, алғырлығымен, қажыр-қайраты шалқардай тасыған, ұйымдастырушылық табиғи қабілеті ерекше білікті басшы Ә.Сағитов бұрынғы Көкшетау елдеріне үлкен құрметпен танылды. Оның мол тәжірибе жинақтаған, қырық бес жылдық өмір жолы Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және бүгінгі Ақмола облыстарының экономикалық-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық дамыту жұмыстарына арналды.

Омбы ауыл шаруашылығы институтын үздік бітірген Ә.Сағитов еңбек жолын бұрынғы Көкшетау облысының Ленинград ауданындағы «Қызылту» кеңшарында бас зоотехник болудан бастап, жоғарыда айтқанымыздай, 1982 жылға дейін облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісінің орынбасары болып үш жылдай еңбек етті.

1982 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаевтың қабылдауында болып, Орталық Комитет Бюросының ұйғаруымен сауатты да білікті кадр ретінде Ә.Сағитов ірі де көпсалалы шаруашылықтың бірі №47 жылқы зауытына директорлыққа тағайындалды. Ол Қазақстандағы таза қанды жүйрік жылқылар өсірумен айналысатын бес шаруашылықтың бірі болатын. Осы жылдар ішінде жылқы зауытының атағы республика көлемінде дүркіреп тұрғанын білеміз. Әнекең осы саладағы үздік көрсеткіштері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Дарынды да қабілетті басшы ретінде ол 1987 жылы Рузаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, астықты ірі ауданды он жыл басқарды. Бұл жылдарда аудан экономикасы барынша нығайып, ол облыстағы алдыңғы қатарда болды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қызылту, Көкшетау өңіріне, дәлірек айтқанда Уәлиханов ауданының (Солтүстік Қазақстан облысы) әкімдігіне тағайындалып, ұзақ жылдар бойы жинақтаған бай тәжірибесін бес жыл бойы осы қызметке арнады.

Әбден танылған іскерлік қасиеттерін ескере отырып сол кездегі облыс әкімі А.Смирнов Әнуарбек Мамырұлына Ғабит Мүсірепов атындағы ірі астықты ауданның әкімдік қызметін сеніп тапсырған-ды. Бұл аудан Солтүстік Қазақстан облысындағы әрі астықты, әрі ірі өнеркәсіпті аудан еді. Одан соң ол осы облыстағы Есіл ауданының әкімі болып жемісті қызмет атқарды.

2005 жылдан Көкшетау қаласына қоныс аударып, күні бүгінге дейін Ақмола облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасын іскерлікпен басқарып келеді.

Мінез әр адамға жеке өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де қажет. Ұжымдық өмір мен тіршілік, әсіресе қызметтегі әр адамның көңіл-күйі, ондағы адамдардың мінез бітістерімен сабақтасып жатады. Осының бәрін тоқайластырып, басқарма ұжымы мен оған қарасты орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерін біргірлікпен басқарып отырған Әнуарбек Мамырұлы Сағитовты барлық қызметкерлер құрметпен атайды, мақтан тұтады.

Қандай бір ұжымды басқармасын ол қарбалас қиын сәттерде, күрмеуі қиын небір мәселелерді шешкенде жарық бағдаршамдай дұрыс бағыт-бағдар беріп, көшбасшы бола білетін Әнуарбек Мамырұлының еңселі де толық тұлғасын, үнемі жарқын да жайдары көрінетін ақсары жүзін көріп «Асылдардың тұяғынан қалған алтынның сынығы боларсың-ау» деген ой келетіні бар. Іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен артына бедерлі із қалдырған Әнекеннің есіл еңбегінің босқа кетпегенін көпшілік жыр ғып айтып жатады. Оның қоғамдық өмірдің барлық саласына қосқан жеке үлесін де ел еске сала жүреді. Тамшысымен тас тесетін шыңнан аққан бұлақтай бойындағы күш-қуатын, қайрат-жігері мен табандылығын, ақыл-парасатын ел игілігі жолына жұмсап жүрген Әнуарбек Мамырұлын нағыз мемлекеттік және саяси басшы десек қателеспейміз.

Әнекең өзінің осы елдің перзенті екенін жақсы сезінеді. Көгілдір таулы, күміс көлді Көкшетау өңірін, орман-тоғайы жайқалған Ақмола атыратын қай жерде де мақтан ете жүреді. Осы елдің табиғатын, орманын қорғауды абыройлы парызым деп есептейді. Самайын ақ қырау шалып, қарттық жасқа

жеткенде сағындырған жерге, «ұлым» деп құшақ жаяр елге, тіпті аялап, еркелетіп, желпі соғып, маңдайыңнан сипар самал желгі деген құмарлық, ынтызар көңілі жылдар өткен сайын арты түспесе, бір мезетке де кемімек емес.

Иә, Әнуарға туған жер төсі қашанда ыстық. Өйткені, ол туған жер табиғатын көздің қарашығындай қорғаушы. Сондықтан да шалғай кетіп сағынғанда оның жусанды даласы, мөлдір суы, жасыл желекті орманы, боранды түні, жайқалған алтын дәлгі толы алқабы, мыңғырып мал өрген жазира жайылымы – бәрі бәрі көз алдынан көлбендейтінін қайтерсің.

Ауылдық жерде, ел арасында көбірек тұрған Әнекең қазір қалалық. Үлкен бір мекеменің басшысы. Былайша айтқанда, осы күнгі тілмен сөйлегенде білдей шенеунік. Бірақ мен білетін Әнекең шенеунікпін деп шіреніп тұрмайды. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетіп, емін-еркін әңгімелесіп, қауқылдасып қалады. Осынау аңқылдаған, ақжарқын қалпын қашанда қаймағын бұзбай ұстап, ол адам ғұмырының бір асуы дейтін алпыстың ауылына ағ байлады. Осыған шүкіршілік деп «тәуба» айтады.

Жоғарыда айтқан асылдың сынығы демекші, Әнуарбектің әкесін, ұзақ жылдар ұстаздық етіп елге, Қазақстанның бүкіл Солтүстік өңіріне танымал болған. Көкшетау төңірегі, Шортан аймағы күні бүгінге дейін ауыздарынан тастамай айтып отыратын Мамыр ақсақалды білмейтіндер кемде-кем. Ол көпті көрген ақылды абыз, сөзге шешен, шежірені де, аймақ тарихын да, елдің өзінен бұрын өткен небір жақсы-жайсаңдарын да, зерделі зиялыларын да жақсы білетін. Мен Мамыр ақсақалмен Әнуарбектің Щучьедегі «Карьер» аталатын ауданында тұрған інісінің үйінде дәмдес болып, оның ұзақ-ұзақ әңгімелерін тыңдап, сыр тартып, көп жәйттерді көкірегіме түйгенім бар. Сонда Мамыр ақсақал ел аузында құран аяттарындай жатталып қалған Қаз дауысты Қазыбек бидің:

Алтын ұяң Отан қымбат,
Құт берекең атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.

Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.

Ұят пенен арың қымбат

Өзің сүйген жарың қымбат,—деген талғамды түйінді ойларын балаларыңыз жадына әлмисақтан құйып келе жатқанын айтып еді. Өнекең ардақты әкесінің осынау өсиет сөздерін бойына сіңіріп, көкірегіне қонақтатқан ақылдың қасиетті қымбаттарын осы уақытқа дейін арзандатпай келеді.

Басына бақыт құсы қонақтаған Әнуарбек Мамырұлы сол жас кезінің өзінде заман ырғақтарын, саяси-әлеуметтік ауа райын, социалистік құрылыстың қарапайым еңбек адамдарымен тіл табыса жұмыс істеудің күрделі де бұралаңы мол жайларын кексе қызметкерлерден кем түсінбейтін. Ол алдымен адамдармен қарым-қатынасты, принциптілікті, адалдықты алға ұстады. Міне, осындай адалдық, адамдарға жақындық қасиеттер осы күнгі шенеуніктер арасында сирек кездесе ме деп қаласың.

Өнекең кепегі және бүгінгі билік басшылықтарына булығып, шыққан қызметкерлердің қатарында емес. Ол өзінің елгезек, еңбек сүйгіштігімен, іскер ұйымдастырушылығымен, білімімен бірден бұлқынып шыққан буындардың ортасында дер едім.

Оның бойындағы мынадай адами қасиеттерді де айтпай кетуге болмас. Өнекең талай жерде қызмет істеді дедік. Өмір болған соң кейбір түсінбестіктер, бұлтарыс-қалтарыстар, тіпті көзге шұқып, аяққа тұсау салғысы келетіндер де кездесе беретін. Әнуарбек те осындай мектептерден өткен. Алайда ол кекшіл болған емес, қайта ондайларға кешірімпаздықпен қарайтын.

Сонымен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасар болсам, Өнекеңнің осынау жүріп өткен еңбек жолына, оның бойындағы адами қасиеттерге қарап, «Ұлық болсаң – кіпшік бол» деген тіркесті тіл ұшында ұстарың анық. «Ел билеуге ең алдымен, терең ақыл, сезімтал жүрек, орнықты ой керек» деген нақылдың да осындай адамдарға бағышталып айтылғанында шүбә жоқ.

Әгерки облыстық департамент пен басқарма басшыларының облыстық деңгейде рейтингісі өткізілер болса Ақмола облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттету

басқармасының іскер басшысы Әнуарбек Мамырұлы Сағитовтың көп басшылардың алдыңғы легінде болары сөзсіз дер едім.

Адам еңбегімен ғана емес, өзінің құдай қосқан қосағымен, ұрпағымен бақытты. Бүгінде Әнуарбек Мамырұлы өзінің сүйген жары Райса Құдайбергенқызымен үш перзент өсіріп, немере сүйіп отырған бақытты ата-аналар.

Әнуарбек Мамырұлына алда да жемісті еңбек етуіне, денсаулығының мықты болып, ұзақ ғұмыр кеше беруіне тілек қосамыз.



Диқан жолы

Есілбайдың ел-жұрты

Осы жаңа жылдың қарсаңында ел білетін Есілбаймен жүздесудің сәті тағы түсті. Көрікті Көкшетауымыздың Абай даңғылының дәл ортасындағы көп қабатты үйлердің біріне орналасқан оның шаңырағындағы бұл жолғы әңгімеміз әріден өрбіп, сонау 70-80-ші жылдарда бастау алған диқандық жолдарға, Есілбайдың еңбек мектебінің сабақтарына ой сымғаттық.

Дала қыраны, еңбек саңлағы, диқандар сардары болған осы Есілбай Қадыралин үшін әр жылдың бірінші күні екі қуанышты тоғыстырады екен. Жыл сайын қаңтардың 1-інде ол Жаңа жылды да қарсы алып, туған күнін де тойлайды. Ал, биылғы 2008 жылдың басы 60 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Осынау қуанышты елмен бірге бөлісу мақсатын көздеген жыл басындағы біздің жүздесуіміз Есілбайдың еңбек жолдарын жылдар салған бедерлі іздермен жүріп, шегіністер жасай отырып шолғанда, көптеген ерлік істер мен жасампаздық жайларды көз алдымызға қайтадан тізбекетті.

Бажайлап қарасам, Есілбай алдымен сені тыңдап, өзі аз сөйлсйтін, мінсз-құлқы бір тоға ауырлау көрінгенімен, айтқан пікіріңді, сұрағыңды сол қалпында қабылдап, саралап, түйінін бірден беріп тастайтын терең ойдың адамы екенін де аңғардым.

Емен-жарқын басталған әңгімеміздің басында Есілбай алдымен ата-тегін, өскен орта, ел-жұртын еске алды. Мұнысы бойыма бап дарып, басыма бақ қонғаны өскен ұям мен тәрбиелеген ел-жұртым дегенге саяды.

Бала жастан бойына біртіндеп сіңген сезімталдық, дарқандық, қарапайымдылық пен әділдік, жігерлілік пен намысқойлық туған жер, өскен ортадан, қасиетті топырағынан, әке-шеше тағылымдарынан, ақыл-кеңесінен, тәрбиесінен дарығанына дау айта алмайсың. Мұны Есекең екеуара әңгімеде бүкпесіз сездіргенді.

Ел-жұрт аталғанда Есілбай есіне Өрнек деген ауыл бірінші

түсті. Бұл Ереймен етегіндегі қайыңды, бұлақты кен жазықта, шұбарлы жайлау төрінде отырған жайлы мекен. Сексен үйлі осы Өрнек Есілбайдың ұлы атасы Алдоңғардың, қалың Қанжығалы бұтағынан тарайтын басқа да ағайын-тумаларының ежелгі қонысы екен. Сонау 1909 жылы Омбыдан әрі іш жаққа үдере көшкен ел-жұртпен ілесе кеткен Есілбай аталары Омбының Таврия ауданындағы жаңа жұртқа жете алмай, Қызылтудың Мортық төңірегіндегі Өрнекке тізгін тежеп, өріс табады. Бұл Өрнек те сексен үй аталыпты. Сөйтіп осы Өрнек Есілбайдың Алдоңғар атасынан өрбіген Қадырәлі, Оспан, Тәлкей есімді үш ағайындының ел-жұрты боп, өркен жайып, тамыр тартып, жапырақ жайған құтты қонысы болған. Ескі қоздер бұл жұртты бертінде дейін Әйтібай есімімен атап та жүрді.

Осы күнгі Мортық ауылының арғы-бергі алабындағы Көктерек, Өрнек, Телжан қоныстары тың игерілгенге дейін малға жайлы құтты өңір еді. Тың көтеріле бастаған 1955 жылы дүние салған әкесі Тәлкейден жеті жаста қалған Есілбай әкесінің үлкен ағасы Қадырәлінің қолында өседі. Тәлкей мен Рахила шешейдің дүниеге әкелген 14 құрсағынан үйелмелі-сүйелмелі үшеу-ақ-Қазыбек, Алтын, Есілбай ғана қалады. Тәлкейден қалған кенже ұл Есілбайға Қадырәлі ақсақал аз тәрбие берген жоқ. Алайда, 1979 жылға дейін қасында болып, аналық ақыл-кеңесін аямаған, адал болуға, халқына қызмет етуге тәрбиелеген, қорғаушысының, қолдаушысының бірі де, пірі де болған Рахила шешесінің орны Есілбай үшін өзгеше еді.

Тың көтеріліп, жұрт жаңара бастады. 1955 жылы Мортық түбінде «Толбухин» деген кеңшар ірге көтерді. Мортықта 1963 жылы 8-ші сыныпты бітірген Есілбай отбасы қоныс аударған көршілес Чапаев кеңшарында екі жылдай шопан болып, өз бақытын ата кәсіптен де тапқысы келді. Ол ойы енді ұштала бергенде 1966 жылы Мортықтан қайта дәм тартты. Осы жылы шоферлік курсты тәмамдап, екі жыл бойы сол Мортықта жүргізуші болып еңбек етті. Есілбайдың елгезектігі де мұқияттылығы да осы жылдарда танылды. Артынан тракторшы, комбайншы мамандығын игеріп, диқандық кәсіпті біржола таңдап алған-ды.

1968 жылы Мортқык бөлімшесі «Толбухиннен» енші алып, жеке «Комсомолдың 50 жылдығы» кеңшары болып отау көтерді. Дәл сол кезде Есілбайдың жалын атқан жиырманың жалын ұстаған шағы. Осы жылдан бастап Есілбайдың егіншілікке деген көңілі, зердесі мен зейіні, рухани әлемі кени берді, кеңі берді. Содан да болар, Есілбай Қадыралиннің қарапайым өмірі мен диқандық еңбек жолы кілең ілгерілеу, алға басу, биіктеу, абыройлы да бақытты баспалдақтардан басталып кете барды.

Есілбайдың егін даласы

Өткен күндерге шегініс. Кеңшар құрылған 1968 жылдың қысы ақ түтек боранды, ашулы аязды болғанын айтпа. Қыс қиыншылықтары қысып, жас шаруашылыққа оңай болған жоқ. Диқандар алдағы көктемге қызу дайындалып жатты. Алқаптарға қалың қар тоқтатылды, тыңайтқыш тасылды, тұқым тазартылып, техника жөнделді. Жас механизатор Есілбай солардың бел ортасында. Машинаға да, тракторға да отырады, әйтеуір алашапқын. Екі-үш жыл ішінде көзге түсіп, пысық жігіт атанды.

Міне, осындай жанкешті еңбек, алғашқы директор Геннадий Петрович Никулиннің іскер ұйымдастырушылығымен кеңшар Қызылту ауданында алдыңғы қатарға шықты. Әуелдегі 13 мың гектар егіс алқабы 25 мың гектарға жетті. Кеңшар орталығы да көріктене түсті, техника да көбейді.

1972 жылғы Қазақстан миллиардына бұл шаруашылық 1 миллион 800 мың пұт астық қосты. Бұл шындығында да Есілбайлардың жанкиярлық еңбегінің нәтижесі еді.

Есілбай айтады: Өмір талабы да, ағыны да тынымсыз. Уақыт жаңа жолдарға бастайды. Ол жолдарды адамдар жүріп отеді. Егін даласының бұлақ көзін ашатындар да адамдар. Мен де сол ауылдастарымның, өзіме ұстаз болған тәлімгер-диқандардың ақыл-кеңесі арқасында үйрендім, есейдім, тәжірибе жинадым. Еңбек Қызыл Ту орденді А.Рутковский, Қ.Досмағанбетов, Қ.Сағындықов, Октябрь революциясы орденді Ә.Ыдырысов, маған жастайымнан тәлімгерлік еткен майталман механизатор, озат комбайншы Әбжан Махметов, бригадир Қаби

Шаяхметов, парторг Лұқман Мағзұмов, тағы басқалары менің дикандық, өмір мектептерім.

Өткен күндерге шегініс: 1971 жылдың көктемі. Көкек айы туғалы күн тамылжып, Мортұқ төңірегіндегі жер-ананың қыс бойғы құрсаулы тамырына қан жүгіргендей. Жылға-жылғалардан су ағып, қарайған жерлерден бу шықты. Төңірекке салған көңдей балбырап, манаурап жатыр. Есілбай былтырдан бері өзгеге көмекші емес, өзіне жеке трактор, жеке комбайн алып, жұмысқа шығып жүр.

Бұл көктемде қыста өзі қалың қар тоқтатқан «Шұқыркөлдің» шығыс жақ шаужайындағы қыратты алқаптардың ылғалын жабуды сәтті бастап кеткен. Оған қуатты «К-700» тракторын пайдаланған. Өнімді жұмыс аз күнде аяқталды. Көктемгі себу, жазғы өңдеу нәтиже беріп, алдағы қоңыр күзде бадана дән салған егін дариясының масақты сары бұйра толқындары сонау көпжиекпен астасып жатты. Тағы да егін ору, астық бастыру қарбалас жүргізілген еді.

Бірде Есілбай өзінің серіктері Ә.Махметовпен, Рутковскийлермен егін даласының соңғы айналымдарында жүрген. Бұларды аңыз басында кеңшар парторгы Лұқман Мағзұмов тоқтатты. Қуанышты хабар бар екен. Қызылту аудандық партия комитеті еңбегімен елге танылып қалған жас комбайншы Есілбай Қадыралинді Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат етіп ұсыныпты. Осы хабарды Есілбай өзінің егін даласында естіді. Елі өзі таңдап, өзі ұсынған соң сол жылы Есілбай Қадыралин Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды да.

Жас депутат-механизатор келесі 1972 жылы тағы бір ерлікке барды. Кеңшар кеңсесіне шақырылған Есілбай директор Г.Никулиннің оған бір қолқа салғалы отырғанын сезе қойды.

–Саған үлкен сенім жүктегелі отырмыз, –дегенде.

–Оны білуге болар ма екен? –деді Есілбай тоқ етерін естігісі келіп.

–Есілбай, сен тәжірибең молайған озат комбайншысың. Жоғарғы жақтан біздің ұжымға үлкен сенім артылып отыр. Соған

орай, биыл бізге егін орағында өз күшіне сеніп, көтеріңкі міндеттеме қабылдап, оны жария етіп, бүкіл облыс диқандарына үндеу тастайтын жүректі жігіт керек, ойланшы, –деді шаруашылық басшысы.

–Мен ойлашып болдым. Сенімдерің болса, сөзім де берік. Ол–осы науқанда 1100 гектар егін орып, бастыру, –деген-ді Есілбай.

Сол жылы да Есілбайдың егін даласы сары масақты қалың нуға тербеліп тұрған. Құс ұйқылы диқандар астық үшін айқасқа бел шешпей араласқан. Есілбай талай бескүндіктер бойы ауыл бетін көрген жоқ. Үйреншікті жұмыс алдынан үркіп отырды. Қырсық шалған, комбайны сыр берген шақтар да болмай қалмады. Бәрін қайратқа, намысқа жеңдірді. Орақ аяқталып, қырман астыққа толды. Есілбайдың егін даласында сабантой өтті. Депутат-диқан бір өзі 1150 гектар егін орып, бастырды. Оның мойнына жерлестері масақтан өрілген алқа тақты.

Егін жинау аяқталысымен Мәскеуде өткен жастардың Бүкілдүниежүзілік форумына қатысып, елге оралған Есілбайды қуанышты хабар күтіп тұр еді. Ол үздік жетістігі үшін Одақтың сол кездегі ең жоғары наградасы–Ленин орденімен, бірер жыл өткен соң Октябрь революциясы орденімен марапатталды. Оның даңқ тұғырлары осылай көтеріле берген.

Есілбай айтады: Тоғызыншы бесжылдық атанған бұл жылдардың өз атаулары болды. Алғашқысы–беташар, екінші, үшіншісі–шешуші, одан кейінгілері– қорытындылаушы деп кете беретін. Бұл жылдары қатар-қатар Қазақстан миллиардтары туды. Біздің сол кездегі Көкшетау облысы 1971 жылы–116 миллион пұт, 1972 жылы–132, ал, 1973 жылы–143 миллион пұт астық тапсырды. Бұлар біздің маңдай терімізбен жазылған ерлік дастандарымыз ғой. Отанымыз сол сңбегімізді орынды бағалады да.

Мен 1973 жылы Берлинде өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестиваліне қатыстым. Келесі 1974 жылы ВЛКСМ-ның XVII съезіне, одан кейін Одақтық жастар ұйымының XVIII съезіне делегат және ВЛКСМ Орталық Комитетінің мүшесі болдым. Осының бәрі біздің еліміздің

қарапайым еңбек адамына деген шынайы құрметі деп білемін.

Есілбай–Еңбек Ері

Өткен күндерге шегініс. Берекелі болған 1976 жылдың келбетін кім ұмытар. Оныншы бесжылдықтың беташар жылы атанған бұл жылдың күзі де байлығымен қуантты. Осы жылы Қазақстандық миллиардқа көкшелік диқандар 161 миллион пұт астық қосты. Облыс бойынша әр гектардан 15,5 центнерден өнім жиналды. Сөз жоқ, бұл табыста «Комсомолдың 50 жылдығы» кеңшарының даңғайыр диқаны Есілбай Қадыралин мен оның үзеңгілес серіктері қосқан үлес те мол еді. Олардың әрқайсысы 10-12 мың центнерден астық бастырды. Осы науқанның нәтижесі бойынша келесі 1977 жылы Есілбай Қадыралинге Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Он жылдан астам диқандықтың қыр-сырын әбден меңгерген, жыл сайын жоғары көрсеткіштерге жетіп, ел сенімін ақтаған, орда бұзар отыздан енді-енді аса берген Есілбай 1979 жылдың қоңыр күзін де еш ұмытпайды.

Егін тағы да шығымды. Күзде егін алқабына Есілбайлар звено-звено боп атанған. Звенодағы төрт комбайншымен егін дестелеп жүргенде мұның комбайнынан кінәрат шығып, тұрып қалды. Орталықтан қосалқы бөлшек әкеліп салғанша күн кешкіріп қалған. Ол серіктеріне қосылғанда біреуі әзіл-шыны аралас:

–Ал, Есілбай, баста жүйекті, жарты күніңді толтыр, – деп қалды. Есілбай қалжыңның астарын түсіне қойды. Топтанып жүрестін комбайншылар еңбекті де бірдей бөлісулері керек. Бұл жоқтағы жарты күннің ауыртпалығы звеноның өзге мүшелеріне түсті. Есілбай сол есені қайтаруды ойлап келеді.

Бұлар ақсам жамырамай тоқтамайтын. Осындай қызу шақ әп-сәтте бұзылды. Аспан астын бұлт торлап, кешкілік ақ сандық қоп-қою қараңғылыққа ұласты. Жаңбыр тамшылап, арты өткінші нөсерге айналды. Аңыз үсті дымқыл тартып, комбайн шалғылары әлсін-әлсін қақала берді. Екі комбайншы бергі басқа жетпей қосқа қайтып кетті. Жүйек басына шыққанда Есілбай соңында келе жатқан Рутковскийге: –Сен, маған қарама, қосқа

жүре бер, агрегаттың жөнцдйтін жері бар, артынан барармын, – деді.

Жалғыз қалған Есілбайдың кеткісі жоқ. Жел тұрды. Аспанда бүт та түріле бастағандай ма, қалай. Аңыз үстін жаяу жүріп байқады, ештеп құрғағандай, жүруге болатын сияқты.

Түнгі қоңыр салқын ауа оның ұйқысын шайдай ашты. Есілбай қосқа бармай егін оруды бастап кетті. Түн тыныштығын бұзған жалғыз комбайн еңбек әуенін жаңғырта берді. Үркер әлдеқапан ауып кеткен. Аумақты егін алаңының орылмаған тұсы жіңішкеріп қалыпты. Шығыс жақ бозғыл тартайын деді. Жүріп өткен комбайн іздерінде жолақ-жолақ деңкиген дестелер жатыр. Қуаныштың шегі жоқ. Енді бірер айналсам басталған алқап бітіп калар деп қояды ішінен.

Шыққан күнмен таласа осы егін алаңын жалғыз орып, дестелеген Есілбай қосқа оралғысы келмеді. Онда баруға жанар май да жетпейтін еді. Кабина орындығына төсеп қойған шолақ тонын алды да қалың дестедегі масақ жалының үстіне жантая кетті. Сондағы ұйқысының тәттісі-ай. Есілбай еңбек ләззатын тап сол түнгідей бұрын сезінген жоқ еді.

Сол қоңыр күзде бұлардың звено комбайншылары жалшы 40 мың центнердей астық жинады. Звеноның әр комбайншысы 500 гектардан егін дестелеп, 12 мың центнерден астық бастырды. Жыл қорытындысы бойынша Есілбай Қадыралин Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын омырауына тақты.

Есілбай айтады: Мен диқандық еңбектен бақытымды тапқан жанмын. Диқаншылық–қасиетті ұғым. Ол арлы болуды, ойлы болуды, жерге жанашыр болуды қалайды. Мен солай болуға уәде бергенмін. Елге, жерге деген махаббат менің канатымды қатайтты, талай-талай жеңістерге жеткізді.

Иә, Есілбай есімін ел ішіндегі екінің бірі біледі десем артық бола қоймас. Расында да сол Есілбай Қадыралин, кәдімгі Алтын жұлдызды Еңбек Ері, Ленин және Октябрь революциясы ордендерінің иегері, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ВЛКСМ

Орталық Комитетінің мүшесі, екі бірдей Одақтық комсомол съездерінің, Қазақстан Компартиясының екі съезінің делегаты Есілбай Қадыралин ел есінде еңбегімен қалған қарапайым жап, туған жерге ту тіккен тұлғалардың бірі. Оның бар болмыс-бітімі өзі өскен, еңбекпен абыройға боленген туған жерінің келбетіндей келісті, қызыл бидайлы Қызылту қырларындай сан қырлы, алтын астықты аймағындай алуан айшықты.

Қаршадайынан бар ғұмырын жермен байланыстырып, еңбек атты шалқұйрық дүлдүлдің жалынан ұстап, жастық жалынын лаулатқан қайран жиырма бестің қайратты шағын, бұла күшін елі мен жерінің игілігіне жұмсаған Есілбайдың ерлерден бүгінгі жастар еншілер үлгі-өнеге, бойға құт, ойға азық болар тәлім-тәрбие ыәм тәжірибе аз болмаса керек.

Есекең ел тәуелсіздік алған жылдардан бері Көкшетауға қоныс аударған-ды. Оған да міне табаны күректтей он бес жыл болып қалыпты. Әуелден жүзі таныс, көркіне көңіл көкжиегі астасқан, адамгершілік парасаты мол, сыпайы да биязы, кең маңдайлы, бойы тік, балуан бітімді, қара торы жігіт ағасымен кездесе кеткенде жылы шүйіркелесіп қалатынымыз бар. Ортамызда жүрген асыл азамат шау тартыңқырап қалса да құдай қосқан қосағы, адал жары, үш ұл-қыз тәрбиелеп өсірген шаңырақ ұйтқысы Мәстүра екеуі анда-санда сыр беріп қалатын денсаулықтарын күтеді. Есекеңе енді еңбектің жеңіл-желпісі ғана медет секілді.

Есілбай мен Мәстүра жоғары білім алып, әр жерде қызмет атқарып жүрген қыздары Айман мен Айнаштың, ұлдары Амангелдінің, бұлардан өрбіген төрт немерелері– Әсия мен Омардың, Абылайхан мен Тоқжанның саулығы мен бақытты болуларын тілейді.

Биылғы Жаңа жыл есігін өмір белестерінің алпысыншы асуына аман сау аяқ басумен ашып отырған танымал диқан, Еңбек Ері Есілбайды құттықтаушылар көп-ақ. Біз де сол қуанышпен ақ тілек қосқандардың ортасындамыз.

2007 ж.

Ғибраты мол жылдар

Токтауы жоқ уақыттың, еркіне бағынбайтын қайнаған өмір ортасының аумалы-төкпелісін, қызығы иен шыжығын, ауыры мен жеңілін, әйтеуір ғазиз басқа салғанын көре жүріп, бәріміз күпісінен шыққан сүйікіті газетіміз «Көкшетаудың» (бұрынғы «Көкшетау правдасы») да ата жасына аяқ басып, онымен бірге өзіміздің де жетпіске келіп қалғанымызды білмей қалыппыз-ау. Уақыт көшінің жүрдектігін осыдан-ақ аңғара бер.

Сексеннің Сенгіріне шығып отырған бүгінгі «Көкшетау» газетінің жүріп өткен осынау шығармашылық жолы бүкіл Көкше өңірінің тарихи жолы демеске лажымыз жоқ. Ақиқаты да солай ғой. Ойткені газет тарихы – ел тарихы, ел шежіресі. Ал онда жұмыс істейтін журналистер тағдыры сол басылымның тағдырымен тақыллеттес. «Көкшетау» асқан сексен белесте халық өмірінің небір қырлары мен сырлары, қоғам құрылысының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық даму өркендерінің өшпес бедерлі іздері, газет пен шығармашылық ұжымның тоғысқан тағдырлары сайрап жатыр.

Олай болса ыстық-суығын бірге бөлісіп, ұзақ жылдар қызмет істеген газетім «Көкшетаудың» бүгінгідей қуанышты сәтінде, әрі осыдан елу жыл бұрын осы газетте журналистік еңбек жолымның ең алғаш тұсауы кесілгендіктен ертедегі жылдарда жадымда қалғандарды жаңғырта кетуді ғанибет деп есептедім. Абыройы мен беделі биік газеттен алған баға жетпес ғибратты, кілең тәжірибелі, жазуға төселіп қалған майталман қаламгер ағалардан, кәсіби журналистиканың білгір ұстаздарынан алған ұлағаттарды қалай ұмыттарсың. Бәрі көкейімде, көз алдымда.

1958 жылы бүкіл Көкшетау облысынан, оның ішінде бір ауылдан Алматыдағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөліміне оқуға түскен Маман Ементәев екеуміз ғана едік. Сонда жолай «Көкшетау правдасы» газетінің редакциясына соғып, бір септігі болар деп жолдама сұрағанбыз. Өйткені мектепте оқып жүргенде біз ештеп өлең жазып, редакцияға хабар-ошар жіберіп тұратынбыз. Онымызды редакцияның бөлім меңгерушісі Еркеш Ибраһим ағамыз ұмытпапты.

Бізді бірден аңқылдай қарсы алып, редактор Өміржан Оспановпен өзі келісіп, машинкаға тікелей отырып, редакцияның атынан екеуімізге жолдама жазып, редактордың қолын қойғызып, мөрін бастырып берді. Редакциядағы жақсы ағалардың бізге жасаған ең алғашқы қамқорлығы осы еді. Еркеш аға жазып берген тілдей сол жолдаманың оқуға түсерде пайдасы болғандығына шүбәланбаймын.

Теориялық білім алған екі курстан соң жоспарлы төрт айлық өндірістік тәжірибеден өту үшін Маман екеуіміз «Көкшетау правдасы» газетіне келдік.

Бұл осыдан елу жыл бұрынғы 1960 жылдың көктемі еді. Жайдары қарсы алған жақсы ағаларымыздың жанашырлығымен біз бірден штаттық қызметке орналасып, Маман мәдениет, мен ауыл шаруашылығы бөліміне әдеби қызметкер болдық. Ол кезде мәдениет бөлімін Сарбас Ақтаев басқаратын да, әдеби қызметкері Жағьшпар Мусин болатын. Енді оларға үшінші қызметкер болып Маман қосылды. Ал Жанәбіл Темірбеков жетекшілік ететін ауыл шаруашылығы бөлімінде Марат Әкпаров пен Елубай Жәкенов әдеби қызметкер еді. Бұларға төртінші болып мен қосылдым. Сөйтіп редакцияның журналистері қатарында шығармашылық жұмысқа жегілдік те кеттік. Жиырмадан енді аса берген біздерді редакцияның үлкені бар, кішісі бар бауырларына басып, тауқыметі де, қызығы да мол газет жұмысына қызықтырып, баурап әкетті.

Әлбетте әр нәрсені бастау қиын. Жолды, істі, еңбекті, жарысты, ойын-тойды, өлеңді, тағысын-тағыларды ә дегенде бастап кету қиынның-қиыны. Біз алғаш еңбек жолымызды, яғни шығармашылық саладағы ауылдың алты ауызын осылайша «Көкшетау правдасында» бастап, қауырсын қанат қалам ұстаған жас кездегі қиындықтарды жаны ізгі журналист ағаларымыздың арқасында жеңіп шықтық.

Бөліміміздің жұмысын тап-тиянақтай етіп отыратын Жанәбіл Темірбековтің жұмысқа деген ынтасы ерекше еді. Қаршығадай қағылез, шағын денелі, ұяңдау, өткір қара көздеріне ой тұнып тұратын жылтырлау қара өңді ағамыздың талғамы да, талабы да бірдей еді. Маманға да Сарбас Ақтаев

ағасы көркем тілмен, ұшқыр оймен материалдар жазудың, өлеңдер өрудің тылсым сырларын ұқтырып бақты. Әрине, біз тәжірибе алу үшін редакцияның барлық бөлімдерімен байланыста болдық. Айналдырған төрт айға жетер-жетпес уақытта «Көкшетау» газетінің сол кездегі қызметкерлерін, журналист-қаламгерлерін қатты қадірлеп, сыйлап кеттім. Олар менің өмір мектебім, қаламымды ұштаған ұстаханам еді.

«Көкшетау правдасы» орналасқан сол кездегі қос қабатты қарағайдан қиып салынған ғимараттың (бұрынғы Совет, қазіргі М.Әуезов көшесінде) екінші қабатындағы аяда-аядай бөлмелерде шығармашылық жұмыс қызып жататын. Сол бөлмелерде шұқшия жұмыс істеп, ой құшағында қалам тербеп, жазумен шұғылданып жататын елінің еркесі Еркеш ағамды, сабырлы Жанәбіл Темірбековті, сыршыл мінезді Сарбас Ақтаевты, салмақты Қайыркелді Аяғановты, жұмсақ үнді Мұрат Жексенбинді, сыпайы сөйлегенімен сырын сездірмейтін Сүлеймен Ақтаевты, көзілдірігінің үстінен қарап, қағытпа тілімен осып кететін Жанәбіл Оспановты, ұяң, сабырлы қалпынан бір айнымайтын Уәп Рақымжановты, ақиқаттың ала жібін аттамайтын Естай Мырзахметовті, жұмысына тындырымды, сырбаз, керімсал Жанайдар Мусинді, аңғал да анқылдақ Октябрь Бұхарбаевты, жұмысқа ерінбейтін, редакцияның нағыз еңбекторылары Рүстем Бермағанбетов пен Баян Нұрпейісов, Елубай Жәкенов, Марат Әкпаров пен Айдархан Кәріпханов, Жағыпар Мусиндерді қашанда көз алдыма елестете аламын. Бәрі де бір-бірінен асқан еңбексүйгіш жандар еді. Олардың адал көңіл, ақ ниеттерін, шығармашылық, қаламгерлік ізденістерін қай кезде де айта жүрем, айта жүріп сағынамын.

Енді осы газеттің сарапшылары – редакторлары жайында бір үзік сыр.

Ұйымдастырушылық қабілеті мол, іскер редакторы бар, әрі редакциясында кілең қаламы жүйрік журналистер топтаған газеттің қашан да бағы бар. Ондай бақыт – «Көкіпстауга» ертеден

бұйырған. Мен осы газетті басқарған төрт редактормен қызметтес болдым. Солардың алғашқысы – Өміржан Оспанов еді.

Өмекең ескі көздерден қалған қарт журналистердің бірі де бірегейі болатын. Ол журналистік кәсіптің айналасына топтасқандарға да, жанында жүргендерге де, жастарға да үйретері көп тәлімгер бола білді. Өмекең мен менгерген осы кәсіптің үзілмеген, үзілмей келе жатқан мықты тамыры іспетті.

Қазақы қалжыңнан қаймақ ағызып отыратын, қыран-топан күлкіге батыратын Өмекең әзіл-оспақ, мысқыл сөздер айтқанда, шежіре шерткенде алдына жан салмайтын.

Редактор Өміржан Оспановтың да қолынан қаламы түскен жоқ. Ол толғап, толғап, тиянақтап жазатын қаламгерлердің қатарынан еді. Әр сөйлемді тәптіштеп құруға тырысатын. Жазғандарында селкеу жоқ, тілі оралымды, жұтынып тұратын сөйлемдері мәселе қозғап, ой арқалап жататын. Оның тағы бір жақсы қасиеті бөлімдерден, телетайпан түскен материалдарға өте сақ қарайтын. Сөйлемдерге аса сақ, қате талқаш еді. Олары біздің бойымызға өнеге болып қалыптасты.

Әттең, 1963 жылы университет бітірген Маман екеуіміздің осы газетке келіп жұмыс істейміз деген ойымыз орындалмай қалды. Соның алдындағы жылы сол кездегі солақай саясаттың кесірінен солтүстік өңірдегі төрт облыстың қазақ газеттері жабылды да қалды. Қаншама журналистер босып, аудандарға, басқа облыстарға кетіп қалғандары қаншама. Тіпті кәсіптерін өзгерткендері де болды. Бәрін тәптіштеп айтпай-ақ қояйық.

Оқу бітірген жылы осы жайға тап болған маңдай сорымыз екі елі Маман екеуіміз журналистік жұмысымызды Қарағанды облысынан жалғастыруға мәжбүр болғанбыз. Билік ауысқан соң 1966 жылы облысымызда қазақ газеті қайта ашылып, араға жеті жыл салып барып «Көкшетау правдасымен» қайта қауыштым. Сөйтіп 1970 жылдан Көкшетау облысы таратылған 1997 жылға дейінгі аралықтағы кезеңдер, яғни ширек ғасырдан астам уақыт бойы менің қаламгерлік жолым «Көкшетау правдасы», кейін «Көкшетау» газетінің тағдырымен тоғысты.

Несін айтасың, бұл кезеңдер газет жылынамасындағы ерекше бір еске алар жылдармен тұспа-тұс келген ұмытылмас уақыт кезеңдері еді ғой.

Осы жылдар ішінде «Көкшетау» газетінің үш редакторымен қызметтес болғашымды мақтаныш етемін. Олар – Жанайдар Мусин, Мәтен Бижанов, Жабал Ерғалиев. Үшеуі де газет жұмысының шығармашылық лабораториясының барлық баспалдақтарынан өткен журналист-әріптестерім.

Өзі жазғыш, өзгелердің міні мен кемшілігі көргіш редактор – басылымның басына қонған бақыт дедік қой. Осы үшеуі де сексенге келіп отырған «Көкшетаудың» бағы мен бақыты болды десем артық етпес. Сол тұстағы газеттерді қалың оқырманымыз сүйіп оқыды, сүйсініп оқыды. Сол кездегі газеттің абыройы да, беделі де ерекше еді. Газетке жаңа лек, жас буын жастар келіп қосылды. Газет беделінің артуына «Көкшетау» қаламгерлері жазған жазбалардың, ортаға көрікті ой тастаған көсемсөздерінің, сергек пікірлер білдірген серкесөздерінің әсері аз болмаса керек. Кейінгі аға толқындар, жас буындар жайлы айту өз алдына бөлек әңгіме.

Иә, қанша жылдар өтті зымырап. Көп-көп аға буын және жас буын өкілдері де жоқ бұл дүниеде. Бірақ олардың бейнесі жүрегімде, жадымда. Бұйрықты ғұмырымның жетпісіне ендеп еніп бара жатқан менің елуге жуық жылдарым қазақ баспасөзіне арналыпты. Әр жерде қызмет еттік, қилы-қилы кездерінен өттік, адамдармен таныстық, достармен табыстық, сыр ұқтық, жып тербеттік, ой өрлеттік. Соның бәрі ғибрат, ұлағат, үлгі, өнеге, өмір екен. Аға ұрпақтың сол ғибратты жолдарын заман көшімен ұластырып, ұзартып келдік. Оларды жақсылардан қалған бедерлі іздер деп ұғынам.

2010 ж.



I. Ордабасыдағы бас қосу

Өткенге құрмет көрсету, ескіні еске алу, көнеге көз салу деген қашаннан қазақ халқының қасиетті салты ғой. Осы күнгінің күміс қанат қырандары – әуе лайнерлері ертелеп ұшса терістіктен түстігіне түсте ғана жететін Сарыарқаның ұлан-ғайыр кең өлкесінде өткеннен қалған белгі де, аңыз-әпсаналар да, салт пен гұрып та көп екен-ау.

Сонау 1990 жылдың жаз басында Арқадағы Көкшетауға оңтүстіктегі қарт Қаратаудан, одан әрідегі Ордабасыдан, яғни Шымкент төңірегіндегі Бөген ауданынан (сол кезде) қазақтың көрнекті ақыны Майлықожа Сұлтанқожаұлының туғанына 155 жыл толуына арналған мерейтойға шақыру келгенде іштей қуанғанымызды жасыра алмаған едік. Өйткені сол ауданда, ақынның сағанасы тұрған жерде үлкен той, соның аясында республикааралық ақындар айтысы өтетінін, Қазақстанның барлық облыстарынан, көршілес Өзбекстаннан, Қырғызстаннан ақындар мен жыршылар, термешілер шақырылғанын, оларды сол маңдағы тарихи-мәдени ескерткіштері бар орындарға, әулиелер мен бабалар мазарларына, көне Отырар қаласының орнына, Темірландағы Қажымұқанның басына, оның мұражай ғимаратына, Майлықожа медресесіне, Арыстанбаб, Қожа-Ахмет Ясауи және Майлықожа сағаналарына, көненің сөзіндегі көрінетін тарихи орын Ордабасыға апаратынын да естігенбіз. Сөйтіп бұл бір ертеден армандап жүрген, ғайыбынан келген, былайша айтқанда бізге бұйырған сапардың бірі болды.

Әлбетте ғой әулие-әмбиелерге, ата-бабаларға құрмет көрсетуді өзімізге-өзіміз ізет ету, болашағымызды пайымдау деп түсінеміз. Сондықтан да бұрынғы өткен бабалар рухына бас иіп жүру – өсер ұрпақтың парасат белгісі, өнегелі ісі деп ұғыну қажет. Бұл тұжырымдардың дәлелді мысалдарын біз айтыскер ретінде қатысқан Бөген ауданындағы Ордабасыда өткен ой саларлық ордалы жиыннан, дүрмекті де дүбірлі тойдан, үш республиканың өкілдері бас қосқан мерейлі мерекеден айқын аңғарғандай болдық.

Біздің сапарымызға себеп болған Майлықожа атамыздың сағанасы сол Бөген ауданының «Киров» кеңшарындағы Ақбұлақ ауылында екен. 1835 жылғы Шымкент облысының Сарыағаш ауданында дүниеге келген Майлықожа Арыс ауданында пайғамбар жасында көз жұмған. Көрнекті ақынның мерейтойының атақты Ордабасыда бастау алуында да үлкен себеп бар болып шықты. Енді соған келейік:

Ордабасы – кішкене ғана жатаған, жұпыны қаратөбе. Алайда иісі қазақ баласы үшін бұл жатаған жотаның тұлғасы да, атағы мен даңқы да ақ басты Алатаудан, киелі қарт Қаратаудан кем емес. Бәкене тұлғасын зорайтып, тау деп аспандатып тұрған қасиеті қайсы дейсіз ғой. Ол – Ордабасының тарихтағы орны.

Осыдан 260 жыл бұрын (бұл жазбаға да жиырма жылдан асып кетті), дәлірек айтқанда 1730 жылы Ордабасы тауының баурайында түрлі-түрлі шет жұрттың шапқыншылығынан тоз-тоз болып кеткен қазақтың үш жүзінің басы қосылыпты. Бұл кәдімгі тарихқа белгілі, үш жүзге таңба үлестірген Ұлытаудағы алғашқы бас қосудан кейінгі кездесулер болған екен.

Үш жүздің елге әйгілі үш биі – Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Әйтеке би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек билер осы арада бас қосып, ел жақсыларына, қол бастар батырларына жауға бірігіп аттану жөнінде жар салған. осы арада үш бәйтерек, алты арыс жиналып, жау бетін қайтарудың, ел болудың, бірігудің мәселелерін бірлесіп ақылдасқан. Атақты дала заңы – Жеті жарғыға әлгі үш би қол қойған. Бірігуге үндеген, мемлекет болуды ақылдасқан осынау Ордабасының тарихи жер, киелі жер атанып қалуы содан.

Сонымен Майлықожа тойы себеп болып, екі жарым ғасырдан астамнан кейін үш жүздің ғана емес, үш республиканың мерекеге шақырылған меймандары осы тарихи орында екінші рет бас қосты. Бұл бір жағынан ата-баба рәсіміне құрмет болса, екіншіден сол дәстүрден арқау желі тартып, ата салтымызды ұмытпай қастерлеудің, ұйымдасудың, ала қойды бөле қырықпай қолдаса, қолтықтасудың, өнерге, өнегеге өріс ашудың, таланттар табиғатын танудың нышанындай болды десек қателеспейміз.

Расында да ертедегі ас беру, ақбас шалып, бата тілеу, билікке жүгіну – бәрі де ұрпақтан-ұрпаққа қалған мирас іспетті. Атпен шапқан күннің өзінде айлап жететін жалпақ жердің о шеті мен бұ шетінен ел жинау, шоғырландыру оңай болған ба. Елдің осындай той-думанда, топырақты өлімде, не болмаса төтенше жағдайларда ғана бастары қосылып отырған ғой.

Ордабасындағы екінші бас қосу – Қымызмұрындық немесе жаз тойы тамаша бір сән-салтанатымен есте қалды. Қашанда тойды ақындар бастаған. Арыс бойының ардақты қарт ақындарының бірі Тұрғымбай Егізбаев ақсақал Ордабасы туралы, Майлықожа мұрасы мен оның мән-маңызы, қасиеті жайлы тереңнен ой толғап, жүріп өткен бабалар жолын бүгінгі ұрпаққа өнеге етіп, той меймандарына туған жер туралы, кешегі айтыскер, жерлес ақындары Көпбай Омаровтың елі-жұрты жайлы тебірене төкпелеп, жыр тербетті.

Енді бірде ескі рәсіммен екі жерге от жағылып, оның ортасынан боз бие жетектеліп өткізілді. Бозды бұрынғы салтпен құрбандыққа шалды. Сахнаға шыққан сәлделі имам, Қожа-Ахмет Ясауи мазарының сопысы микрофон алдында тұрып бүкіл Ордабасын күңіреткен мақаммен аят оқып, бата жасады. Заман тыныштығын, татулық пен достықты, бірлік пен ұйымшылдықты, табиғатқа, елге және жерге деген қамқорлықты, тоқшылықты уағыздаған бұл батаға бет сипап, мыңдаған жамигат «әумин» десті.

Ордабасыға оралу жайдан-жай өткен жоқ. Тойға жиналғандар туған табиғатты, тарихи орындарды экологиялық зардаптардан сақтау жөнінде республика жұртшылығына Үндеу қабылдады.

Қарқаралы көш те өтті бір кезде. Арғымақтар мінген үш жүздің үш биі –Төле, Әйтеке және Қазыбек жар салып, ел болуға, жұрт болуға, бірігуге, ұйымшыл болуға шақырды. Ел қорғаны болған, қол бастаған жалаң төс, мұзбалақ батырлар, халық қаһармандары – Ораз, Бөгенбай, Қабанбай, Едігелер де өтті ел алдынан. Айша бибі, Айман-Шолпан күймелері де сыңғыр қағып, қоңыраулатып барады. Осы көріністің бәрі Ордабасыға сонау 1730 жылы тігілген

Алаштың ақ туының астында өткені тебіrentпей қоймады.

Тойда басталған эн мен күй, Майлықожа термелері, толғаулары, ақындар айтысы аудан орталығы Темірланның 650 орындық зәулім мәдениет сарайында одан әрі жалғасын тапқанды. Мерейтойға үш республиканың энші-күйшілері, жыршы-термешілерінен басқа 40-қа жуық айтыскер ақындары шақырылыпты. Бұлар той аясында төрт күн бойы айтыс додасына түсті. Алты рет өткізілген айтыста әр ақын үш реттен айтысқа шығып отырды. Республикамызға сол кезде танымал болып қалған Қуаныш Мақсұтов, Есенқұл Жақыпбеков, Абаш Кәкенов, жерлесіміз Баянғали Әлімжанов, мұхтар Құралов, Бибігүл Жаппасбаева, өзбекстандық ақындар Әшірмат Мұсаев, Нұрхан Өмірбаева, Бөрібай Оразымбетов, қырғызстандық белгілі айтыскер ақын, энші-композитор Әшірәлі Айталиев ақсақал, тағы басқалары суырып салма өнерлерімен жұртты тәнті етті.

Көкшетаудан барған Баянғали Әлімжанов екеумізге де бұл жолғы өнер сайысының сабақ аларлық үлкен мектеп болғандығын айтар едім. Баянғали үш күндей қырғызстандық, шымкенттік және арыстық ақындармен айтысып, жақсы өнерімен, төкпе ақындығымен жұртшылық қошаметіне бөленсе, мен алғашқы күні бөгендік жас ақын Жәкеп Омаровпен, екінші күні өзбекстандық Әшірмат Мұсаевпен, ал үшінші күнгі ақтық айтыста қырғызстандық майталман жүйрік, әйгілі «Жылқышы» әнінің авторы Әшірәлі Айталиевпен сайысқа түстім.

Майлықожа тойындағы аламан айтыс шымкенттік бір топ суырып салма ақындардың қатарын көзег түсірді. Олардың біразы осы жолы аға ақындардан ақ бата алып қалды.

Той демеушілерінің бірі – Қазақстан ЛКЖО Орталық комитеті тағайындаған бас жүлдені – жал кұйрығы сүзілген жирен сәйгүлікті айтыста ерекше қырынан көрінген Шығыс Қазақстан облысындағы тарбағатайлық айтыскер ақын Абаш Кәкенов еліне мініп қайтты. Республикааралық бұл айтыстың жүлдегерлері атанып, Майлықожа атамыздың шапанын жамылып қайтқанымызды біз көкшетаулықтар да абырой санаймыз. Ол кезде ат мініп, шапан жамылу жүлденің басы болатын.

Темірландағы Қажымұқан Мұнайтпасовтың мұражайынан алған әсерлеріміз өз алдына бір төбе. Мұражайда атақты балуан өмірінен мол деректер беретін құнды жәдігерлер көп екен. Қажымұқан өмірі біздің Көкшетау мен Темірлан, Ордабасы жерін ертеден байланыстырғандай. Қажымұқан атамыздың алғашқы Бәтима деген әйелінен туған Халиолла Көкушетау облысында тұрса, екінші жұбайы Мүнәйімнен туған Жапәбіл Шымкентте, екінші ұлы Айдархан Темірланда тұрып еңбек етуде екен.

Біз сонымен бірге Қажымұқанның Темірланнан екі шақырым жердегі бейітінің басына барып тағзым еттік. Сондай-ақ Майлықожааның сағанасын көріп, ол оқыған Аққойлыдағы медресені де көрдік.

Бұдан кейінгі сапарларымыз Қызылқұм ауданындағы атақты Арыстанбаб, киелі Түркістандағы Қожа-Ахмет Ясауи сағаналарына, одан соң Отырар қаласының ескі орындары мен оның тарихи-этнографиялық мұражайына қарай ойысты. Олардан алған әсерлер мен деректер жолжазбаларымыздың екінші бөлігіндегі әңгімелерге өзек болмақ.

Көкшетау – Шымкент – Темірлан – Түркістан – Көкшетау.



II- Әулиелер мен бабалар басында

Арыстанбабта

«Аруақ күзеткен ұрпақ азбайды» деп көне көз қариялар айтып отыратын сөз төркінінде түбіне терең бойлап ойлаған адамға көп мән-мағына жатады екен. Оған Шымкенттен қырық шақырымдай жердегі, атақты Арыс өзенінің Қатын көпір мен Қызыл көпір деп аталатын өткелдерінің аралығында, әйгілі Ұлы Жібек жолының тура үстінде орналасқан Темірлан кентінен әрі қарай сапарлағанымызда көңілімізді қанықтырып, көзімізді қарықтырған жайлар арқылы жеткілікті танысқан едік.

Темірланнан терістік батысқа қарай жолаушылаған адам тарихи сырға толы талай-талай ескерткіш орындарға, сәулет ғимараттарына, мазарлар мен сағаналарға жиі-жиі кездесетіні сөзсіз. Оң жақ сілемдері көзге шалынып отырса, бірде ғайып болып, бірде қайта ұшыраса қалатын қатты ағысты Арыс өзені жап-жасыл қалың тоғайымен баурап алады. Қыр үсті түкті кілемдей, көз жауын алатын қып-қызыл қызғалдағымен құлпырып кеткен. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда оңтүстік өңірі ерекше құнарлы, өнімді болғалы тұрғандай екен. Көктем мен жаз басы жаңбырлы, ауа қоңыр салқын самалды болған.

Аруақты әулиелер мен баталы бабалар қонған Қызылқұм, Түркістан, Қаратау топырағы алғаш қадам басқаннан-ақ қатты толқытып, тебіrentкені рас. Сонымен жүз шақырымдық жер жүргеннен кейін біз Қызылқұмдағы атақты Арыстанбаб әулиенің сағанасына ат басын тіредік.

Бұл әулиенің арғы тегі Ысқақбабтан тарайды екен. Арыстанбаб Қожа-Ахмет Ясауидің тұңғыш рухани ұстазы әрі тәрбиешісі болған. Шайқы Арыстанбаб туралы мынадай бір аңызды құлағымыз шалды. Мұхаммед пайғамбар 63 жасында дүниеден озарында мүміндерін жиып алып: «Мен бұ дүниеден көшіп барамын. Менің аманатым бар, оны алған адам ісімді әрі қарай қалай жалғастыраар екен» дейді. Аманат белгісі – жалғыз ғана құрма жемісі екен. Сол кезде топтан Арыстанбаб шығып,

әлгі аманатын өзіне тапсыруын өтінді. Арыстанбаб сонда отыздан астам түрлі дінді білген дегдар екен. Бірақ ол жалғыз Ислам дініне ғана мойын ұсынған. Сөйтіп Алланың ризашылығымен пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) жаңағы өт аманатын Арыстанбабқа тапсырады.

Содан бес жүз жыл өткеннен кейін ол он бір жасар бір баланы жолықтырады. Ол бала: «Ақсақал, аманатымды беріңіз» дейді. Сол бала осы Қожа-Ахмет Ясауи екен. Аманат еткен жалғыз құрманы Арыстанбабтан алған бетте Қожа-Ахмет оны аузына салып жібереді де ештеме демей бұрылып жүре береді. Бұған қайран қалған Арыстанбаб: «Шырағым, бес жүз жыл бойы сақтап келген аманатыма жалғыз ауыз сөз айтып, жауап қайтармағаның қалай?» дегенде бала: «Ей, ата, алғыс айтатындай ештеңесі жоқ екен, бес жүз жыл бойы аузыңызда ұстаған құрмада сүйектен басқа ешқандай ет қалпамты, құр сүйекке не дейін» деген екен. Сонан Қожа-Ахмет Ясауи Мұхамедтен кейінгі екінші әулие, ал Ясы (Түркістан) қаласы кіші Мекке атаныпты.

Міне, осынау әулиелердің әулиесі атанған Арыстанбаб кесенесі де IX-XIII ғасырлардан көп сыр тартатын көне даналық күмбездерінің бірі болып қалған. Арыстанбаб сағанасының айналасы толған обалы бейіттер. Зираттардың аумағы шамамен 8-9 гектарға жуық жерді алып жатыр. Үлкенді-кішілі күмбезді қабірлер әулие маңына көп шоғырланыпты. Кесене биіктігі үш қабатты үйге пара-пар. Қызыл қыш кірпіштен өрілген мазар қабырғалары сан ғасырдың куәсі болып, сол қалпында өңін бұзбай сақтаған. Оның мүрде қойылған бөлегінен басқа жүздеген адам сиятын үлкен мешіті және бар. Әулие мазарының сәулеттік құрылысы кімді болса да қайта-қайта қарата бергендей. Мұнда келуші туристер, тәуеп етушілер легі үзілмейді екен.

Әулиеге тәуеп етушілер ақбас шалып, қона жатады. Бұл арада оның шәкірті Қожа-Ахмет Ясауидің мына бір сөзі тегін айтылмағанын еске алмай болмайды. Ол: «Кімде-кім маған құлшылық еткісі келсе, алдымен Арыстанбабта түнесін, содан кейін маған келіп тілесін» деп өсиет қалдырыпты.

Қожа-Ахмет Ясауи сағанасында

Сонымен Арыстанбабтан аманат алған Қожа-Ахмет Ясауидің мазарына баруға да жол түсті. Бұл сапарды ұйымдастырушыларға мың да бір рахметімізді айтып жатырмыз. Қожа-Ахметтің бұл әлемге әйгілі ғимараты қазіргі Түркістан (ертеде Ясы аталған) қаласында XIV ғасырдың аяғында салынған көне сәулет өнерінің теңдесі жоқ туындысы. Ясы шаһарында (XVI ғасырдан бастап Түркістан аталған) Ахмет Ясауи өзінің уағызшылық қызметін жүргізген. Ол өмірінің көбін осында өткізіп, осы арада жерленеді. Кейін оның есіміне Ясы қаласының аты қосылып аталатын болған. Ол көне түркі ақындарының бірі ретінде де кеңінен танылған. Кезінде Қожа-Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» («Ғибрат кітабы») атты кітап жазып қалдырған.

Ахмет Ясауи Сайрам шаһарында 1103 жылы дүниеге келіпті. Біраз уақыт ол Бұхарадағы софьлар қоғамын басқарып жүреді. Бірақ кейін Түркістан қаласына қайра оралады да уағызшылық қызметін жалғастырады.

Қожа-Ахмет Ясауи пайғамбар жасына келген соң Мұхаммедті аза тұту белгісі ретінде қалған өмірін жер асты мешітінде өткізіпті. Біз мазар іргесіндегі осы мешітті, оның құран оқып, құлшылық етіп отыратын орнын, жер асты жолына түсетін құпия үңгірді, шығыс моншасын көріп, олардың құрылыстарына, сәулеттік шешімдеріне аса қайран қалдық.

1166-1167 жылдардың бірінде дүние салған шайқының басына әуелде шағын мазар орнатылған екен. XIV ғасырдың аяғында, яғни екі ғасырдан соң Ақсақ Темір Көреген бұл мазарды қайта салуға бұйрық береді.

Ғимарат аса үлкен күмбезді құрылыс. Оның ені 46-5 метр, ұзындығы – 65 метр, күмбездің ұшар басына дейінгі биіктігі- 37,5 метр. Орталық зал төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Қазандық деп аталатын орталық зал кіріштен өрген диаметрі 18,3 метрлік күмбезден көмкерілген. Осы арадан оюмен өрнектелген ағаш есік арқылы Ахмет Ясауи мүрдесі жатқан бөлмеге кіруге болады. Қазандықтан өзге бөлмелерге қарай қос

қатарлы сегіз дәліз тарайды. Тайқазан дәл ортада орналасқан, ол бұрынғы өз орнында.

Мазар мешіті де аса бір тамаша сәулет өнерінің құрылысы. Оның мойындығында 16 терезе бар. Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қағба сияқты мозаикалық михраб орнатылған. Михраб деген жебе ұшты арқасы бар ойық. Ол көгілдір түсті мозаикамен көркемделіп, әр жерден әсемдік үшін алтынмен жалатылған.

Ғимарат ішіндегі үлкен Ақ сарай, кіші Ақ сарай, Жолбарыс хан дәлізі, басқа да бөлмелер мен залдар құрылысы бір-бірінен бөлек, алайда бірегей үйлесім тапқан. XVI ғасырдан бастап сағананың жер асты зираты деп аталатын жеке бөлмесіне және мазар маңына әйгілі адамдардың мүрдeleri қойыла бастаған. Осында қазақ халқының прогрестік роль атқарған белгілі басшылары мен билері – Есімхан, Әбілқайыр, Абылай хан, Қаздауысты Қазыбек би, Бөгенбай батыр, Ұлықбектің қызы, Ақсақ Темір Көрегеннің жұбайы Рабиу Сұлтан Бегім, тағы басқа көптеген әйгілі адамдар зираты бар. Біз олардың басындағы белгі тастарға қол тигізіп, сипап, мүрдeleriне тағзым еттік.

Отырар орнында және мұражайында

Қызылқұм аудан орталығынан әрі өткеннен кейін оң жақта шұғыл бұрылатын тас жолда Отырарға сілтеме жасайтын белгі оның таяқ тастамды екенін білдіріп тұр. Алдымызда биік-биік жон төбелер, аумақты обалар көзге шалынды. «Міне, Отырарға да келіп қалдық» деді автобуста отырғандар арасындағы оны бұрын көріп жүргендер. Орта ғасыр қалаларының бірегейі, сол кездегі қайталанбас сәулет өнерімен көмкеріліп, инженерлік коммуникациялары өте тиімді әр сапалы болған бұл қаланың зерттелгенінен зерттелмегені көп екен. Қиратылып, жер астына шөккен үлкен шаһардың ғимараттары мен әртүрлі құрылыстарының жер бетіне таяу жатқан қаңқа қабырғаларының тас қамалдай скеніне көз жеткізе түсесің. Қызыл, сұр кірпіштер обалардың қойнау-қойнауларында үйіліп жатыр. Қаншама ғасыр

өтсе де құрылыс материалдарының сыны кетпеген, тіпті үгітілмеген. Жүздеген жылдар бойы жаңбыр шайып, қар қажаса да, осы ендікте үзбей соғатын ебiнiң желi дамьлсыз мүжiсе де сапасын жоғалтпаған әлгi құрылыстардың қалдықтары сол бұрыпгы қалпын сақтап қалған.

Отырардың ескi орнының бiр жақ бөлiгi, үлкен аумақты обаның тамшыдайы ғана қазба жұмыстары арқылы (бұған көп жылдар болып қалды) зерттелiптi. Бiз көрген сол жылдары төрт бұрышты терең сайлы орда үйлердiң орны, көше сұлбалары көзiмiзге шалынған-ды. Осы арадан талай-талай тарихи ескерткiштiк бұйымдар, XI-XII ғасырдағы сәулет өнерiнiң, қол өнерiнiң белгiлерi, алтын, күмiс, қола бұйымдары мен үй жиһаздары, этнографиялық басқа да толып жатқан әшекей заттар табылған. Бұлар кейiн көптеген беймәлiм тарихи оқиғалар мен рухани құндылықтардың бетiн ашты.

Бiз түстiк батыс тұстағы обаларды жара, iшке сұғына енген камал қақпасының кiрпiштен өрген биiк дәлiзiн көрдiк. Аңызға қарағанда осы қақпа арқылы Шыңғысхан әскерлерi қаланы жетi айдан соң басып алған. Осы обалар үстiнен айнала алақандағыдай ап-анық көрiнедi. Отырардың айналасында отыздан астам үлкендi-кiшiлi қалалар болған деседi. Шыңғысхан жорығына Отырар елеулi қарсылық көрсеткен қалалардың бiрi. Шыңғысхан өз ұлдары Үгедей мен Шағатайды осы шаһарға талай мәрте аттандырып, талай рет жолы болмай қайтқан. Ақыры басым күшпен тiзе бүктiрген. Отырар билеушiсi Қайырханды Самарқандқа апарып өлтiредi.

Отырардың осы күнгi тарихи-археологиялық мұражайындағы құнды жәдiгерлер, табылған айғақ заттар, құжаттар көне тарихтан көп сырлар тартады. Отырар мұражайы республикамыздағы ең iрi этнографиялық шежiре орны болып табылады.

Әжептәуiр аумақты алып жатқан Отырар мұражайының алдыңғы фасадында Әбу Насыр Әл-Фарабидiң ескерткiш мүсiнi тұр. Мұражай Арыс өзенiнiң арналы жағасындағы ну тоғайға жапсарлас салынған.

Отырар археологиялық-этнографиялық мұражайының ғимараттық сыртқы көрінісі қандай болса, қос қабатты үйдің ішкі залдары мен бөлмелері де сондай көз тартады. Бұларда рет-ретімен орналастырылған археологиялық және этнографиялық экспонаттар сонау Сақ тайпаларынан бергі уақыт өткелдерінен сыр шертеді. III-VIII ғасырлардағы бұйымдар мен заттар, Қаратау қалдықтары, Тесіктастан табылған бала мүсіні, Хорезм, Бұхара ыдыстары, Құйрықтөбеден табылған дәу құмыра, X-XII ғасырдағы шыны, фарфор ыдыстар, су құбырлары, Сырдариядан Отырарды суландырып отырған инженерлік жүйелер тарих тылсымдарына жетелейді.

Сондай-ақ мұражайдағы Отырар қорғанысын бейнелеген көріністер, қоржын үй, ұстахана, қол диірмен, кетпен түрлері, сеңсең тон мен бөрік үлгілері, құндыз ішік, тұлып, саптама етік, тымақ, сәукеле, сырмақ, тағы басқалары көненің көзіндей көрініп, бабалар ғылымы мен өнерінің жетістіктерін паш етеді.

Кокшетау – Түркістан – Отырар – Көкшетау.

1990 ж.



Мазмұны

АЛҒЫСӨЗ	3
БҰЛ ҮЙДЕ САРА БАР МА, ШЫҚСЫН БЕРІ... ..	7
ШОҚАН – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӨР ШЫҢЫ	27
ӨР ЖЕРДЕ ҚИЯҚ ТІЛІ ҚЫЛПЫЛДАҒАН	36
КӨКШЕТАУДЫҢ КӨКЕНІ	47
ЖЫРҒА ОРАНҒАН ОЙ ОРМАНЫ	59
ЕЛІНІҢ ЕРКЕСІ ЕДІ ЕРКЕШ АҚЫН	68
«КӨТЕРШІ АСПАНЫҢА, КӨГІЛДІР КӨКШЕТАУ...»	75
АРҚАНЫҢ БҮТІНГІ БІРЖАНЫ	83
ӘН АСПАНЫНЫҢ ШОЛПАНЫ	89
«АРМАН ЖОҚ АЛАШ ҮШІН БОЛСАМ ҚАЗА...»	93
ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА	101
ҒЫЛЫМНЫҢ ШАПАҒЫН ШАШҚАН	106
АЗАМАТ АБЫРОЙЫ	113
ДИҚАН ЖОЛЫ	119
ҒИБРАТЫ МОЛ ЖЫЛДАР	127
ОРДАБАСЫДАҒЫ БАС ҚОСУ	132
II- ӘУЛИЕЛЕР МЕН БАБАЛАР БАСЫНДА	137

Жұмабай ЕСЕКЕЕВ

Фибрат

Дизайні әрі бет қаттаушы:
Асхат ШӘРІПБАЙ.

Басуға 02.04.2012 жыл қол қойылды. Офсеттік қағазы. Қаріп түрі «Times New Roman». Riso басылыс. Пішімі 1\8. Шартты баспа табағы 18. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Кітап «РахШын» баспа орталығында басылды.
020000. Көкшетау қаласы. Красная к-сі, 158/98
тел.: 8 (7162) 32-53-56.



Өмірдерек

Жұмабай Қабділмәжитұлы Есекеев 1939 жылы Көкшетау аймағындағы сал-серілер мекені атанған Айыртау ауданының (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы) Егіндіағаш ауылында туған. Сырымбет орта мектебінің түлегі 1963 жылы Алматыдағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін қырық жылдан астам облыстық газеттерде қызметістеді.

Өнерпаз Жұмабай Есекеев қаламгерлікпен қоса Арқаның Солтүстік өңіріндегі танымал өнер тарландарының ақындық, әншілік, жыршылық мұраларын да мирас еткен. Ол айтыскер ақын және жыршы ретінде талай мәрте облыстық, республикалық айтыстарға, жыршылар байқауларына қатысқан.

Жұмабай Есекеев «Айыртау арыстары», «Гибрат» атты прозалық және «Кеудемнің көкала үйрегі», «Жыр-домбыра» атты поэзиялық кітаптардың авторы. Президент Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерекелік медалімен және «Қазақстанның Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған.